әдебиеттерде прагматикаға берілген ұғымдарды былайша топтастыруға болады: 1) адам факторына басымдық беретін пайымдаулар; 2) прагмалингвистикалық зерттеулердің қызметтік құзіретіне, олардың мәнмәтіндік шарттылығына ерекше мән беретін қолданыстар; 3) тілдік қатысымның барысында коммуниканттардың бір-біріне әсер етуі тұрғысынан тиімділігін зерттеуге негіз болатын құрал; 4) белгілі коммуникативтік актіде көрініс беретін сөйленімдердің интерпретациялық мүмкіндігін ажыратып көрсетуші бірлік ретінде қарастырылған. Бұл жерде интерпретация деп сөйленімнің прагматикалық мағынасы ретінде алынып отыр [5, 58].

Н.Ф.Алефиренконың зерттеуінде «Такое понимание объекта и предмета коммуникативно-прагматической лингвистики предполагает исследование прагматических свойств языковых единиц в нескольких аспектах, связанных с а) субъектом речи, б) адресатом, их стремление к взаимному воздействию (особенно в диалогической речи) и в) ситуацией общения» [6,124], - деп түсіндіреді.

Демек, прагмалингвистика психология, философия, тіл ғылымдарын сабақтастыратын жаңа сала болып табылады. Лингвопрагматика – бұл белгілі бір коммуникативті-прагматикалық кеңістіктегі тіл бірліктерінің қолданысын, яғни сөйлеуші/жазушы немесе тыңдаушы/оқырман арасындағы сөйлеу актісінің уақыты мен орнын, мақсаты мен мүддесін анықтауға бағытталатын тіл білімінің саласы. Дегенмен, прагматиканы зерттеу барысында сұхбаттасушының сөйлеушіге ықпал етудегі әрекеттерін анықтау қажет болғандықтан алдымен адам құлықтары мен оны сипаттау механизмдері қоса зерттеледі, түсіндіріледі. Сондықтан прагматикалық зерттеулерде бірінші болып сөйлеу әрекетінің басты нысаны ретінде субъект – адам алынады. Себебі кез келген айтылған пікір, сұхбаттағы реплика немесе мәтін – сөйлеуші таратынан болатын тілдік құбылыс. Ал сөйлеу қатынасына қатысушылардың стереотипі, өмірлік тәжірибесі, аялық білімі экстралингвистикалық зерттеулермен толыға түседі. Осылайша екіжақты зерттеу (лингвистикалық, экстралингвистикалық) сөйлеушінің коммуникативтік ниетін айқындауға, сол арқылы айтылған пікірдің түпмәнін түсінуге мүмкіндік береді. Прагмалингвистика ғылымы осындай мәселелерді шешу үшін қажетті деп саналады [7, 275].

Прагмалингвистиканың аталмыш өзекті мәселелерін жіті зерттеген ресейлік және шетелдік ғалымдардың еңбегі бұл ғылымның пән ретінде дамуына елеулі септігін тигізді. Мысалы Э. С. Азнаурова, В. Г. Гақ, Г. В. Колшанский, И. П. Сусов.

Қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде прагмалингвистиканың өзекті мәселелері жан-жақты қарастырылды. Мәселен, М. Оразов сөз семантикасының прагматикалық аспектісін қарастырса [8,45], А. Алдашева публицистикалық ұғымдардың прагматикалық ерекшеліктерін, Б. Момынова газеттік лексиканың прагматикалық сипатын, З. Ерназарова сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық қызметін, Д. Әлкебаева қазақ тілі стилистикасының прагматикасын, С. Аташев бұқаралық ақпарат құралдарының прагматикасын, Ғ. Хасанов сөздің лексикалық мағынасы мен прагматикасын, Ф. Жақсыбаева газет мәтінінің прагматикалық функциясын қарастырса, Г. К. Ихсанғалиева тақырыпаттарға прагматикалық талдау жасаған.

Сондай-ақ, соңғы жылдары газет мәтінінің жекелеген жанрларына арналған зерттеулер де пайда болды. Мысалы, М. С. Абишева ақпараттық жазбаның құрылымы, семантикасы және прагматикасын диссертациялық деңгейде арнайы қарастырған.

Отандық зерттеушілер прагматиканың мүмкіндігін мәтін мен дискурс айырмашылықтарын зерттеуде жіті пайдаланады. Мәселен, қазақстандық зерттеуші Б. А. Ахатова дискурсты реципиенттер түсіндіретін коммуникативтік әрекет нәтижесі деп таниды да дискурс бойында прагматикалық қызметтің салмағы басымырақ болатынын атап өтеді. Яғни дискурс коммуникативтік әрекеттің жазбаша немесе ауызша түріндегі тілдік жемісі деп қорытындылайды. Б. А. Ахатова “дискурсты” актуалды сөйленіс әрекетімен, ал “мәтінді” тілдік жүйемен байланыстырады. Автор дискурсты қашанда нақты бір жағдайдағы нақты нысандарға қатысты нақты бір мәнмәтінде қарастыруды ұсынады [9, 42].

К. Садированың зерттеуінде дискурстың прагматикалық мүмкіндігі прагмалингвистика, функционалды лингвистика, лингвостилистика, формалды немесе бағдарлық лингвистика, лингвомәдениеттану тұрғысынан түрлі анықтамаларға ие. 1-жағдайда дискурс деп қарым-қатынасқа қатысушылардың ақпарат алмасудағы, бір-біріне әсер етуіндегі интерактивті әрекеті мен қарым-қатынастың вербалды емес түрлерінің коммуникативтік стратегия түрлерін пайдалану ретінде түсініледі [10,19].

Қ. Ө. Есенованың тұжырымынша, дискурсты прагматикалық түрде талдағанда коммуникативтік ситуацияға және оған қатысушыларға байланысты экстралингвистикалық, этномәдени факторларға және коммуниканттарға мақсат-ниеттері басшылыққа алынуы тиіс. Қандай да бір ақпаратты алғанда тыңдарман немесе оқырман мәтін авторының сол мәтінді дайындаған сәттегі қиял-дүниесін елестетуге тырысады. Басқаша айтқанда, дискурсты түсіну бөгде адамның ойлау дүниесіне еріксіз және ерікті түрде ену деуге болады. Ал өз кезегінде адресант сол дүниені керекті нұсқада жасау үшін тілдегі семантиканың барлық мүмкіндіктерін пайдаланады [11, 16].

Ф. Жақсыбаеваның зерттеуінде: «Кез келген тілдік қарым- қатынастың барысында оған қатысушылар тілдік құралдар арқылы бір-біріне ықпал етуге тырысатындығы белгілі. Прагмалингвистика тіл білімінде тілдік қарым-қатынасқа қатысушының тілді қандай мақсатта қолданып тұрғандығын зерттейді. Сондай-ақ прагматика тілдік құралдарды коммуниканттардың сана-сезіміне, іс-әрекетіне әсер ету мақсаты тұрғысынан қарастырады» делінеді [12, 13].

Белгілі бір ойын жеткізу үшін адам адресатқа бағдарланған белгілі бір әрекетті жүзеге асырады. Осы әрекет сөйлеушінің мақсатымен, ниетімен тікелей байланысты болады. Прагмалингвистикада ол сөйлеу акті, сөйлеу әрекеті деп аталады. Сөйтіп аталмыш ғылымның терминологиялық аппаратын құрайтын негізгі ұғымдарға: қатысымдық жағдаят, адресант, адресат, интерпретация, сөйлеу акті және пресуппозиция жатады.

Кез келген сөйлеу әрекетіне белгілі бір жағдаяттар себеп болады. Осындай қажеттілікке орай адам сөйлеуге және екінші бір адаммен сөйлесуге мәжбүр болатыны белгілі. Осындай жағдаяттардың жиынтығын қатысымдық жағдаят ұғымы құрайды. Қатысымдық жағдаят барысында коммуниканттар өзара әрекеттеседі.

Адресант – мәтінді тудырушы автор. Адресат – мәтінді қабылдаушы оқырман. Интерпретация – автор тарапынан мәтіннің дүниеге келуі, оқырман тарапынан оның қабылдануы, яғни мәтінде қатталған мазмұнды ашу, айқындау, ғаламның индивидуалды тілдік бейнесіндегі көрінісін концептілік деңгейде қабылданатын күрделі процесс.

Пресуппозиция – адресант пен адресаттың ортақ білімдер жүйесі, әр адамның аялық білімінің негізінде қабылданатын ой.

Сөйлеу актісі – белгілі қоғамдық ортада қалыптасқан сөйлеу принциптері мен ережелеріне сай, арнайы мақсатта жүзеге асырылатын сөйлеу әрекеті. Сөйлеу актісінің негізгі белгілері: белгілі бір мақсат көзделетіндігі, қалыптасқан дәстүрге сай шарттылық сипаты болатындығы]. Біздің зерттеуіміз прагмалингвистиканың зерттеу нысаны болып табылатын барлық бірліктердің прагматикалық ерекшеліктеріне арналатын болғандықтан мерзімді баспасөздегі прагматикалық ықпал, әсерлер туралы нақтырақ айтатын боламыз. Мерзімді басылымға мақала жазған автор оқырманға прагматикалық әсер етуі үшін қолданатын тіл бірліктерінің мазмұнында прагматикалық әлеует болуын қадағалайды. Бұндай мәтін прагмема деп аталады. Прагмема (негізінен тұтас мәтін) құрамында айтылмақ ақпараттың заттық-логикалық мағына элементтері ғана емес, автордың қабылдау сипатынан туындаған коннотаттық компоненттер де (эмоционалды, стилистикалық, ассоциативті-бейнелі элементтер) қатысады. Мысалы, *Портфель ұстағандардың бәрі шіреніп, өздерін құдайдай көретін болды. Ондайлар әдетте, қолынан іс келетін қабілетті жандарды емес, өздерін өтірік мақтап, арттарына көпшік қоя сөйлейтін жағымпаздарды жандарына жинауға құмар* (А., 12 шілде 2016) деген сөйлемде портфель ұстағандар оқырманның көз алдына шенеуніктің сыртқы болмысын, имиджін елестетеді. Осылайша санада стереотиптелген бұл түсінік шенеунік ұғымын әсірелеп, әсерлі жеткізуден туындаған

прагмема болып саналады. Сондықтан мерзімді басылымдарда экспрессивті реңкі бар бейнелі қолданыстар стилистикалық тұрғыдан емес, прагматикалық әлеуеті болғандықтан таңдалып алынады. Соның ішінде көпшілікке етене таныс фразеологизмдер мен тұрақты теңеулер немесе жеңіл метафоралар алынады. Себебі оқырман стереотипіне сәйкес келетін прагмемалардың прагматикалық жасырын мазмұны тез түсініледі. Мерзімді басылымдарда қолданылатын стереотиптердің мәртебесі тұтас мәтін ретінде емес, айтылмақ ой түрінде қабылданатындығында. Өйткені стереотипті қолданыс мазмұнындағы пайымды пікір прагматикалық мүддесі бар ақпараттың мазмұнын вербалды коммуникацияда әсерлі жеткізеді. Сондықтан стереотипті прагмемалардың прагматикалық сипаты оның құрамындағы репрезентацияланған әсерлі мүшелерінің көмегімен адресатқа эмоционалды ықпал жасауда тиімді тәсіл болып табылады. Мәселен, *Кейбір билік бұтағында қонақтап отырғандар Парламентте Жер туралы Заң қабылдап, оны тауар ретінде сатпақ көрінеді* (Е.Қ., 16 наурыз 2016). Бұл сөйлемдегі *билік бұтағына қонақтап отырғандар* деген тіркес мақал да емес, фразеологиялық бірлік те емес. Бірақ заң шығарушы лауазымды тұлғалардың, Парламенттегі қаздай тізілген креслоларға тізбектеле отырған депутаттардың болмысын визуалды түрде бұтаққа қатарласа қонақтаған құстарға теңеген журналист оқырманның ассоциациялық түсінігіне сай бейнелеп жеткізді. Демек, бұл прагматикалық қолданыс автордың прагмема жасай алушы тілші екенін, стереотиптерді бейнелі вербалдай алатын шебер қаламгер екенін таныта алды.

Демек, прагмема сөйленіс субъектісінің, яғни автордың оң немесе теріс пікірін әлеуметтік орта қабылдайтын жағымды немесе жағымсыз эмоциямен сәйкестендіре отырып, коммуникативтік мақсатын құруға бағыттайтын вербалды қолданыс.

Газетті-публицистикалық кеңістікте сөйленіс жанры тек лексемалармен ғана емес, сөйленіс субъектісінің менталды пайымдауларын дәл жеткізуді көздейтін фразалармен толығады. Сондықтан автордың танымындағы «ақиқат бейнені» беруде бірнеше қабатталған имплицитті прагмемалар қолданылуы мүмкін. Бұндай жағдайда бағалау шкаласына, әсірелеу шегіне шектеу қойылмайды. Мысалы, бір мақаланың өзінде тұлғаны сипаттау немесе оның қоғамдағы әрекеттеріне баға беруде мынадай стереотипті прагмемалар қолданылады.

ТҰЛҒА: саусағынан бал тамған, ізгі данышпан, періште, пір, бас июші, көшбасшы, дарын, тұма, шебер, // топас, дүмше, жексұрын, сұм, сайқымазақ, қылжақбас, ақымақ, қуақы, озбыр, алаяқ, азғырушы, бақталас, қарақшы, күңкілдек, жалқау, жәдігөй, масыл, әлпешті, жекешелендіруші, стратегиялық әріптес, отаршыл елдің атқосшысы, Билік идеологиясының бұлбұлы т.б.

Прецедентті атаулардан құралған тұлға бейнесін сомдауда қолданылатын стереотипті прагмемалар: *Шықбермес Шығайбай, Алдаркөсе, Асанқайғы, Қожанасыр, Беларусьтің батықасы, Коммунистердің көсемі Ленин.*

Кірме стереотипті прагмемалар – *деспот, тиран, вандал, ипохондрик, фаворит, културтрегер.*

САПА: сындарлы саясат, соқыр саясат, ұлтбездер орта, су жұқпас саясат, өткір мәселе, өткір пікір, өткір саясат, өткір билік, өткір қаулы, өткір үкім, салиқалы саясат, солақай саясат, сұрқия саясат, өктем саясат, кешегі қызыл саясат.

НЫСАН: саяси науқан, сауда соғысы, ақпараттық соғыс, шекара кілті, саясаттың кілті, байлықтың құлы, билік қуаты, саяси күрес, саяси сахна биліктің санасы, көк қағаздың құлы, саясаттың тізгіні, саясат жемісі, саясаттың алтын арқауы, саяси арена, саясаттың бетпердесі, татулық діңгегі, саясат салқыны, саясат шымылдығы, тәуелсіздік тізгіні.

ҮДЕРІС: оралмандар ұлиды, парламент ұлиды, қара халық ұлиды, дара билік дәуірі, саяси жағымпаздану, доллар дүмпүйі, саясаттың сойылын соғу, саясаттың ұңғыл-шұңғылын жетік білу, саясаттың жілігін шағу, саясаттың ығына есу, саясаттың қылтың-сылтыңы, саясаттың ырқына берілу.

ҚОРЫТЫНДЫ

Демек, адам психикасында оның ойы мен құлқын реттеуші тірек – бұл ішкі талап уәжін басқаратын тетік болып саналса, онда газет мәтіндерінде берілетін ақпараттар мен оның берілуін қамтамасыз ететін прагматикалық мүдделер осы уәжді тетікке негізделуі тиіс. Демек, прагматиканың өзі адам психикасына әсер етудің тілдік формасы деп жалпы қорытындыға келуге болады. Олай болса, оқырман ойынан шығып, оның уәжді талабын орындай алған адресанттың (ақпарат жіберушінің) қажеттілік пен уәжді мәтін құрамында бірегей жүйелендіре алатын қабілеті бар деген сөз. Прагмалингвистикалық тұрғыдан алғанда, мерзімді баспасөз тіліндегі стереотиптік прагмемалардың қолданысы автордың аялық білімі мен оны қабылдайтын адресанттың когнитивтік құзіреттілігі пара-пар келген жағдайда сәтті коммуникативтік акт орнатуға болатын медиақолданыс деп танылады. Сол себепті соңғы жылдары мерзімді басылым мәтіндерін когнитивті лингвистика аясында қарастыруға айрықша мән берілуде. Онда стереотипті қолданыстар сырттан келіп түскен ақпаратты бейнелейтін (репрезентациялаушы) және онда жасырынған мәліметтердің кодын ашу үшін қолданылатын когнитивті құрал ретінде танылады. Сонымен, қорыта келгенде, заманауи тілдік тұлға бұқаралық ақпаратты тарататын медиамәтін кеңістігінде қалыптасады. Бұл жаңа ақпараттық кеңістік пен ондағы коммуникативтік өнімдердің өзіндік ерекшелігі бар. Медиамәтіндер үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі шынайы оқиғаларды қосымша ақпараттық-мәдени мазмұнын үстемелей отырып хабарлайды. Осындай жаңа мәтіндердің тақырыптық және мазмұндық кодын тану үшін ақпаратты тұтынатын реципиенттің білімі мен тәжірибесі жеткілікті дәрежеде адресантпен тең болуы керек. Медиамәтіндер айтылмақ ойдың фактологиялық, деректі мәліметтерімен емес, адресатқа ықпал ететін, тілді ойнататын сан түрлі ішкі мәтіндермен толығады. Бұндай мәтіндерді қабылдау дайын емес коммуникант үшін қиын болады, себебі оны түсіну бірден мүмкін бола бермейді, жан-жақты білімді қажет етеді. Демек, мерзімді басылым мәтіндері де, медиамәтіндер де адресанттың танымына қолайлы прагматикалық тәсілдерді қолдануды мақсат етеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Матвеева Г.Г. Количественное употребление языковых единиц как форма активизации нюансов смысла в скрытой прагмалингвистике. – *Language and Communication Journal*. – Rostov-on-Don, 2001. – Issue 1. 89-92 p.
Matveyeva G.G. Kolichestvennoe upotreblenie yazykovyih edinit kak forma aktivizatsii nuansov smysla v skrytoi pragmalingvistike. – *Language and Communication Journal*. – Rostov-on-Don., 2001. – Issue 1. 89-92 p.
- 2 Матвеева Г.Г. Функциональная и скрытая прагмалингвистика. – Функционально-системный подход к исследованию языковых единиц разных уровней: материалы Межвуз. науч. конф., посвящ. юбилею доктр филол. наук, проф. Ю. Н.Власовой. – Ростов на Дону., 2004. – 85-87 с.
Matveyeva G.G. Funkcional'naya i skrytaya pragmalingvistika. – *Funkcional'no-sistemnyi podhod k issledovaniu yazykovyih edinit raznyih urovnei*. – Rostov-on-Don., 2004. – 85-87 s.
- 3 Арутюнова Н. Д. Прагматика. – М.: Сов. энциклопедия, 1990. – 136 с.
Aruitanova N.D. Pragmatika. – M.: *Sovetskaya ensyclopedyia*, 1990. – 136 s.
- 4 Апресян Ю. Д. Прагматическая информация для толкового словаря. – М., 1988 – 425 с.
Apresyan Yu. D. Pragmaticheskaya informatsiya dlyia tolkovogo slovaryia. – M., 1988. – 425 s.
- 5 Апресян Ю.Д. Коннотация как часть прагматики слова. – М., 1995. – 767 с.
Apresyan Yu. D. Konnotatsiya kak chast pragmatic slova. – M., 1995. – 767 s.
- 6 Алефиренко Н.Ф. Современные проблемы науки о языке. – М., 2005. – 412 с.
Alefirenko N.F. Sovremennyye problemy nauki o yazyke. – M., 2005. – 412 s.
- 7 Сейдалиева Г.О. Тіл біліміндегі лингвопрагматикалық зерттеулер. – Алматы., 2016. – 272-276 б.

- Seidaliyeva G.O. Til bilimindegi lingvopragmatikalyk zertteuler. – Almaty., 2016. – 272-276 b.*
- 8 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы., 1991. – 211 б.
- Orazov M. Kazak tilinin semantikasyny. – Almaty., 1991. – 211 b.*
- 9 Ахатова Б.С. Политический дискурс и языковое сознание. – Алматы, 2006. – 42 с.
- Akhatova B.S. Politicheskiy discours i yazykovoye soznanie. – Almaty., 2006. – 42 s.*
- 10 Садирова Қ.Қ. Қазақ тіліндегі көп пропозициялық дискурстың құрылымдық негіздері. – Ақтөбе., 2008. – 19 б.
- Sadirova K.K. Kazak tilindegi kop propozitsiyalyk discurstyn kurylymдыk negizderi. – Aktobe., 2008/ – 19 b.*
- 11 Есенова Қ.Ө. Медиалингвистика: мерзімді баспасөз тілін зерттеудің прагматикалық аспектісі. – Алматы, 2015. – 153 б.
- Yessenova K.O. Medialingvistika: merzimdi baspasoz tilin zertteudin pragmalingvistikalыk aspektisi. – Almaty., 2015. – 153 b.*
12. Жақсыбаева Ф. Шәкәрім шығармаларындағы прагматикалық ерекшеліктері басым тілдік амалдар. – Алматы., 2014. – 13 б.
- Zhaksybayeva F. Shakarim shygarmalaryndagy pragmatikalыk erekshelikteri basym tildik amaldar. – Almaty., 2014. – 13 b.*

Материал 04.02.2020 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Matveyeva G.G. Quantitative use of language units as a form of activation of nuances of meaning in hidden pragmlinguistics. – Language and Communication Journal. – Rostov-on-Don., 2001. – Issue 1. 89-92 p.
- 2 Matveyeva G.G. Functional and concealed pragma linguistics. – Functional-system approach to the study of language units at different levels: materials of the Inter-university scientific conference dedicated to the anniversary of doctor of Philology. Prof. Yu. N. Vlasov. – Rostov-on-Don., 2004. – 85-87 p.
- 3 Aruitanova N.D. Pragmatics. – М.: Soviet encyclopedic, 1990. – 136 p.
- 4 Apresyan Yu. D. Pragmatic information for an explanatory dictionary. – М., 1988. – 425 p.
- 5 Apresyan Yu. D. Connotation as part of the word's pragmatics. – М., 1995. – 767 p.
- 6 Alefirenko N.F. Modern problems of the science of language. – М., 2005. – 412 p.
- 7 Seidaliyeva G.O. Linguopragmatic research in linguistics. – Almaty., 2016. – 272-276 p.
- 8 Orazov M. Semantics of the Kazakh language. – Almaty., 1991. – 211 p.
- 9 Akhatova B.S. Political discourse and language consciousness. – Almaty., 2006. – 42 p.
- 10 Sadirova K.K. Structural foundations of multi-position discourse in the Kazakh language. – Aktobe., 2008. – 19 p.
- 11 Yessenova K.O. Media linguistics: a pragmatic aspect of studying the language of periodicals. – Almaty., 2015. – 153 p.
- 12 Zhaksybayeva F. Pragmatic features of language means in Shakarim's works. – Almaty, 2014. – 13 p.

Прагмалингвистика и объект ее исследования

Г.О.Сейдалиева¹, Р.К. Адилбаева²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, 050010, Республика Казахстан

²Университет Ахмеда Ясави, г.Туркестан, 161200, Республика Казахстан

Любой коммуникативный процесс имеет информационно-психологическое воздействие. Прагматика в разговоре с партнером заставляет потратить все тактики речи и фоновые знания, чтобы достичь цели, выполнить внутреннее мышление, даже

проявлять эмоции и аффективность. Поэтому в области прагмалингвистики рассматривается необходимость языкового общения с какой коммуникативной стратегией, узнав о сущности интенции в любом акте. В данной статье рассматривается акцент на коммуникативных процессах и контекстуально зависимых принципах использования этой системы в бесконечном множестве разнообразных актов языкового общения. В статье также говорится о том, что для нее язык не просто устоявшаяся система знаков или совокупность его функциональных вариантов типа литературного языка, просторечия, диалектов и т.п., а гибкий способ знаковой репрезентации опыта и коммуникативного взаимодействия между членами данного социокультурного сообщества в любой конкретной ситуации.

Материал поступил в редакцию журнала 04.02.2020

Pragmalinguistics and its research object

G.O. Seidaliyeva¹, R.K. Adilbaeyva²

¹Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan

²Ahmet Yassawi University, Turkestan, 161200, Republic of Kazakhstan

Any communication process has an informational and psychological impact. Pragmatics in a conversation with a partner forces you to spend all the speech tactics and background knowledge to achieve the goal, perform internal thinking, even show emotions and affectivity. Therefore, in the field of pragmalinguistics, the need for language communication with any communicative strategy is considered, after learning about the essence of intention in any act. The pragmatic turn meant that now the focus on living language in action, in the diversity of its functions and socio-functional functions. The article also says that for it language is not just an established system of sign or a set of functional variants, such as literary language, common speech, dialects etc., but also a flexible way of sign representation of experience and communicative interaction between members of a given socio-ethnocultural community in any specific situation.

Received: 04.02.2020

УДК 81'1:811.161.1

З.А. Умирзакова

к.ф.н., доцент, Университет Международного Бизнеса, г.Алматы, 050010, Республика Казахстан, <https://orcid.org/0000-0001-9690-2241>

СТРАТЕГИИ КОММУНИКАТИВНОГО ВОЗДЕЙСТВИЯ В РАМКАХ СЛОЖНОГО КОММУНИКАТИВНОГО АКТА

В статье говорится о различиях речевого воздействия на коммуниканта разных типов дискурса, проводится экскурс в историю исследования разных типов дискурса и его речевого воздействия. В казахстанской лингвистике исследователями рассмотрены особенности газетных, официально-деловых, научных текстов, несущих основную функцию воздействия на адресата. При этом в качестве одного из главных средств, выполняющих функцию воздействия на адресата, выделяют коммуникативные тактики, характерные казахской лингвокультуре. По словам исследователей, коммуникативные тактики в процессе коммуникативного акта способствуют достижению коммуникативной цели, поскольку в процессе коммуникативного акта лежит целевая установка говорящего. В данной работе автор выявляет коммуникативные тактики сложного коммуникативного акта на примере

отрывка из романа М.Ауезова «Путь Абая», раскрывает цель стратегий коммуникативного воздействия через коммуникативные тактики, выявляет степень реализованности каждой из коммуникативных тактик в сложном коммуникативном акте.

Ключевые слова: коммуникативная тактика, речевое воздействие, сложный коммуникативный акт, коммуникативная цель, дискурс, адресат.

ВВЕДЕНИЕ

В любом акте общения коммуникант преследует определенные неречевые цели, направленные на изменение деятельности слушающего: побудить начать, продолжить или завершить какую-либо деятельность, повлиять на его решения, изменить представления коммуниканта о мире и т.д. При этом указанная целеустановка коммуниканта может быть осознанной, а может и не осознаваться им. В силу этого ряд исследователей отмечают различия в степени воздействия на второго коммуниканта разных типов дискурса. Так, Р. Лакофф выделяет персуазивный тип дискурса, т.е. неравноправный дискурс, в рамках которого осуществляется осознанное воздействие говорящего на слушающего [1, 27]. К персуазивному дискурсу исследователи относят такие виды дискурса, как лекция, политическая риторика, психотерапевтическая беседа, в которых функция убеждения прослеживается отчетливо и реализуется через подбор как языковых единиц, так и невербальных средств, соответствующих цели коммуникации.

В основе коммуникативного воздействия лежит целевая установка говорящего, выступающего в роли субъекта речевого воздействия. Речевое воздействие многими исследователями понимается как «однонаправленное речевое воздействие, содержанием которого является социальное воздействие на говорящего в процессе общения» [2, 46].

Однако существует и другая точка зрения, когда коммуникативное воздействие рассматривается как взаимодвуправленный процесс. Так, И. Ларсен считает, что убеждение – это совместная идентификация, которая происходит при использовании символов говорящим (здесь под символами понимается язык как семиотическая система), причем в указанном процессе участвуют оба – говорящий и слушающий [3, 46]. Аналогичная идея была изложена А. Н. Барановым в связи с исследованием проблемы аргументации. Анализируя с когнитивной точки зрения процесс общения на естественном языке, автор «дефинирует аргументацию как совокупность процедур над моделями мира... участников ситуации общения» [4, 11]. Автор пишет: «... суть категории речевого воздействия заключается в таком коммуникативном использовании языковых выражений, при котором в модель мира носителя языка вводятся новые знания и модифицируются уже имеющиеся, т. е. происходит процесс онтологизации знания» [там же, 12].

В работе понятия и термины «стратегия коммуникативного воздействия» и «коммуникативная тактика» используются в трактовке стратегии как совокупности речевых действий, направленной на решение общей коммуникативной задачи говорящего, а под речевой тактикой подразумевается одно или несколько речевых действий, которые способствуют реализации стратегии [5, 109, 110].

Поскольку в казахстанской лингвистике не так много исследований по коммуникативным тактикам на материале сложных по структуре и содержанию объемных речевых актов, мы сочли возможным подвергнуть их лингвокогнитивному и лингвокультурному анализу на основе художественного текста.

Сложный коммуникативный акт характеризуется: 1) наличием одной коммуникативной главной цели и несколькими второстепенными целями, способствующими раскрытию главной цели; 2) использованием коммуникативной ситуации и коммуникативных тактик, зависящих от множества факторов, а именно, от цели общения, базы знаний, принадлежности к определенной национальной культуре, ситуации и сферы общения, жанра текста и т.д. [6, 339].

Все эти компоненты крайне важны в сложном коммуникативном акте и в большинстве случаев заранее обдумываются, обосновываются инициатором коммуникации.

Стратегии речевого воздействия, анализируемые в данной работе, реализуются через конкретные коммуникативные тактики и определенный набор языковых единиц.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Для анализа стратегий речевого воздействия сложного коммуникативного акта нами был выбран отрывок из романа М.О. Ауезова «Абай жолы», в котором описана ситуация, когда к Абаю обращаются представители двух крупных родов (Керей и Сыбан) для разрешения затянувшегося конфликта по поводу девушки Салихи из рода Керей.

1. Уай, жағалай жұртым! Керей – Найман елім!

2. Ортаңа мені қойыпсың. «Тетігімді тап, танымымды бер» деп қойыпсың. «Сыңға салдым, жарықшағым жамау бол, сына бол» деп сеніпсің. Арылып өтер жөнім бар. 3. Бір айтарым: Тобықтыдан туғаныммен, екі бауыр, екеуіңнің ісіңе Тобықтының тұрғысынан қарар деме. 4. Тағы бір айтарым бар: қазақта жесір дауы – жеті ықылымнан келе жатқан дау. Заман азып-тозатыны рас па? Содан ба? Болмаса дау біреу болғанмен, дауа көп болғандықтан ба! Әйтеуір, біздің тұсымызда, дәл осы заманымызда бұл дау халыққа сын болғандай. Келеге сын, нәсілге сын болғандай деп түсінемін. Міне, ағайын, сенің алдында өзіме осында асу қып атаған екі тұрғым бар. 5. Айтар билігімнің қыбыласын осыдан ұқ дер ем. Бұдан басқа баспалап бағар өзге есебім жоқ. 6. Әуелгі түйін – Салиқа қыз басы. 7. Жақсы жол – елге жора. Мен баяғың нені желеу, нені жамау тапқанын білемін. Жаңа ұрпақ жаңа тілекпен келеді. Жас боп туып, жетпестенкүңіреніп өтем деп келмейді. Жаңа күн өзінің жаңа жорасын, жаңа тілегін жас көңілімен айтады. Оған құлақ ілмеген елдіктің дауасын таппай, аласын табады. 8. Бұл қыз болса, тағдыры бір жазалаған қыз. Теңінен айрылып, тілегінен кесілген қыз. Ата-анасы, қайын жұрты бір атаған орнынан жас көңілін тапжылтпай табылған-ды. Бірақ бір өмірге екі өлім бұйырған Тәңір тағдыры да жоқ. Сабатар тілегі сол қыз басына екінші өлімді қанды нөқта қып ұсынып отыр. Бұл ақ нөқта емес, қайта айтамын, қан нөқта. Қыз өлімге бар, бұл өмірге жоқ. 9. Жиын отырған жұрт, бәрінде апа-қарындас, қыз-қыршын бар. Төрт арыстың жиыны жора болсын деймін кейінгіге. 10. Бір жанға екі күймек – әділет емес. Бір қыздың екі сатылмағы – жол емес. Алғашқыда саған берген еркін, халық, енді қыздың өзіне бересің. Қыз басы Сыбаннан азат. Бұл – менің бірінші байлауым! – деп, 11. Абай соңғы сөздер тұсында үнін қатайтып, зілмен құлшына түйді. Тоқталмастан екінші сөзіне ауысты. – Сыбанда да жазық жоқ. Өлім – ел жазасы емес, ер қазасы, дауа жоқ. Мал бергені, ақ тілекпен қызығын күткен анық еді. Бірақ өлім орнын өз олқысымен толтыру керек. Салиқа қыздың қалыңмалы жеткен, ақы адал мал болатын. Керей, оны алдың. Бір алмадың, екі алдың. Басында алғаш алған қалыңмалың да аз емес еді. Елу түйенің пұлы. Кейін қызынды ықтиярына қарамай, «қартаң кісіге барады, қатын үстіне барады» деп сылтауратып тағы алдың, тағы да көп алдың. Бұл тұста Сыбан жазықты емес, араныңды ашқан, Керей, сен жазықтысың. 12. Ендеше, адал бата, ақ малдың орайына, қыз иесі Керей Сабатарға екі қыздың қалыңмалын берсін. Алғаш алғаны екі түйе, кейін еселеп алғаны жиырма бес түйе екен. Мен әрі Сыбан алдындағы, әрі өзінің қызының алдындағы жазығы үшін Керейге тағы жиырма бес түйе айып кестім. Сүйтіп, Керей екі қыз қалыңмалын жүз түйе қып қайырады. 13. Қожагелді мен Шақантай, Сыбан алдында айыпта екі ата тең тартады. Бұл – екінші түйін. Мен бес күн бойында, осы қыз дауынан туған шығын-шабуылдың екі жағын да шолып танып, қолыма жиып отырмын. Барымта, қуғын үстінде Керейден екі жүз жылқының ақысы Сыбанға ауысқан. Жүз жетпіс жылқының тобы Керейге ауысқан. Сол барымта малы, көзі барының көзі боп, көзі жоғы әр жылқының тұяғы бір бесті боп, екі жаққа ерсілі-қарсылы қайта ауыссын. 14. Міне, ағайын, ел бірлігінің тілегінен туған менің талабым, тоқтау сөзім де осы! Мен болдым! – деді.

Речь Абая начинается с обращения *жұртым*, эта лексема примерно соотносима с русским словосочетанием «*мой народ*».

Использование *жұрт* в притяжательной форме 1 л. ед.ч. показывает, что говорящий считает себя частью сообщества *жұрт*, следовательно, он разделяет все проблемы этого сообщества. Далее следует второе обращение, в котором название сообщества конкретизируется: это названия родов Керей, Найман, причем с определением *елім*, которое вносит в обращение семантику родственно-теплых отношений, поскольку *ел* – это родина, это родственники, это земля предков, которая тебя взрастила, воспитала душу, ум, придала силы для жизни в большом мире. Используемые обращения определяют характер личности говорящего как человека неравнодушного, который подходит к решению конфликта глубоко, неформально.

Использование лексем *ел*, *жұрт* в притяжательной форме 1 л. ед. ч. является показателем коммуникативной тактики – сокращение коммуникативной дистанции между Абаем и истцами – представителями родов Керей и Сыбан.

Далее Абай открыто формулирует цель коммуникации, которая была поставлена не самим Абаем, а обратившимися к нему представителями конфликтующих родов как «найти разумное и справедливое решение конфликта». В данном случае дискурс приобретает характер публичного обсуждения в духе юридического дискурса, но с элементами разговорного общения. Далее автор обещает выполнить возложенное на него поручение.

В следующей части текста говорящий, используя тактику прогнозирования, предостерегает слушающих, во-первых, о недопустимости трактовки его решения в пользу рода Тобықты, к которому принадлежит сам Абай. Глубинный смысл слов «*Тобықтыдан тұғаныммен, екі бауыр, екеуіңнің ісіне Тобықтының тұрғысынан қарар деме*» слушающие воспринимают с позиции единства и общности казахского народа, к которому неоднократно призывал Абай, как в своих поэтических произведениях, так и в каждодневной жизни. «Әкеңнің баласы болма, халықтың баласы бол!» – это кредо Абая реализовано и в данном публичном выступлении.

Вторая тактика – использованная на этом этапе выступления – это тактика подчеркивания значимости конфликта вдов (*жесір дауы*), которая относится к числу наиболее сложных и не имевшая до сего времени общепринятых и удовлетворяющих всех решений. Конфликты подобного рода, в конечном счете ведут к ослаблению единства народа.

Далее автор использует тактику прогнозирования, утверждая, что именно сейчас настало время формирования общего однозначного отношения к этим конфликтам. Именно от этого зависит будущее народа.

Пятая часть текста представляет собой подведение итогов предыдущего изложения, здесь использована тактика структурирования информации: Абай подчеркивает, что предлагаемое им в дальнейшем решение учитывает указанные два момента.

Шестой отрывок основан на тактике подчеркивания искренности и бескорыстности Абая, которыми тот руководствовался при принятии решения по конфликту.

Следующий седьмой отрывок начинается с аксиоматического утверждения, что хорошее решение – это путь, указывающий народу, в каком направлении следует идти, развиваться *Жақсы жол – елге жора*. И вся последующая часть этого микротекста служит аргументом к данному утверждению. Здесь использована тактика противопоставления: восприятия одной и той же ситуации старшим и младшим поколениями. При этом наблюдается асимметрия: позиция старшего поколения общеизвестна, поэтому Абай ограничивается общей констатацией факта: «*Мен баяғың нені желеу, нені жамау тапқанын білемін*». Основное внимание говорящий уделяет позиции молодого поколения, поскольку в традиционной культуре казахов интересы молодого поколения не учитывались. Абай же здесь метафорически обозначает будущее в виде молодого поколения: «*Жаңа күн өзінің жаңа жарасын, жаңа тілегін жас көңілімен айтады*».

Интерес представляют активное использование прилагательных *жаңа кун, жаңа ұрпақ, жаңа тілек, жаңа жора, жас көңіл, жас ұрпақ*. Все предложения построены по единой схеме, в основе которой лежит утверждение бытия определенной ситуации, состояния.

Седьмая часть основана на тактике предостережения: народ, который не прислушивается к мнению молодых, не вникает в их проблемы, ожидают серьезные конфликты.

Далее следует поворот темы коммуникации ближе к конкретному лицу: *«Бұл қыз болса, тағдыры бір жазалаған қыз»* и затем кратко характеризуется суть конфликта: судьба девушки сломана, поскольку она лишилась жениха и, не выйдя замуж, уже стала вдовой, ее родственники и родственники жениха хотят заставить выйти замуж за родственника со стороны жениха, намного старше ее по возрасту и уже имеющего нескольких жен.

Десятая часть содержит обоснование решения Абая, приводятся аргументы к логике: *бір өлімге екі өлім болмайды, бір қыздың екі сатылмағы – жол емес*; аргументы к факту: *«қыз өлімге бар, бұл өмірге жоқ»*; использована тактика апелляции к авторитету: *«Бірақ бір өмірге екі өлім бұйырған Тәңір тағдыры да жоқ»*, сопряженная с тактикой противопоставления, а именно; следующее предложение: *«Сабатар тілегі сол қыз басына екінші өлімді қанды нөқта қып ұсынып отыр»* противостоит по содержанию предыдущему. Говорящий подчеркивает семантику лексемы *нөқта*, связав его с прилагательным *қан*. Абай далее повторяет мысль о том, что нельзя дважды наказывать одного человека, дважды обречь одного человека на смерть, но уже используя тактику смены кадров, максимально приблизив обсуждаемую ситуацию к другим коммуникантам, чтобы каждый из слушающих на себе прочувствовал и пережил все то, что чувствовала и переживала Салиха: *«Жиын отырған жұрт, бәрінде де апа-қарыдас, қыз-қырышын бар»*. Завершая обсуждение судьбы девушки Салихи, Абай дважды повторяет свой аргумент к логике в разных языковых вариациях: *«Бір жанға екі күймек – әділет емес. Бір қыздың екі сатылмағы – жол емес»*. И, обращаясь ко всем собравшимся, Абай, наконец, оглашает вердикт: девушка свободна, она вольна сделать свой выбор.

Следующую свою часть своего решения, касающегося взаимоотношений и взаиморасчетов между родом невесты и родом жениха, Абай начинает с оправдания рода жениха, приводя аргументы к фактам: «род Сыбан не виноват в том, что жених скончался. Он в свое время полностью выплатил калым. Род Керей получил этот калым, да еще не единожды, а дважды. Первоначальный калым был не маленьким – стоимостью пятидесяти верблюдов. Под предлогом, что девушка выходит за пожилого, да еще имеющего нескольких жен», род Керей получил дополнительный калым, и снова немалый. В этот раз не род Сыбан виноват, а виновен род Керей, виновен своей ненасытностью.

Использованная тактика опоры на факты позволяют Абаю прийти к обоснованному решению: род Керей должен вернуть роду Сыбан двойной калым.

Далее Абай прибегает к тактике объяснения от общего к частному. Поскольку имущественные, финансовые взаиморасчеты должны быть понятны всем истцам, Абай еще раз доходчиво разъясняет, из чего складывается сумма двойного калыма в размере ста верблюдов, в которую входит еще возмещение за моральный ущерб, причиненный родом Керей, как роду Сыбан, так непосредственно самой девушке Салихе.

Далее, опираясь на тактику структурирования информации, Абай произносит: *«Бұл екінші түйін»*.

И, наконец, Абай выносит решение по поводу взаимных претензий, связанных с угоном скота между двумя родами.

Завершает свою речь Абай подытоживанием, еще раз подчеркивая целеустановку своих решений: *«Міне, ағайын, ел бірлігінің тілегінен туған менің талабым, тоқтау сөзім де осы! Мен болдым!»*.

ВЫВОДЫ

Таким образом, проведенный анализ показывает, что сложный по своей структуре и содержанию коммуникативный акт направлен на решение нескольких задач. Главная цель – найти правильное и оптимальное решение конфликтной ситуации. Для достижения этой цели были выбраны несколько стратегий коммуникативного воздействия, а именно, стратегия информирования, стратегия внушения, стратегия убеждения.

Каждая из упомянутых стратегий реализовалась через конкретные коммуникативные тактики и определенный набор языковых единиц.

Стратегия информирования была воплощена в восьмой части коммуникации, где вроде бы известная собравшимся информация об истоках конфликта была структурирована и подана с изменением акцентов, поскольку в предшествующих частях Абай неоднократно озвучивал мысль, что обществу необходимо прислушиваться к новым веяниям, проблемам, идеям, исходящим от молодого поколения. Именно указанный фон вносит в восприятие старой информации оттенок сомнения в правильности традиционных решений. Стратегия информирования в данном случае результатом имеет изменение когнитивной картины мира.

Стратегия информирования реализована в одиннадцатой части, где также уже известная информация подана с акцентированием внимания на отдельных моментах. Абай обращает внимание на том, что калым выплачен дважды и оба раза в большом размере. Здесь использована синтаксическая конструкция, основанная на повторе лексической единицы с добавлением наречий, служебных слов, и выражающая значение интенсивности с оттенком усиления: *Бір алмадың, екі алдың. ...тағы алдың, тағы да көп алдың.* И как бы, ставя точку над *i*, Абай открыто оценивает это качество, как ненасытность, алчность и прямо говорит о том, что именно алчность рода Керей стала причиной конфликта: *«Бұл тыста Сыбан жазықты емес, араныңды ашқан, Керей, сен жазықсын».*

Стратегия информирования реализуется через коммуникативные тактики подчеркивания отдельных компонентов информации через структурирование информации, поскольку это позволяет обратить внимание на связь между отдельными компонентами. Эти тактики могут быть совмещены с тактикой оценки.

Стратегия внушения реализуется через коммуникативные тактики противопоставления, повтора, тактику смены кадров. Главным средством воздействия выступают эмоционально-экспрессивные языковые единицы.

Стратегия убеждения воплощается через коммуникативные тактики аргументации к логике, к факту, к авторитету, через коммуникативную тактику персонификации.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Lakoff, R. T. Persuasive discourse and ordinary conversation, with examples in advertising. In Tannen D. (ED) Analyzing discourse: text and talk. – Georgetown University Press, 1982.
- 2 Федорова Л.Л. Типология речевого воздействия и его место в структуре общения // Вопросы языкознания. - № 6. – 1991. – С. 46-50
Fedorova L.L. Tipologiya rechevogo vozdeistviya i ego mesto v strukture obshcheniya. Voprosy yazykoznaniya, no 6, 1991, S. 46-50.
- 3 Larson, Charles U. Persuasion: reception and responsibility. Wadsworth Publishing Company. – Belmont Ca, 1995.
- 4 Баранов А.Н. Лингвистическая теория аргументации (когнитивный подход). – Автореф. дисс. докт. филол. наук. – М., 1990.
Baranov A.N. Lingvisticheskaya teoriya argumentatsii (kognitivnyi podkhod). Avtoref. diss. dokt. filol. nauk. Moscow, 1990.
- 5 Иссерс О.С. Коммуникативные стратегии и тактики русской речи. Изд. 5. – М.: Издательство ЛКИ, 2008. – 288 с.
Issers O.S. Kommunikativnye strategii i taktiki russkoi rechi. Izd. 5. Moscow: Publ. LKI, 2008. 288 s.

6 Ахметжанова З.К. Язык в социальном, культурном и коммуникативном контексте. – Алматы: Елтаным, 2012. – 559 с.
 Akhmetzhanova Z.K. Yazyk v sotsial'nom, kul'turnom i kommunikativnom kontekste. – Almaty: Publ. Eltanym, 2012. – 559 s.

Материал поступил в редакцию журнала 14.01.2020

REFERENCES

- 1 Lakoff R.T. Persuasive discourse and ordinary conversation, with examples in advertising. In Tannen D. (ED) Analyzing discourse: text and talk. – Georgetown University Press, 1982.
- 2 Fedorova L.L. Typology of speech exposure and its place in the structure of communication // Questions of linguistics. - No. 6. - 1991. - P. 46-50
- 3 Larson, Charles U. Persuasion: reception and responsibility. Wadsworth Publishing Company. – Belmont Ca, 1995.
- 4 Baranov A.N. Linguistic theory of argumentation (cognitive approach). – Abstract. diss. Doct. filol. sciences. – М., 1990.
- 5 Issers O.S. Communicative strategies and tactics of Russian speech. Ed. 5. – М.: Publishing house LKI, 2008. – 288 p.
- 5 Akhmetzhanova Z.K. Language in a social, cultural and communicative context. – Almaty: Yeltanym, 2012. – 559 p.

Күрделі коммуникативті актідегі коммуникативті әсердің стратегиялары

З.А. Умирзакова

Халықаралық Бизнес Университеті, Алматы қ., 050010, Қазақстан Республикасы

Мақалада әр түрлі дискурстардың сөйлеушіге сөйлеу әсерінің айырмашылықтары, олардың зерттеу тарихына және сөйлеу әсеріне шолу жүргізіледі. Қазақстандық лингвистикадағы зерттеушілер адресатқа әсер етуіндегі компоненттерін анықтай отырып, олардың ерекшеліктерін газет, ресми-іс қағаздар, ғылыми мәтіндер негізінде қарастырылған. Сонымен қатар, адресатқа ықпал ету қызметіндегі қазақ лингвомәдениетіне тән коммуникативті тактикаларды айқындайды. Зерттеушілердің пікірінше, коммуникативті тактикалар коммуникативті акті барысында коммуникативті мақсатына жетуін анықтайды. Бұл жұмыста автор күрделі коммуникативті актідегі коммуникативті тактикаларды М. Әуезовтің «Абай жолы» романының үзіндісі бойынша айқындайды, коммуникативті тактика арқылы коммуникативті стратегиялардың мақсатын ашады, вербалды және бейвербалды құралдарын көрсетеді, сонымен қатар коммуникативті актіде сұхбаттасушыға әсер ету деңгейін анықтауға болатынын айтады.

Материал 14.01.2020 баспаға түсті

Communicative impact strategies within a complex communicative act

Z.A. Umirzakova

University of International Business, Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan

The article talks about the differences in speech impact on a communicant of different types of discourse, an excursion into the history of the study of different types of discourse and its speech impact is made. In Kazakhstan linguistics, researchers examined the features of newspaper, official-business, scientific texts that carry the main function of influencing the addressee. At the same time, one of the main means of fulfilling the function of influencing the addressee is the communication tactics characteristic of Kazakh linguistic culture. According to the researchers, communicative tactics in the process of a communicative act contribute to the achievement of a

communicative goal, since in the process of a communicative act lies the goal setting of the speaker. In this work, the author identifies the communicative tactics of a complex communicative act on the example of an excerpt from the novel by M. Auezov “The Way of Abai”, reveals the purpose of communicative strategies through communicative tactics, reveals the degree of realization of each of the communicative tactics in a complex communicative act.

Received 29.02.2020

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

УДК 81'272(044)

A. Aimoldina¹, D. Akinova²

¹PhD, старший преподаватель, М. Lomonosov Kazakhstan branch of the Moscow State University, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan <https://orcid.org/0000-0002-5437-7386>

²PhD, L.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan <https://orcid.org/0000-0001-9451-0033>

USING PRESSURE TACTICS AS A DISCOURSE STRATEGY IN COMPOSING BUSINESS LETTERS BY KAZAKH, RUSSIAN AND ENGLISH LANGUAGE SPEAKERS

To implement effective business communication, business professionals need skillfully handling of various discourse strategies for influencing their recipients. As the results of the analysis show, the choice of an appropriate discourse strategy depends and varies on the specifics of the cultural and linguistic environment of the compilers of business correspondence texts. A discourse strategy is understood as a general plan, a set of speech actions aimed at implementing a specific communicative intention of a speaker or a writer. This article discusses in more detail the features of using such a discourse strategy of influencing the addressee as the strategy of motivating the addressee to act when writing business correspondence texts compiled in Kazakh, Russian and English. The strategy of motivating the addressee to action is implemented, as a rule, by applying pressure tactics, offering bonuses and advantageous offers. Despite some standardization in compiling modern business letters, in particular letters of inquiry, commercial offers, business letters of invitation, etc., some differences and specifics were found when using this strategy depending on the cultural and linguistic affiliation of the compilers of business correspondence.

Key words: business communication, discourse, correspondence, strategy, tactics, Kazakh, Russian, English.

INTRODUCTION

In doing business in order to establish contacts, to make deals and profit business professionals nowadays must be able to skillfully handle various marketing persuasive and discourse strategies, particularly, in writing business letters of different types to their partners [1; 2]. Interestingly, those strategies usually vary in accordance with the specific cultural and linguistic environment of both compilers and recipients of business correspondence. It should be also noted that the tactical and strategic behavior of business professionals directly depends on the stated communicative goal and the conditions of the specific situation of the business discourse [3; 4]. In other words, when composing texts of business correspondence, business communicants must use a whole arsenal of stylistic and linguistic means to succeed in their professional communication. By marketing discourse strategy, we understand the general plan, the totality of speech actions aimed at realizing a specific communicative intention of a speaker / writer, specifically, in business settings [5]. In this regard, the strategy of using pressure tactics is commonly applied by business professionals in strategic planning of professional business activities and composing business persuasive letters to the addressee, i.e., a business partner or a potential client. The reason is that this strategy acts as a powerful tool that increases the effectiveness of communication in business communication.

In this study authentic texts of modern business correspondence in three languages, i.e., Kazakh, Russian and English, were used for analysis and consideration, namely, sales letters, letters of inquiry, business invitation letters, letters of notification, letters of orders. In order to comply with the rules of confidentiality, this paper introduces some conventions in the names of companies, personal (surname, name, patronymic) and contact information (phone, fax, email address, website, etc.) and other cases related to production, financial and other information about the company. The strategy of motivating the addressee to action was identified and analyzed in the following business correspondence in all three languages followed with highlighting differences and similarities in using this strategy in accordance with cultural and national background of business professionals.

MAIN PART

It is generally known that in the process of implementing the general discourse strategy of influencing the addressee in business communication, specifically, the strategy of motivating the addressee to action is of great importance when designing business correspondence texts. It is usually carried out by *using pressure tactics* and *offering bonuses and advantageous offers* to addressees. Considered tactics of implementing the strategy of incitement to action are inextricably linked with “positive” and “negative” politeness strategies and tactics to “save face” of the addressee proposed by foreign researchers P. Brown and S. Levinson [6; 7].

The pressure tactics in business letters are expressed in the call of the addressee (client / potential client) for action and certain decisions. In the texts of business correspondence in Kazakh, Russian and English, this tactic is especially pronounced during the formulation of a request for an answer and when requesting certain information or performing a certain action (i.e., in the letters of request, letters of inquiries). Despite a certain degree of standardization of the form and content of business letters texts composed in the considered three languages due to internationalization and globalization of the economy and business, it is necessary to note a certain flexibility in organizing business texts depending on the linguistic and cultural background of a business communicator.

²филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ., 110000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0002-1287-4114>

ПОЭТИКАЛЫҚ МӘТІНДЕГІ СИНОНИМ СӨЗДЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ (Т.АЙБЕРГЕНОВ ӨЛЕҢДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Тілімізді байытатын, сөздік қорымызды молайтып тереңдете түсетін мағыналы сөздердің бірі – синонимдер. Әрбір тілдің қаншалықты дамып, жетілгендігін синонимдер арқылы байқауға болады. Синонимдік қатардағы сөздердің біреуін таңдап алу арқылы айтпақ ойды дәл беруге, образ – бейнені әсерлі етіп жеткізуге болады. Көркем шығарманың экспрессивтік арқауы – сөз болса, оның экспрессия тудыратын күші семантикасында, мағынасы мен мағыналық реңктерінде. Қазақ тілінің бай тіл екендігі синонимдердің молдығынан көрінеді. Мақалада ақын Т.Айбергенов тіліндегі синонимдердің санын анықтау емес, оның қолдану, қайталану мүмкіншілігін, мағыналығын, тіркесімділігін, оралымдылығын, стильдік бояуын, мағыналық қызмет дәрежесін дәл тауып, нақтылай жеткізіп бере алатындығы талданды. Сонымен бірге ақын өлеңдеріндегі синоним сөздердің стильдік қолданысына қарай мағыналық, стильдік және аралас түрлерінің қолданғанын көре аламыз. Ақын өлеңдерінде синонимдердің әр сөз табына қатысты екенін де анықтадық.

Кілт сөздер: синонимдік қатар, лексикалық синоним, контекстік синоним, стильдік синоним.

КІРІСПЕ

Көркем шығарма тілінің стильдік қажеттілігі туралы ғалым Б. Шалабаев: «Көркем тексті өнер туындысы ретінде зерттегенде таза лингвистикалық іс – тәсілдермен шектеліп қалу жеткіліксіз. Себебі, көркем туынды, даралық көркем стиль жазушы шығармаларының көркем құрылысы ғана емес, әр жазушының шығармаларына тән мазмұн мен түр ерекшеліктері. Көркем әдебиет стилистикасында шығарманың тілін оның идеялық мазмұнынан бөліп алып қарауға болмайды. Бұдан талдаудың лингвистикалық принциптері

мен әдіс – тәсілдерін әдебиеттану тұрғысынан талдаумен ұштастыру қажеттілігі туады» - деп жазса [1, 17], академик Р.Сыздық «Көркем туындының тілін лингвистикалық стилистика тұрғысынан талдау дегеніміз – тілдің жеке бөліктерін (единицаларын) түгелдеу емес, сол бөліктердің, айталық, сөздердің, тіркестердің, сөйлемдердің қолданысын, қолданыстағы көрінісін зерттеу болмақ. Нақтылай айтсақ, сол бөліктерді теріп алып, жалаң көрсете салу – көркем тілді зерттеушінің шаруасы емес, сол сөздердің қолданысы қандай мақсаттарды өтеп тұр, солар арқылы жазушы нені, қалай суреттеп тұр – осыларды тану» [2, 5] деген тұжырым жасайды.

Синонимдер көркем әдебиет тілінде өте көп кездесетін, қаламгер өз ойын жеткізуде өзіндік ерекшелігі бар мағыналы сөздер Әрбір тілдің қаншалықты дамып, жетілгендігін синонимдер арқылы байқауға болады. Тұлғалары бөлек, мағыналары жақын сөздер – көркем шығармаға қажетті тілдік құралдар болып табылады.

Синонимдік қатардағы сөздердің біреуін таңдап алу арқылы айтпақ ойды дәл беруге, образ – бейнені әсерлі етіп жеткізуге болады. Синонимдер бір – біріне сайма – сай мағынадағы сөздер емес, әрқайсысының өзіне тән мағыналық реңктері бар. Көркем шығарманың экспрессивтік мәні, кейіпкер бейнесін суреттеуде ашылатын ішкі психологиялық ахуалі екендігі белгілі. Қазақ тілінің бай тіл екендігі синонимдердің молдығынан көрінеді.

Ғалым Ә.Болғанбаев: «Синонимдер дегеніміз – әр түрлі айтылғанымен, не стильдік, не эмоциялық сәл ерекшеліктері бар бір сөз тобынан болған сөздер» деген [3,10].

Бұл жайында К.Аханов мынадай ой айтады: «Тілде синонимдердің мол болуы сол тілдің сөздік құрамының бай, әр тарапты екендігін көрсетеді. Сөздік құрамы неғұрлым бай, орамды болады. Сөйтіп, синонимдердің молдығы – тілдің байлығын, дамыған тіл екендігін аңғартатын көрсеткіштің бірі. Синонимдерде сөздерді жете білудің үлкен мәні бар. Лексиконы синонимдерге бай адам сөз мағыналарының арасындағы нәзік айырмашылықтарды дөп басып айтуға шебер келеді. Өзара мәндес сөздердің мағыналық нәзік айырмашылықтарын жете білген адам синоним сөздердің сыңарларының айтылатын ойға дәлме – дәл келетінін тауып қолданады да, оның жазғаны немесе сөйлеген сөзі нысанаға дәл тиіп жатады, әрі келісті, әрі мәнерлі болып шығады», – дейді [4, 173].

Синонимдердің көркем сөзде қолданылуы туралы академик Р.Сыздықова: «Синонимдер тек мағыналас (мәндес) келген сөз қатарлары ретінде лексикалық категория ғана емес, қолданыста, әсіресе көркем сөзде ең қуатты, икемді, актив стильдік құрал», – деп санайды [2, 27].

Зерттеуші ғалым К.Қ.Есіркепова болса синонимдердің көркем туынды тіліндегі маңызы туралы өз еңбегінде: «Кез келген ақын, не жазушы шығармасында бір сөздің бірнеше синонимдік қатарын жұмсай отырып, поэтикалық мәтіннің көркемдік деңгейін, бейнелілігін жан- жақты ашып көрсетуді нысанаға алады. Бұлай дейтініміз тіл байлығының көріктілігін, мәнділігін ұғынудың бір жолы деп түсіну керек сияқты», – дейді [5, 16].

Синоним сөздер ауызекі сөйлеу тілінде, тағы басқа стильдерде жиі қолданыс қабілетке ие белсенді тілдік құралдардың бірі екендігі баршамызға мәлім.. Сонымен қатар мәтінде, мәнмәтінде мағыналас сөздердің мейлінше орынсыз қайталанбау жағы да қарастырылып, шығармадағы көркем ойдың берілуі стильдік қателікке ұрынбауы да көзделуі керек. Сол себепті де мәндес сөздер көркем әдебиетте жиі қолданылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Өскелең бай тілдің басты белгілерінің бірі – синонимді сөздер. Тілдің өсіп, көркеюі үшін, бай әдеби тіл болып жетілу үшін синонимика категориясының айрықша маңызы зор. Тілдегі мақал – мәтелдер, жұмбақ, идиомдар ойды бейнелеп, меңзеп айтудан, астарлап, кестелеп, айтудан туады. Сол сықылды тілдегі синонимді сөздер, синонимді тізбектер де негізгі бір ойды әлденеше құбылтып, айтудан құралады деуге болады» [6, 217].

Синонимдік қатардағы сөздердің біреуін таңдап алу ақынның айтпақ ойын (идеясын) дәл беру, ұсынбақ образды әсерлі етіп шығару сияқты шарттарды жүзеге асырады. Синонимдер бір-біріне сай мағынадағы сөздер емес, әрқайсысында өзіне тән мағыналық реңкі бар сөздер, сондықтан да олардың қолданысы, әсіресе өлең тілінде ерекше орын алады. Өйткені поэзияда әрбір сөздің мағыналық та, стильдік те жүгі ауыр көрінеді.

Синонимдер тілдің кемеліне келіп, қаншалықты жетілгендігін, оның образдылығы мен дамығандығын көрсететін көрсеткіш деп есептеледі. Адамның ойлаған ойын, көңіл – күйі мен көзқарасын нақты әрі көркем түрде жеткізу үшін синонимдер айрықша қызмет атқарады. Олар белгілі бір ойды тоғыз саққа жүгіртіп, тілді соншама оралымға келтіреді.

Синонимия – ұлттық тілдің айқындылығын, дәлдігін, икемділігін, бейнелегіштік күшін көрсететін тілдік құбылыс. Ақын-жазушылар шығармаларында синонимдер көркемдікті арттыруда стильдік қызмет атқарады, ерекше бейнелілікті береді. Сөйлемнің экспрессиялық болуын нығайтады. К.Аханов тұжырымына жүгінсек: «... бірнеше сөз бір ұғымның атаулары ретінде қолданылуы мүмкін. Мысалы, байсалды, салмақты, сабырлы, байыпты деген сөз-өзара синонимдес сөздер, әр басқа ұғысды білдіретін атаулар» [4, 172].

Академик М.С. Серғалиев синонимдер мен контекстік синонимдер туралы мынадай пікір айтады: «Жалпыға белгілі болып отырғандай, жүйелі деп аталатын синонимдерге мәтіннен тысқары күйінде де мағыналық жағынан жақын немесе тепе – тең келетін сөздер жатады. Мәселен, көршілес, қатарлас сөздері осы қалпында синонимдік қатар жасай алады. Ал қанаттас сөзін мұндай жағдайда бұл екі сөзбен синоним деу қиын. Оның есесіне, сөйлем ішінде автордың мақсатына сай синонимдік қызмет атқаруы мүмкін. Мұндай синонимдердің контекстік синонимдер деген атау алуы әдетке айналып кетті» [7, 166].

Т.Айбергенов лирикасындағы синонимдердің әр түрлі тілдік бірліктер арқылы жасалуын байқауға болады. Өлең жолдарындағы синонимдердің етістік арқылы жасалуы көркем бейненің іс-әрекетін нақты көрсетсе, зат есім формасында келген синонимдер лирикалық кейіпкердің ойын, ішкі - жан дүниесін суреттеуде жиі қолданыс тапқан. Адамның көңіліндегі жайсыздықты табиғат мезгілімен астастыра жеткізген зат есімнен келген сөздердің өзіндік мәні ерекше.

Келесі өлең жолдарына келер болсақ :

Бұл **өмірде** бір күн қызық бір күннен,

Көңілдердің қылауы жоқ кірбіңнен.

Дүниені желпіндіріп ойменен,

Тоқсан таудың ортасында тұрмын мен

«Тау жолында» [8, 19].

Ақын өлеңдерінде синонимдердің қатар келуі, белгілі ойды толықтыра түсу үшін, нақтылап дәлелдей беру үшін қолданады. Синонимдерді стильдік ыңғайда қолдану суреткердің шеберлігін көрсетеді. Синонимдік қатар көркем шығарманың образдылығы мен эстетикалық сымбатын арттыра түседі.

Зерттеуші М. Б. Нұрғалиева: «Лексикалық синонимдер жазушы стилінде ұғым-түсініктің атауын нақытылау үшін қолданылады», – дейді [15, 5].

Бұл шумақтағы “өмір-дүние” сөздері биік философиялық ұғымды білдіреді. Талданған мағыналас сөздер қын поэзиясындағы басқа да өлең шумақтарында кездеседі. Синоним сөздер поэзия тілінің стильдік ыңғайын келтіріп, суреткердің шеберлігін көрсетеді, көркем шығарманың образдылығы мен эстетикалық сымбатын арттырады.

Мысалы:

Қарар еді онда **әлем** де маған көз қанбай.

Сағыныштардың керуеніндегі саз қандай!

Көшер еді онда **дүние** түгел, **Жер** түгел,

Ормандар, таулар жұпар иісімен қозғалмай...

«Жазғытұрғы тоғыстың әуіріндей » [8, 70].

Бұл мысалда ақын дүние сөзімен қатар әлем, жер деген мағыналық синонимдерді шебер қолданып, ойға ой үстемелеп отыр.

Ал мына бір өлең жолдарында ақын осы мағынадағы **ғалам, тірлік, жер, әлем** сияқты мағыналық синоним сөздерді стильдік тұрғыдан ұтымды жұмсаған:

Құшақтап кірем **ғаламды**.
 Қиялдың маздап ой-қыры
 Келемін болып тас керең.
 Қайралып кетіп кей күні
 Шабылып қайтам тасқа мен.
Тірлікті жатқан қоздатып
 Мен мынау **Ата – Жердеймін**.
 Жанымның отын маздатып,
 Түнде дамыл көрмеймін.
 Қалғыма, **әлем**, мен саған
 Бәрібір тыным бермеймін

«Оралам үйге кейде мен» [8, 104-105].

Бір шумақтың өзінде ақын мағыналық синоним болатын төрт сөзді әртүрлі тармақта қолдану арқылы өлеңдегі негізгі ойды жеткізуде әрқайсысын өз орнында ұтымды беріп отыр.

Адам бойындағы толқынысты білдіруде ақын төменде берілген өлең жолдарында *қайғы-азап, қайғы-мұң, қайғы-қасірет* синонимдік қатарларын алған. Үшеуінде де синоним сөздердің өлеңдегі қызметтері анық, суреткердің өмір жолында кездескен қиыншылықтары, жан дүниесіндегі арпалысы дәл көрініс тапқан. Әрбір шумақтағы алынған синоним сөздерде негізгі мағына ретінде – *қайғы* сөзі алынған. “Қайғы” сөзімен қатар келген “азап”, «қасірет», «мұң» сөздерін тіркестіріп қолдану арқылы, аталған тілдік құрылымдар мәтінде ұғымды тереңдету мақсатында жұмсалмай, шумақтағы сөз байлығын арттыру мақсатында да қызмет атқарып тұр.

Мысалы:

Қайғы, азап – бәріне де ар көніп,
 Тайды талай ақ жүрегі әр көрік.
 Мені өмірге жетелеген жеңгелер,
 Әлі де жүр бір перзентке зар болып.
 «Достық үшін қол жетпестен құс ілген» [8,126].

Жалынан тарта шапсам қай күреңнің,
 Мен қатар қуаныш пен қайғыны емдім.
 Туған жер, халқын сүйген азаматқа,
 Екен ғой таусылмайтын **қайғы** мен **мұң**.
 «Жалынан тарта шапсам қай күреңнің» [8, 126].

Қайғың болса тартайын **қасіретін**,
 Ғұмыр болса көрейін пәк суретін.
 Пәк суретін ғұмырға кез болайын,
 Достар түгел көретін көз болайын,
 Әйтеуір мен тынымсыз қозғалайын.

«Жолдар, жолдар...» [8, 29].

Ақын шығармаларында бірнеше синонимдік қатарларды бір өлең ішінде өнімді қолдану да байқалады. Мысалы:

Бала күннен тартып мінсең ат жалын,
 Онда сенің көкірегің **от, жалын**.
 Білдің онда не екенін **бәйгенің**,
 Бұл өмірде **жарыс** емес қай күнің?
 Ақ жазықтан ағып ұшып өттің бе,

Барар жерге қас қаққанша жеттің бе?
 Өкшелесіп өзің теңдес жас кілең,
 Зуладың да жұлдыздардың астымен.
 Кес-кестеген саң аңғардан қарғып-ақ,
 Кеткен шығар сені ап ұшқан **арғымақ**.
 Қапталыңда қаптап қалып гүл қалың
 Шарбы бұлттан шаршы орамал бұлғадың.
 Арманыңды қалдың бәлкім алқымдап,
 Жатты күліп қарлы өзендер қарқылдап.
Тұлпарыңның тұяғында тас балқып,
 Өттің бәлкім туған жерді дастан қып.
 Қуаныш пен жаңында үрей арбасты,
 Бәлкім сенің жануың алғашқы.
 Сен қатпарын жазды алдыңнан сағым – қыр
 Бәлкім сенің сағындырған шағың бұл.
 Өзегінде өзгеше **алау** лаулады,
 Болып бейне **жер - дүние** аумағы.
 Мөлдіреттің көздің ыстық бір селін.
 Бәлкім мөлдір махаббатың бұл сенің.
 Ой мен қырдан орғып өту арқылы
 Қалды бәлкім көзінде **оттар** жарқылы

«Шабандозбен әңгіме» [8, 55-56].

Алынған көлемді шумақта от-жалын-алау, бәйге-жарыс, тұлпар-арғымақ, жер-дүние сияқты синонимдер кездеседі. Осы бір мысалдың өзі Т.Айбергенов тілінің стильдік айшығын танытып тұр.

Ақын синонимдік қатарларды қолдану арқылы өзінің шығармашылық бай лабораториясын көрсетеді.

Тіліміздегі бұрыннан бар дәстүрлі синонимдерді, контекстік, стильдік синонимдерді тек образ үшін емес, өлеңнің көркемдігін, экспрессивтік-эмоционалдық бояуын айқындай түсу үшін тауып, қолдана білген. Өлең жолдарында синонимдердің екеуін, үшеу- төртеуін қатар келтірудің үлкен стильдік мәні болса, синонимдік қатарды мақсатты түрде қолданып, әр сөздің қызметі, міндеті, әсері, бояуы айқын, нақты, мағыналы жұмсалғандығы байқалады.

Ақын өлеңдерінің тілінде синоним сөздер сөз қайталауын болдырмау, нақты бір ұғымды немесе құбылысты жан-жақты сипаттау мақсатымен және суреттелетін құбылысты, ұғымды толықтай ашып көрсету, айтар ойға ой үстемелеу мақсатында қабаттастырыла да қолданылған. Мысалы, келесі өлең үзінділерінде Т.Айбергенов өз ойын қайталамас үшін синонимдік қатарларды қабаттастыра қолданып, айтар ойға ой қосып, мағыналас синоним сөздерді контекстік тұрғыдан ұтымды тізбектейді. Бұл тәсіл ақын өлеңдерінен жиі байқалады:

Қыруар шаттық, қыруар қайғы бар менде,
 Ой менен қырға жүгірген тынбай дедектеп.
Намыспен де, адамдықпен де, армен де,
 Аялар оны ақ жүрек қана керек тек

«Қос шектер» [8, 34].

немесе:

Арманның жүгін алысқа тартқан нарың бұл,
 Ортаңнан шыққан орта түспейтін дарын бұл.
 Сен – көлсің үлкен, қайықтағыны тербеткен,
Аяулы, іңкәр, ақмандай, ақсұңқарың бұл

«Ортаңа келді өз балаң» [8, 128].

сондай-ақ:

Жатқандар анау жасантып жапан суарып,
Қимасым менің, **сырласым** менің, **бауырым**.

Жүктеді маған көтер деп бүгін дәуірім,
 Бүгінгі түн мен ертеңгі таңның ауырын

«Бүгінгі түн мен ертеңгі таңның ауырын» [8, 125].

Алынған мысалдарда «намыс, адамдық, ар», «аяулы, іңкәр, ақмандай, ақсұңқар», «қимасым, сырласым, бауырым» мағыналық синонимдік қатарларын ақын бірде адамға тән асыл қасиеттердің сырын ашу үшін, бірде лирикалық қаһарман келбетін суреттеу үшін контексте мағыналары айырықша жақындасатындықтан бірінен соң бірін қатарластыра жұмсайды. Т.Айбергенов синонимдерді стильдік мақсатта жұмсауда ойды қайталамас үшін өлеңнің эстетикалық қызметін күшейтіп, нақты беруде ерекше, айтпақ ойын (идеясын) дәл бергендігін байқауға болады.

Жұмылғанша, сөнгенше қарашығым,
 Таба алам ба жанымның жарасымын.
 Мүмкін емес тыншуым теңіз көрмей,
 Өйткені мен көктемнің баласымын

«Мүмкін емес тыншуым теңіз көрмей» [8, 140].

Ержеткенше, адам боп бастыққанша

Ағалардан көрдік біз достық қанша!

Қартайды ғой біз үшін талайлары

Жер бетінде жарар деп жастық қалса.

«Ағалардан көрдік біз достық қанша!» [8, 90].

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда алынған мысалдарда синонимдік қатарлар контексте мағыналары жуықтатылған етістіктер арқылы жасалған. Бұлар өлеңде бір бірінің мағынасын толықтыруды көздейтін стильдік мақсатта жұмсалып тұр. Т.Айбергенов тарапынан жұмсалған етістік тұлғалы синонимдердің де міндеті, әсері, бояуы айқын, нақты, мағыналы екеніне көзіміз әбден жетті.

Поэзия тілі синонимдерге бай болып, ойды жеткізуде өз орнында жұмсалса, өлеңнің мазмұны шынайы, бейнелі болады. Ендеше, Т.Айбергенов өлеңдеріндегі синонимдер де поэтикалық тілдің ұшқырлығын, өлең сөз тілінің әсерлілігін танытатындай стильдік жүкке ие деген қорытындыға келеміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Шалабаев Б. Көркем проза тілі. – Алматы: Білім, 1994. – 128 б.

Shalabaev B. Kórkem proza tili. – Almaty: Bilim, 1994. – 128 b.

2 Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 232 б.

Syzdyqova R. Sóz qudireti. – Almaty: Atamura, 2005. – 232 b.

3 Болғанбаева Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. – Алматы. Ғылым: 1977. – 150 б.

Bolganbaeva Á. Qazaq tilindegi sinonimder. Almaty. Gylym: 1977. – 150 b.

4 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы. 2002. – 180 б.

Ahanov K. Til biliminiń negizderi. – Almaty. – 2002. – 180 b.

5 Есіркепова К.Қ. 1960-80 жылдардағы әйел-ақындар поэзиясының тілі (Ф.Оңғарсынова, М.Айтқожина, А.Бақтыгереева, К.Ахметова шығармалары негізінде). – Қостанай: Центрум, 2010. – 152 б.

Esirkepova K.Q. 1960-80 jylardagý áiel-aqyndar poeziasynyń tili (F.Ońgarsynova, M.Aitqojina, A.Baqtygerееva, K.Ahmetova shyǵarmalary negizinde). – Qostanai: Tsentrym, 2010. – 152 b.

6 Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 1974. – 199 б.

- Balakaev M., Janpeisov E., Tomanov M. Qazaq tiliniñ stilistikasy – Almaty, 1974. – 199 b.*
 7 Серғалиев М. Стилистика негіздері. Алматы. 2006. – 176 б.
Sergaliev M. Stilistika negizderi. – Almaty, 2006. – 176 b.
 8 Айбергенов Т. Аруана – бауыр дүние. Алматы: «Атамұра», 2003. – 208 б.
Aibergenov T. Arýana – baýyr dúnie. Almaty: «Atamura», 2003. – 208 b.

Материал 29.01.2020 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Shalabaev B. the Language of literary prose. – Almaty: Znanie, 1994. – 128 p.
- 2 Syzdykova R. Power of the word. – Almaty: Atamura, 2005. – 232 p.
- 3 Bolganbaev A. Synonyms in the Kazakh language. Almaty. Science: 1977. – 150 p.
- 4 Ahanova K. Basics of linguistics. Almaty. 2002. – 180 p.
- 5 Esirkepova K. K. the Language of poetry women poets of the 1960-80 years (based on the works of F. Ongarsynova, M. Aitkozhiba, S. Baktygereeva, K. Akhmetova). – Kostanay: tsentrum, 2010. – 152 p.
- 6 Balakaev M., Zhanpeisov E., Tomanov M. Stylistics of the Kazakh language. Almaty, 1974 – 199 p.
- 7 Sergaliev M. Basics of stylistics. Astana. – 2006 . – 176 p.
- 8 Aybergenov T .. Aruana-native life. Almaty: Atamura, 2003. – 208 p.

Стилистические особенности синонимов в поэтическом тексте (на примере стихотворений Т. Айбергенова)

К.К. Есиркепова¹, С.Г. Канапина¹

¹Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, г. Костанай, 110000, Республика Казахстан

Синонимы являются значимыми словами, которые обогащают язык, словарный запас и обладают глубоким смысловым значением. С помощью синонимов можно наблюдать, насколько развивается и совершенствуется язык. Выбрав синоним из синонимичного ряда можно точно, красочно, образно донести свою мысль. Экспрессивная основа художественного произведения – это слово, а его сила, вызывающая экспрессию, кроется в семантике, значении и смысловых оттенках слова. Богатство казахского языка основано на его многообразии синонимов. В статье проанализированы не количество синонимов, которые использованы в поэзии Т. Айбергенова, а особенности их использования, возможности повторения, смысл, сочетание, стилистическая окраска, степень смысловой деятельности. Кроме того, в стихах поэта мы нашли применение смысловых, стилистических и смешанных форм синонимов в зависимости от их стилистического выражения. В стихотворениях поэта использованы синонимы, представленные каждой частью казахского речи.

Материал поступил в редакцию журнала 29.01.2020

Synonymous words in the poetic text style activity (on the basis of poems of T. Aibergenov)

K.K. Esirkepova¹, S.G. Kanapina¹

¹U.Sultangazin Kostanay state pedagogical University, Kostanay, 110000, Republic of Kazakhstan

Synonyms are one of the significant words that enrich the language, vocabulary of the language and have a deep semantic meaning. Using synonyms, you can see how the language is developing and improving. By choosing a synonym from the synonymous series, you can accurately, colorfully, figuratively convey your idea. The expressive basis of a work of art is the word, and its

power to evoke expression lies in the semantics, meaning, and semantic nuances of the word. The richness of the Kazakh language is based on its variety of synonyms. The article analyzes not the number of synonyms that are used in T. Aibergenov's poetry, but the possibilities of its use, the possibility of repetition, meaning, combination, stylistic coloring, and the degree of semantic activity. In addition, we can see that semantic, stylistic and mixed forms of synonyms were used in the poet's poems, depending on their stylistic expression. The poet's poems use synonyms for each part of speech.

Received: 29.01. 2020

ӘОЖ 378.1.147

Г.Ж. Искакова

«Филология» мамандығының PhD-докторанты, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0002-8631-7169>

КӨРКЕМ МӘТІНДЕ АВТОР МОДАЛДЫЛЫҒЫН ОРТАҚ ТӨЛ СӨЗ АРҚЫЛЫ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Мақалада көркем мәтінде автор модалдылығын білдірудің ең белсенді тәсілдерінің бірі – кейіпкерлердің ішкі әлемін бейнелеудің үлкен мүмкіндіктеріне ие ортақ төл сөздің өзіне тән белгілері қарастырылады. Ортақ төл сөз жазушыға автордың өзіндік ұстанымын кейіпкердің ұстанымымен ұштастыруға мүмкіндік береді. Мұнда ол бөгде адамның сөйлеу тілінің ерекшеліктерін, яғни шығарма кейіпкерінің сөйлеу әдебін көрсетеді. Ортақ төл сөзде төл сөзге тән эмоционалды реңк әдеби кейіпкердің атынан емес, автордың, көркем шығармадағы өзінің кейіпкерінің ойлары мен сезімдерін білдіретін, сөйлеу әдебімен байланыстыратын баяндаушының атынан жеткізіледі. Бұл әдіс ХІХ-ХХ ғасыр жазушыларының әдеби шығармаларында кең қолданылды.

Қазіргі прозадағы автор модалдылығын білдіру тәсілі ретінде ортақ төл сөз категориясының белгілері мен қызметі анықталады. Құрылымдық принцип тұрғысынан көркемдік-стилистикалық тәсіл ретінде ортақ төл сөздерді жіктеуге әрекет жасалды. Ортақ төл сөздің төрт құрылымдық түріне талдау жасалады.

Тірек сөздер: ортақ төл сөз, авторлық модалдылық, авторлық бағалау, стилстикалық тәсіл, әдеби кейіпкер, антропоморфизм, төл сөз, төлеу сөз, жай сөйлемдер, ішкі монолог.

КІРІСПЕ

Қаһарманның дүниетанымын да, оның басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасын да, сырт тұлғасын да, оны қоршаған ортаның сипатын да және олардың шынайы көркем тілмен суреттелуін шығарманың көркемдік қуатын арттыратын компоненттерге немесе факторларға жатқызуға болады. Қандай туындының да негізгі тірегі, басты арқауы адам екені ежелден мәлім. Сондықтан адамның ой-түйсігі, мінез-құлқы, сөзі және солардың арасындағы үйлесімділік, сәйкестік әлгі аталған компоненттердің жетекшісі болса керек [1, 121].

Жалпы көркем шығарманың тілі – сезімнің, толғаныстың, сөздің, ойдың бірыңғай ағыны іспеттес әсер қалдырады. Бірақ бұл ағын көп үнді, көп дауысты. Сол әр түрлі дауыстардың ішінен автор бағытын, автор модалдылығын айқындау – өте маңызды мәселелердің бірі.

Автор модалылығы – мәтінде автордың хабарланатын ақпаратқа қарым-қатынасының, оның тұжырымдамасының, көзқарасының, ұстанымының, оның құндылықтар бағдарының, оқырманға хабарлау үшін тұжырымдалған өрнегі. Мәтінге берілетін авторлық бағалау әрқашан ойды жеткізудің тиімді тәсілдерін іздестірумен тығыз байланысты. Бұл қарым-қатынасты білдіру және бағалау тәсілдері әр автор үшін әр түрлі, өйткені оқырманға мәтін арқылы жеткізілетін ойды беру тәсілдерінің мақсаты, бағыты әр түрлі.

Көркем мәтінде автор модалдылығын білдірудің ең белсенді тәсілдерінің бірі – кейіпкерлердің ішкі әлемін бейнелеудің үлкен мүмкіндіктеріне ие *ортақ төл сөз* болып табылады. Біздің зерттеуіміздің мақсаты – қазіргі прозадағы автор модалдылығын білдіру тәсілі ретінде ортақ төл сөз категориясының белгілері мен қызметін анықтау. Зерттеу материалы Ш.Айтматовтың "Жанпида" романы болып табылады.

Ортақ төл сөздің өзіндік табиғаты, көркем шығарма құрылымындағы көркемдік, стильдік қызметтері қазақ филологиясында аз зерттелген мәселе. Зерттеуші Х.Кәрімов ортақ төл сөзді "қос үнді сөз" деп атап, келесідей сипаттама береді: «Қос үнді сөз – автор мен қаһарманның субъективтік көзқарастарын бірге салыстырып, үйлестіруге мүмкіндігі бар стильдік тәсіл. Оның маңызды белгісі – баяндаудың объективті бағытына кейіпкердің субъективті бағытының қосылатындығында, баяндалған жайға кейіпкердің ортақтығында. Әңгіме баяндаудың қос үнділігінде» [2, 71-72].

Ал А.Әбілқаев ортақ төл сөз жөнінде: «Ортақ төл сөздің кәдімгі төл сөзден де, төлеу сөзден де өз алдына ерекшелігі: ол автор сөзінің түсінік сөзін қажет етпейді. Екіншіден, мұның интонациясы, өзіне тән сөздері және синтаксистік құрылысы төл сөзге ұқсағанымен, біреудің өз аузынан айтылған нақты төл сөз емес, оның атынан автордың топшылағаны түрінде болады. Бұл жағынан ортақ төл сөз төлеу сөзге жақындайды. Алайда мұнда төлеу сөзге тән байланыстырушы дәнекерлер және біреудің сөзі, ойы бар екенін көрсететін айтуға, ойлауға байланысты етістіктер қатыспайды» [3,73].

Ғалым Б.Шалабай: «Ортақ төл сөз суреттеліп отырған жайға автор көзқарасы мен кейіпкер көзқарасын біріктіріп, бір құрылым бойында беретін баяндау тәсілі», – деп анықтама беріп, келесідей белгілерін атап көрсетеді: «Ортақ төл сөз белгілі бір тілдік тәсілдер арқылы жүзеге асады. Егер семантикалық жағынан ортақ төл сөздің пайда болуының белгісі қос үнділік болса, формалық жағынан оған қоса мынадай белгілерін атауға болады.

Біріншіден, контексте автор сөзінен шақтық жағынан ерекшеленеді. Егер автор сөзі өткен шақ формасында келсе, ортақ төл сөз осы шақ не келер шақ формаларында келеді.

Екіншіден, ортақ төл сөз көбіне сұраулы, лепті сөйлемдерден жасалады. Хабарлы сөйлем болғанның өзінде автор сөзінен экспрессивтік-эмоциялық бояуы жағынан ерекшеленіп тұрады.

Үшіншіден, ортақ төл сөзде кейіпкер тіліне тән одағай, қаратпа, қыстырма және модаль сөздер мен қайталанған сөздер, есімдіктер жиі кездеседі.

Төртіншіден, онда жақсыз, жалпылама жақты, белгісіз жақты, атаулы сөйлемдер, басқа да эллипсис, инверсияланған сөйлемдер көптеп қолданылады» [4, 35].

Аталған ғалымдарын пікірлерін ескере келе, ортақ төл сөз – бұл төл сөз және төлеу сөз элементтерін біріктіретін, суреттеліп отырған жайға автор көзқарасы мен кейіпкер көзқарасын біріктіріп, бір құрылым бойында беретін баяндау тәсілі деген қорытынды жасаймыз. Ортақ төл сөзде әдеби кейіпкердің сөйлеу мәнері, төл сөзге тән эмоционалдық реңкі бейнеленеді, бірақ ол кейіпкердің атынан емес, автордың, яғни әңгімешінің атынан беріледі. Бұл жағдайда автор кейіпкерінің ойы мен сезімін өзінің ойы мен сол оқиғаға деген сезімін, кейіпкердің сөзімен береді. Нәтижесінде екі жақты, яғни автор мен кейіпкер ортақтығы пайда болады: кейіпкердің "ішкі сөзі", оның ойы, көңіл-күйі беріледі, бірақ оның орнына автор сөйлейді; оқиғаны объективті бағалау кейіпкерді қабылдау призмасы арқылы беріледі. Төлеу сөз бен ортақ төл сөз етістік пен есімдіктің ауысуы, бағыныңқы сөйлем арқылы берілуі жағынан ұқсас келеді.

Ортақ төл сөз әртүрлі формада: сөздер мен сөз тіркестері түрінде де, жай сөйлемдер мен сұраулы және лепті сөйлемдер, ішкі монолог түрінде де көрініс табады. Ортақ төл сөзді автор көркем мәтіннің кез келген бөлігінде автор модалдылығын жеткізу құралы ретінде қолданады. Сондықтан ортақ төл сөзді қолдану жолдарын жіктеу, осы терминнің мәнін ашу, оның стилистикалық қызметін анықтау, сондай-ақ, автор модалдылығын берудің тәсілі ретінде ерекшелігін ашып, талдау маңызды. Ортақ төл сөзді қолдану жолдарын жіктеудің негізгі талабы – мәтіннің біртұтастығы. Сол себепті әр түрлі құрылымдық ерекшеліктерді ескере отырып, ортақ төл сөз типологиясын ұсынуға әрекет жасадық.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Құрылымдық тәсілге сәйкес ортақ төл сөздің төрт түрін бөліп көрсетуге болады: 1) сөз және сөз тіркестері түріндегі ортақ төл сөз; 2) жай сөйлемдер немесе құрмалас сөйлемнің бір компоненті түріндегі ортақ төл сөз; 3) кеңейтілген түрдегі ортақ төл сөз; 4) күрделенген ортақ төл сөз.

Ортақ төл сөздің әрбір түріне жеке-жеке тоқталып өтелік.

1. Сөздер мен сөз тіркестері түріндегі ортақ төл сөз.

Ортақ төл сөздің бұл түрінде шығарманың негізгі ойын, идеясын автор жүргізеді, бірақ арасында кейіпкерге өз сөзін айтуға мүмкіндік береді. Ортақ төл сөз мұнда жеке сөздер мен тіркестер түрінде қолданылып, кейіпкер арқылы көрініс табады, бірақ авторлық контекстпен қоса беріледі. Ол жеке ойды білдірудің жолы емес, кейіпкердің көзқарасын көрсетеді, мысалы: *1. Гришан жортуылышыларға наша тартуға рұқсат еткенде, оған әдейі қыр көрсеткісі келгенін Авдий де түсінді. Ал көр, бәлем дегендегісі (Ш.Айтматов 195-бет); 2. Инганың күтпеген жерден келуінен Авдийдің есі шыққаны сонша, оның не айтып отырғанын бір керемет түйсік арқылы ғана нобайлады. ... Рас, оның бұл сықыптың Инга Федоровна температурасы көтерілгендіктен зой деп қалуы мүмкін [5, 289].*

Ортақ төл сөздің осы түрін пайдалану кезінде кейіпкердің сөздерін анықтау үшін мағыналық белгілерге жүгіну керек, өйткені "автор сөзі" мәтіндегі хабарды кейіпкер сияқты хабарлап, кейіпкердің көзқарасын көрсетеді, бұл жағдайда мәтіндегі ақпарат бөгде көзқараспен және тиісінше – бөгде сөзбен беріледі. Сөздер мен сөз тіркестерінің авторы үшін "жат екенін" анықтау үшін, сондай-ақ болжамды ортақ төл сөз қамтитын мәтінді кейіпкерлердің сөзімен және автордың әңгіме стилімен салыстыру керек. Таза мағыналық белгілерден басқа, бұл типтегі ортақ төл сөзде кейде автордың жеке қолданысындағы сөздері, яғни "объективті" сигналдары кездеседі: *Мүлде бейтаныс дауыс аспан астын азынатып бара жатқан соң, Тасшайнар да шыдай алмай төбешіктің үстіндегі қаншығының қасына жүгіріп шықты. Екеуі де үрейленіп, кейін шегіне берген, өйткені әуеде бір сұмдық құс тұмсығымен жер сүзе жаздап, тамұқ дауысты гүрілмен бір қанатына қисая ұшып келеді, оның соңын ала тағы бір сондай сұмдық самұрық көрінді. Бұл – вертолеттер еді[5,34].*

Бұл мысалда «*бір сұмдық құс тұмсығымен*», «*тамұқ дауысты гүрілмен*», «*сұмдық самұрық*» деген сөз тіркестері бір жағынан авторға «жат» тіркес, ол бөрілердің түйсігіндегі вертолетті қабылдау екенін көрсетсе, бір жағынан автордың сөз қолданысы, яғни авторлық контекстен екені көрініп тұр.

Көріп отырғанымыздай, ортақ төл сөз келтірілген мысалдарда авторлық баяндау синтаксистік шекарадан шықпайды, авторлық баяндаудың құрылысын бұзбайды. Ортақ төл сөз бен авторлық сөз арасындағы шек өшіріледі, бұл ортақ төл сөз осы типтің ерекшелігі болып табылады. Кейіпкерге авторлық қарым-қатынас, оның бөгде сөзге берген бағасы – оң немесе теріс – жиі пайдаланылған бөгде сөздің семантикасында көрсетіледі.

2) Жай сөйлемдер немесе құрмалас сөйлемнің бір компоненті түріндегі ортақ төл сөз.

Ортақ төл сөздің бұл түрінде кейіпкерлердің жеке ойларын береді, ол аяқталмаған немесе аяқталған болуы мүмкін, мысалы:

1. Аққұртқа көзінің қиығымен гана байқап қалды: киіктердің қалың ортасында қасқырлар көсіле сілтеп, бауырын барынша жазып ұшып келеді. Әне, тұла бойы тұңғыштары: үрейден көзі шарасынан шыға жан ұшырған Дәубас, қатарында Желаяқ; оларға әрең ілесіп, сілесі қатқан Аяулы анау; ақылынан адасқандай алақ-жұлақ етіп, жанында Тасшайнар безіп барады. Ой, дүние-ай, десеңші, бүкіл Мойынқұмның қаһарлы қожасындай болып жүрген Тасшайнардың сықытын-ай. Көк көз Аққұртқаның аңсағаны осы ма еді! [5, 38].

Ортақ төл сөз бұл жағдайда синтаксистік түрде авторлық әңгімемен тығыз байланысып қана қоймай, сонымен қатар мағынасы жағынан да автор әңгімесінен тыс қалмайды.

Антропоморфизм – адамның бейнесі мен оның қасиеттерін жансыз заттарға, жануарларға, өсімдіктерге, табиғи құбылыстарға, табиғаттан тыс заттарға, абстрактілі ұғымдарға және т. б. ауыстыру [6].

Антропоморфизм – бұл тіл, бейнелеу өнері мен әдебиеттің номинативті құралдары арқылы көрініс табатын дүниетанымдық тұжырымдаманың бір түрі. Бұл тұжырымдамаға сәйкес антропоморфизмнің нысандары – жансыз заттар, тіршілік иелері және ойдан шығарылған аңдар, олардың адамдық болмысы жоқ, бірақ адами қасиеттерге ие. Сонымен бірге, антропоморфты нысандарға адамның мінез-құлық қасиеттері тән: олар адамдар сияқты сезіне, сөйлесе алады, ойлана біледі, уайым мен эмоцияларды сезіне алады, яғни адамның маңызды әрекеттерін орындай алады [7, 210].

Антропоморфизм – автор модалдылығы аясын қалыптастырушы тұлға. Автор модалдылығы мен антропоморфизм әрекеттесуі нәтижесінде кейіпкер өміріндегі автордың ойы бойынша жасалған фактілер мен құбылыстар бейнелік тұрғыдан қайтадан ұғынылады. Жоғарыда келтірілген мысалда автор көркем шығармада жыртқыш аңға адамша есім (Аққұртқа) беріп, адамның сана-сезімін береді.

Ортақ төл сөздің бұл 3, түрінің негізгі белгілері, ең алдымен, шақ категорияларының ауысуы, модалдылықтың өзгеруі, жалғаулықсыз сөйлемдердің қолданылуы.

Ортақ төл сөздің сипатталған бұл түріндегі анық белгілер тіпті автор сөзімен ауысып, кезектесіп отырғанда да көзге түседі, салыстырайық:

Шырқырап жүріп шындық іздегені, сондағы көрген-білгені, өзінің жаңа Құдай жолында өзеурегені – бәрі-бәрі енді зая кетіп, жапа шегіп жатыр. Тірі қалу мүмкіндігінен бас тартып, өзін-өзі аямағанда не тапты? Анау-мынау ұсақ-түйек болса бір сәрі-ау, әңгіме өз өмірі туралы емес пе еді, не бары үш-ақ сөз: "Гришан, жан сауға!" десе жетіп жатыр еді ғой. Бірақ ол осы сөздерді айтпады [5, 203].

Келтірілген мысалда авторлық баяндаудан басталған күрделі сөйлемдердің бөліктері болып табылатын ортақ төл сөз фрагменттері кейіпкерлердің сөйлеу сипаттамасына сәйкес келеді. Мәтіндегі біртұтас тиянақты ойды оқырманға түсінікті етіп жеткізуде автордың өзі ұсынып отырған ақпаратқа қатысын, пікірін, көзқарасын, көңіл-күй сезімдерін, яғни автор модалдылығын әр түрлі тілдік тұлғалар мен әдіс-тәсілдер арқылы жеткізеді. Автор лепті, сұраулы және аяқталмаған сөйлемдерді қолдана отырып, кейіпкерлердің эмоциялық және баяндаушылық реңкімен қанықтырады.

Бұл мысалда ортақ төл сөз авторлық баяндаумен бір жағынан тығыз байланысса, бір жағынан кейіпкерлердің экспрессивті сөздері арқылы авторлық баяндауды бейтараптандырады. Және бұл контраст кейіпкерлердің сөйлеуі мен авторлық сөйлеудің тұрақты кезектесуінің арқасында артады.

Ортақ төл сөздің бұл түрінде ортақ төл сөз белгілері ретінде шақ категорияларының өзгеруі және лепті сөйлемдер арқылы модалдылықтың өзгеруі арқылы көрініс табады.

3) Кеңейтілген ортақ төл сөз.

Ортақ төл сөздің бұл типі ашық, экспрессивті түрде іске асырылады. Осының салдарынан ортақ төл сөздің бұл түрі өзінің алғашқы екі түрінен кең таралуымен және эмоциялық қанықтығымен ерекшеленеді. Егер жоғарыда қарастырылған ортақ төл сөздің екі түрі кейіпкердің көзқарасын білдірсе және оның жеке ойларын білдірсе, онда бұл түрге ішкі

күрес, сана процесін, кейіпкерлердің психологиялық күйзелісін білдіретін ортақ төл сөз кіреді. Бұл жерде автор жоқ сияқты, кейіпкерге өз орнын бере отырып, әнгімелеудің субъективті-бағалау жоспарынан барынша жойылады. Мәтінде бұл түрді пайдалану кезінде автор және ортақ төл сөз арасындағы шекара анық байқалады, мысалы:

1. Пойыз арындап келе жатыр. Авдий байқайды, – жортуылшылардың жүйкесі жүндей түтіліп-ақ тұр: *қайтер екен, вагондарға тез ырышып міне алар ма екенбіз, қандай пойызға тап болдық, ал егер ылғи цистерналар болса ше, онда қайттік?* – деген сұрақ бәрінің де көкейінде сұңқылдап тұр. *Ал енді, бетін аулақ қылсын, егер қарауылы бар әскери эшелон болса ше? Онда сорладым дей бер* [5, 189].

2. Неге екені белгісіз, Авдий Каллистратов әлгі әйел туралы ойлай бергісі келеді, ойлай бергісі келеді-ау, бірақ есте қаларлықтай ештеңе де болған жоқ қой: кенет келді, кенеттен кетті де қалды – бар болғаны сол-ақ. *Дегенмен, кім ол, қайдан пайда бола қалды? Жүрісіне қарағанда, әйтеуір, бір жақтан келді. Бірақ неге келді? Айдалада ондай әйелдің не шаруасы болмақ?..* [5, 148].

Берілген бірінші мысалда автор жортуылшылардың сол жағдайдағы күйлерін кейіпкердің ойлары арқылы бере отырып, өзі субъективті-бағалау жоспарынан мүлдем шеттетіледі. Ал екінші мысалда Авдийдің Инганы алғаш көрген сәтіндегі жай-күйін суреттей келе, әрі қарай кейіпкерге сөйлеуге мүмкіндік береді.

Бұл мысалдарда бірінші кезекте, көп мағыналы синтаксистік құрылымдармен, авторлық сөйлеуден интонациялық және құрылымдық жіктелінуімен ерекшеленіп тұрады: сұрау дәрежесі әркілі сұраулы сөйлемдер, лепті сөйлемдер, сөйлеу тілінің синтаксистік құрылымдары.

Сондықтан, бұл типті ортақ төл сөз белгілері әртүрлі экспрессивті синтаксистік құрылымдар болып табылады: параллельді құрылымдар, инверсиялы конструкциялар, риторикалық сұрақтар, лепті сөйлемдер.

Ортақ төл сөз әсіресе авторлық баяндаудан жеке лепті сөйлемдер арқылы берілген кезде анық байқалып, ерекшеленеді. Автор кейіпкердің ішкі ойы арқылы, сол жағдайға өзінің көзқарасын, ойын, яғни автор модалдылығын бере алған. Ол Ш.Айтматов шығармаларында айқын көрінеді:

Неге адамдар бір-бірімен соғысып, қан төгіледі, неге көз жасы көлдей болады, сөйте тұра әрқайсысы менікі дұрыс, оныкі теріс дейді? Сонда ақиқат қайда? Оны айтуға хақылы кім? Бұлардың ақ-қарасын әділдікпен айырып беретін пайғамбар қайда? Фасырлар бойы халықтың жадында сақталып келе жатқан бабалар әні де, міне, осы сұрақты қойды ма? Қайғы мен мұң, ізгілік пен зұлымдықтың арпалысы сұлу әнге айналып әкеден балаға мұра болып келе жатпап па еді? [5, 96].

Мәтінде кейіпкердің ішкі сөйлеуі арқылы берілген ортақ төл сөзді байқауға болады. Сиқырлы музыка әлемін суреттейтін лирикалық авторлық баяндаудан кейін эмоциялар легі мен айшықты интонациямен ерекшеленетін лепті сөйлемдер арқылы кейіпкердің ортақ төл сөзі берілгені анық байқалады. Ортақ төл сөз бұл жерде музыканы тыңдағанда кейіпкердің толғанысын көрсететін лепті сөйлемдер арқылы көрініс табады. Бұл мысалда риторикалық таңданулар арқылы автордың даусы байқалып тұрады.

Кеңейтілген ортақ төл сөзде сұраулы құрылымдардың болуы маңызды ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Сұраулы сөйлемдер тізбегі модалдылықты өзгертудің тиімді тәсілі ғана емес. Олар әрі жеделдету функциясын орындайды, онсыз ортақ төл сөздің бұл типі сирек кездеседі.

Сен өзіңнің шәкірттеріңе, жақын-жуық тілеулестеріңе: егер мені қреске керіп өлтірсе, үш күннен соң қайта тірілемін деп айттың ба? Қайта тірілген соң рисалатты күндердің бірінде жерге қайта ораламын деп сендірдің бе? Жер бетіне қайта оралып, қазір тірі жүргендерге де, әлі дүниеге келе қоймағандарға да, жан баласының барлығына, дүние жаралғалы бері туған барлық ұрпақтарға Сойқан сот құрамын, дедің бе? Ол сенің бұл дүниеге екінші келуің болады-мыс. Осы айтқаның рас па? [5, 231].

Кейіпкер сөйлеуінде сұраулы сөйлемдерді қолдану арқылы ашу-ыза мен наразылық

сияқты сезімдерді білдіреді. Сонымен қатар, автордың айқайын, осы эмоциялық интонацияларда қоғамға қойған сұрақтарын байқауға болады. Яғни автор модалдылығы осылайша көрініс табады.

4) Күрделенген ортақ төл сөз.

Біз қарастырған ортақ төл сөздің алдыңғы үш түрі анық байқалып тұратынын айттық. Бірақ кейде ортақ төл сөз, дәстүрлі функцияда сөйлей отырып және кейіпкерлердің ішкі сөзін бере отырып, өзінің монологы мен тұйықтығын жоғалтады. Ол диалог ретінде құрылады, немесе басқа кейіпкерлердің сөздерін, сипаттама және баяндау сипатының үзінділерін қамтиды. Төменде біз осы жағдайларды қарастырамыз.

Күрделі түрдегі ортақ төл сөз диалог ретінде құрылуы мүмкін, ол өз-өзімен сөйлесуден немесе жоқ сұхбаттасушыға жүгінуден тұрады. Жазушылар монолог түрінде кейіпкердің ішкі сөйлеуін беруде ортақ төл сөзді жиі қолданады. Бұл жайында орыс тілшісі О.С. Федотова былай дейді: "Ортақ төл сөз "ішкі монолог" терминімен тығыз байланысты және ол кейіпкердің іштей сөйлеуін, оның "ой ағымдарын" жеткізетін жалғыз форма. [8, 132].

М.М.Бахтин де ішкі сөйлеудегі "сұхбаттасушылар" құбылысын қызыға зерттеді. Ол оны сөздердің сұхбаты ретінде қарастырды. Ғалым монологтың диалогтық мәнін келесі сөздермен ашты: "екінші сұхбаттасушының диалогын елестетейік, алайда екінші сұхбаттасушының сөздері берілмейді, десек те екі сұхбаттасушының диалогының мәні одан бұзылмайды. Екінші әңгімелесуші анық емес, оның сөзі жоқ, бірақ оның орны бірінші әңгімелесушінің барлық сөздері арқылы анықталады. Бір ғана кейіпкер сөйлеп тұрса, біз бұл екі сұхбаттасушы арасындағы әңгіме екенін сеземіз, өйткені әрбір айтылған сөздің астары көрінбейтін сұхбаттасушыға жауап береді және өзінен тыс, өз шегінен тыс, айтылмаған бөтен сөзге бағыттап тұрады" [9, 90]. М. М. Бахтиннің бұл пікірінен сөйлеу формасы ретінде монолог берілсе, ал монологта диалог жасырылса, бұл сөйлеуді диалог деп қабылдаған жөн. Автор модалдылығы және оны беру тәсілдерінің бірі – ортақ төл сөз әдетте монолог ретінде рәсімделеді, бірақ монологтың өзінде екі сананың соқтығысуын аңғаруға болады, мысалы:

Рухтың қасіретті ой-санасын оятқан, содан бері жыл санағы басталған Иисус деген кім өзі? Иисус оның идеясы кімге, неге керек? Неге ғана сол Иисус креске керіліп өлтірілгелі бері адамдардың ақыл-ойы бір тыным таппай тыпырши береді? Тіпті адамзат тарихындағы осы жолдың мән-мағынасы неде өзі? Егер де ізгі мақсат, оқымыстылар айтқандай, адам сүю идеясы – гуманизм идеясы болатын болса, онда ол адамның өзін-өзі табу жолы, ақылды жаратылған тіршілік иесі ретінде өзінің рухын шексіз жетілдіре беру жолы. Рас, солай екен, онда бұл жол о басында неге сонша шырғалаң, аур әм қатыгез жаратылған? Материалистік ғылым христиан дінінің моласына қада қағып қойған жоқ па? Қазіргі адамға дін жолын ұстанудың түкке де керегі жоқ сияқты [5, 256].

Бұл мысалда кейіпкер ішкі сөйлеуіндегі тартыс берілген. Бұл тартыс мұнда кейіпкердің өз-өзімен сөйлесуі және басқа кейіпкермен ортақ төл сөз түрінде сөйлесуі арқылы көрініс табады. Автор модалдылығы мәтін астары, яғни реципиент пен автордың бірлескен шығармашылығының нәтижесінде қалыптасқан, имплицитті-коммуникативтік сипатқа ие ақпарат арқылы көрініс табады.

Диалогталған ортақ төл сөз белсенді дамып келеді, ол толық сипатқа ие болады. Кейде диалогталған ортақ төл сөз төл сөз репликаларымен бірге беріледі, мысалы:

– Несі бар? Сен менің мұнымды құдайды қорлау, күнәға бату деп ойлайсың ғой, сірә? Әлбетте! Сенің құлағыңа түрпідей тиеді екен ғой. Мен сенің бақталасың болдым-ау, осы! Сенің жолыңды кес-кестеп кеткенімді қарашы. Иә, сайтан алғыр, иә ақша, иә, наша! Ал егер білгің келсе – дүниенің кілті ақшада. Сенің ойыңша, ақшаның ерекше Құдайы бар ма? Ал шіркеуде, яки басқа мекемелерде, сендер немене, ақшасыз-ақ амалдай бересіңдер ме?

– Ой, ол мүлде басқа мәселе ғой!

– Тек! Оттама! Бұл дүниеде бәрі де сатылады, бәрін де, тіпті сенің Құдайыңды да сатып алуға болады. Ал сендер адамдарды емексітіп, тіпті о дүниеде көресіңдер деп уәде

ететін қызық пен кәйіпті, мен оларға тым құрыса, осы дүниеде-ақ бере аламын. Бұл дүниеде адамға шын рақатты, көңіл хошын, еркіндікті тек кәйіптен ғана табасың. Мейлі, сол рақат бір сәттік қана болсын, мейлі, сандырақ сияқты-ақ болсын, бірақ, әйтеуір, бақытты шақ қой. Ондай сәтті тек ақыл-ойды кәйіп-тұман басқанда ғана көруге болады. Ал, сендер, діншіл ақылгөйлер, тіпті осы жалған ләззаттан да құр алақансыңдар.

– Бір ғана нәрсең дұрыс – осының бәрі жалған рақат, адамның өзін-өзі алдауы [5, 183].

Бұл мысалдан Ш.Айтматов нашақорлықпен айналысып, қанша тағдырдың тауқыметіне себепкер болған жағымсыз кейіпкерін (Гришанды) диалог арқылы суреттей отырып, сол дәуірдегі атеистік идеология адамдарының ойларына деген өз көзқарасын, яғни автор модалдылығын ортақ төл сөз арқылы шебер бере білген.

Бұл үзіндіде диалогталған ортақ төл сөз төл сөздің репликаларымен бірігіп кеткендіктен, күрделенген. Бұл әртүрліліктің ортақ төл сөздің барлық қиындықтары мен әртүрлілігіне қарамастан, сөйлеу формасы ретінде диалог пен монолог бөлек емес, өзара байланыста екенін мойындамауға болмайды. Диалогталған ортақ төл сөз кейіпкердің ойлары дау тудырған немесе әртүрлі көзқараспен тап болған кезде пайда болады. Ол кейіпкердің көзқарасын жандандырады және бұл диалогқа қатысуға еркін немесе беймәлім дайын оқырмандарға қатты әсер етеді.

Диалогтан басқа, ортақ төл сөз басқа кейіпкерлердің бөгде сөздерін қосу арқылы да қиындайды. Ортақ төл сөз күрделенуі сипаттамалық және баяндау сипатындағы фрагменттерді қамтиды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Көркем мәтінді талдау кезінде авторлық «мен» және оның мәтінде жүзеге асырылуын назардан тыс қалдырмау қажет. Авторлық «мен» көркем мәтінде автор модалдылығы категориясымен жүзеге асырылады. Автор модалдылығы – мәтіннің көркемдік дискурс деңгейіндегі категориясы, өйткені ол мәтінді қабылдаудың коммуникативтік контекстінде іске асырылады; авторлық модалдылық интегративті болып табылады, бұл мәтіннің формальды-грамматикалық және концептуалды-семантикалық құрылымында көрінеді; авторлық модалдылық мәні бойынша диалогтік санат болып табылады, өйткені ол мәтіннің бастапқы идеясын түсінудің эстетикалық актісінде («автор-оқырман» диалогы) сөз субъектілерінің қарым-қатынастары жүйесінде іске асырылады.

Көркем мәтінде автор модалдылығын білдірудің ең белсенді тәсілдерінің бірі – кейіпкерлердің ішкі әлемін бейнелеудің үлкен мүмкіндіктеріне ие **ортақ төл сөз** болып табылады. Ортақ төл сөздің төрт түрін талдау олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі мен жалпы элементтері бар екенін көрсетеді. Авторлық баяндаудан ортақ төл сөзді бөліп алу тек грамматикалық белгілері бойынша ғана емес, мағыналық белгілері бойынша да орын алады. Талдау нәтижесінде Ш.Айтматовтың «Жанпида» романында ортақ төл сөз арқылы автор модалдылығын қандай тәсілдер арқылы жүзеге асырғанын байқадық. Аталған романда ортақ төл сөздің төрт түрі де: 1) сөз және сөз тіркестері түріндегі ортақ төл сөз; 2) жай сөйлемдер немесе құрмалас сөйлемнің бір компоненті түріндегі ортақ төл сөз; 3) кеңейтілген түрдегі ортақ төл сөз; 4) күрделенген ортақ төл сөз қолданылған, оған дәлел ретінде мысалдар келтірілді.

XX ғасыр жазушыларының романдарының көпшілігіне ортақ төл сөз бен көркем мәтіндегі монолог тән екенін атап өтуіміз қажет. Ортақ төл сөзге психологиялық контекст тән болғандықтан, жазушылар арасында танымал болды деген болжам жасауға болады. Бұл ретте ортақ төл сөзге тән эмоционалдық реңк кейіпкердің сөзімен емес, әңгімелеушінің сөзімен беріледі. Бұл көркем әдебиеттен басқа стильдерде кездеспейді.

Көркем әдебиетте ортақ төл сөзді қолданудың формалары мен функциялары күрделі және әр алуан. Ортақ төл сөзді қолдану бір құбылысты бір уақытта әртүрлі көзқараспен (субъективті және объективті тұрғыдан) қабылдауға мүмкіндік береді.

Көркем мәтіндегі ортақ төл сөзге талдау жасай келе, тұтас шығарманы жасауда автордың көзқарасы, ұстанымы әрдайым шығармадан шеттетілмейтініне көзіміз жетті. Ал автор модалдылығы мәтінді түзуші, ұйымдастырушы рөл атқаратын категория деген тұжырымға келдік. Мәтіннің өн бойында шарттылық бар, бірақ автор стратегиясы шығарманың мәнін тереңдетуге бағытталады. Мәтіннің шарттылық құрылымы автордың тілдік бейнесін, көркем және эстетикалық позициясын, оның сан қырлы көзқарастарын білдіреді.

Автордың ойы мәтінде мәтіннің грамматикалық құрылымы мен мағыналық аспектісін біріктіретін авторлық модалдылық категориясы арқылы жүзеге асырылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Серғалиев М. Сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1989. – 196 б.
Sergaliev M. Sóz sarasy. – Almaty: Jazyshy, 1989. – 196 b.
- 2 Кәрімов Х. Қағатты тіл. – Алматы: Санат, 1995. – 141 б.
Karimov H. Qagatty til. – Almaty: Sanat, 1995. – 141 b.
- 3 Әбілқайев А. Қазақ тіліндегі төл сөз бен төлеу сөз. – Алматы, 1956. – 80 б.
Abilqayev A. Qazaq tilindegi tol sóz ben toley sóz. – Almaty, 1956. – 80 b.
- 4 Шалабай Б. Қазақ тілі білімінің мәселелері. – Алматы: Арда, 2016. – 488 б.
Shalabay B. Qazaq til biliminiń máseleleri. – Almaty: Arda, 2016. – 488 b.
- 5 Айтматов Ш. Жан пида. – Алматы: Жалын, 1988. – 477 б.
Aitmatov Sh. Jan pida. – Almaty: Jalyn, 1988. – 477 b.
- 6 <https://runivers.ru/lib/book3182//Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона>
<https://runivers.ru/lib/book3182// Entsiklopedicheskiy slovar' Brokgauza i Yefrona>
- 7 Кочкарев Ф.Е. История и теоритические аспекты исследований антропоморфизма животного мира в мировой художественной литературе. – Политематический сетевой электронный журнал Донского государственного технического университета, №6(9) 2017, С. 210-215
Kochkarev F.Ye. Istoriya i teoriticheskiye aspekty issledovaniy antropomorfizma zhivotnogo mira v mirovoy khudozhestvennoy literature. – Politematicheskiy setevoy elektronnyy zhurnal Donskogo gosudarstvennogo tekhnicheskogo universiteta, №6(9) 2017, S.210-215
- 8 Федотова О.С. Соотношение интроспекции и несобственно-прямой речи. – Вестник Челябинского государственного университета, 2009. №34 (172). Филология. Искусствоведение. Вып. 36. С. 131–135.
Fedotova O.S. Sootnosheniye introspektsii i nesobstvenno-pryamoy rechi. – Vestnik Chelyabinskogo gosudarstvennogo universiteta, 2009. №34 (172). Filologiya. Iskusstvovedeniye. Vyp. 36. S. 131–135.
- 9 Бахтин М.М. Проблемы творчества Достоевского / М. М. Бахтин. – М., 1994. – 179 с.
Bakhtin M.M. Problemy tvorchestva Dostoyevskogo / M. M. Bakhtin. – M., 1994 s.

Материал 20.02.2020 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Sergaliev M. Vocabulary. – Almaty: Writer, 1989. – 196 p.
- 2 Karimov Kh. Figurative language– Almaty: Sanat, 1995. – 141 p.
- 3 Abylkayev A. Direct and indirect speech in the Kazakh language. – Almaty, 1956. – 80 p.
- 4 Shalabay B. Problems of Kazakh language education. – Almaty: Arda, 2016. – 488 p.
- 5 Aitmatov Sh. Plakha – Almaty: Zhalyn, 1988. – 477 p.
- 6 <https://runivers.ru/lib/book3182// Encyclopedic Dictionary of Brockhaus and Efron>
- 7 Kochkarev F.E. History and theoretical aspects of studies of the anthropomorphism of the animal world in the world of fiction. – Polythematic network electronic journal of the Don State Technical University, No. 6 (9) 2017, P.210-215

- 8 Fedotova O.S. The ratio of introspection and improperly direct speech. - Bulletin of the Chelyabinsk State University, 2009. No. 34 (172). Philology. Art history. Issue 36. P. 131-135.
- 9 Bakhtin M.M. Problems of Dostoevsky's creativity / M. M. Bakhtin. – M., 1994 p.

Несобственно-прямая речь как способ выражения авторской модальности в художественных текстах

Г.Ж. Искакова

Кокшетауский государственный университет им. Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

В статье рассматривается функционирование несобственно-прямой речи как способа выражения авторской модальности в художественных текстах. Несобственно-прямая речь позволяет писателю сочетать собственно авторскую характеристику с самохарактеристикой героя. Здесь отражаются языковые особенности чужого высказывания, манера речи персонажа произведения. В несобственно-прямой речи эмоциональная окраска, характерная для прямой речи, передается не от имени литературного героя, а от имени автора, рассказчика, который в этом случае выражает мысли и чувства своего персонажа, сплавляет воедино его речь со своей речью. Этот способ получил широкое распространение в литературных произведениях авторов XIX-XX веков.

Важно отметить, что формализм является единственной русской теоретической школой в литературоведении, принципы и подходы которой были приняты на Западе и транслировались не только в филологических науках, но и смежных дисциплинах. Так, знаменитый французский ученый антрополог и философ Клод Леви-Стросс взял за основу своей «Структурной антропологии» (1958) идеи и концепции, описанные В.Я. Проппом в его труде «Морфология сказки» (1928).

Следующая школа в литературоведении, описание специфики которой в настоящей статье является важным, поскольку в своих научных изысканиях эта школа руководствуется «специфически-структурными законами» [6], что отсылает нас к работам ученых, имеющих непосредственное отношение к описанному выше литературоведческому направлению, и позволяет проследить если не преемственность, то взаимосвязь между описываемыми литературоведческими школами.

Порождение новой литературоведческой школы детерминировано, прежде всего, тем, что XX век характеризуется переосмыслением научной парадигмы и переходом от описательно-эмпирического метода к абстрактно-теоретическому. Этот факт порождает и новую литературоведческую школу, в концепциях которой расширяется и укрепляется видение художественного текста как целого, – школу структурализма. Структуралистская методология затрагивает многие социально-гуманитарные науки – языкознание, литературоведение, психологию, антропологию, культурологию. Структурализм можно охарактеризовать как совокупность теорий, рассматривающих культуру человеческого общества в качестве языкового явления. В рамках структуралистской теории явления культуры функционируют как языковая система.

Говоря о данном методологическом направлении в литературоведении, невозможно оставить без внимания Пражский лингвистический кружок, поскольку именно он сыграл важнейшую роль в формировании научных воззрений школы структурализма. Именно в рамках данного лингвистического направления внимание впервые было обращено на изучение литературного языка, на его нормы и функции, были также подняты и рассмотрены проблемы культуры речи. Здесь снова прослеживается четкая связь со школой формалистов, поскольку проблемой функциональных речевых стилей в рамках уже пражского лингвистического структурализма занимался Р. Якобсон, который наряду с упомянутым выше В.Б. Шкловским до своего отъезда из России внес значительный вклад в развитие мысли общества изучения теории поэтического языка (ОПОЯЗ). После вынужденной в 20-ых годах XX века эмиграции в Чехию Р. Якобсон встал у истоков Пражского лингвистического кружка.

Структурный метод в литературоведении, опираясь на данные лингвистической науки, разрабатывает собственный методологический инструментарий, основной целью которого является анализ художественного произведения, и оперирует такими понятиями как, «структура», «функция», «элемент», «уровень», «оппозиция». [7].

«Структура» определяется в качестве «совокупности устойчивых отношений», обеспечивающих «сохранение основных свойств объекта» [8, с. 140]. Как мы понимаем, структура художественного текста и его свойства выступают здесь в неразрывном единстве, стремясь к реализации заданной автором функции.

«Функция», в свою очередь, представляет собой «соотнесенность одного элемента целостной структуры с другими, которая поддерживает существование самой структуры» [9], из чего следует, что связь между структурой и ее неделимой «в пределах избранного способа изучения» [8] частью – «элементом» является двусторонней и взаимообусловленной.

Говоря о художественном тексте как о предмете исследования, важно понимать, что именно структура текста, являющая собой связь элементов, делает его целостным. Эту целостность показывает и тот факт, что при изменении одного элемента структуры изменения претерпевают и другие элементы, что позволяет говорить о системном характере

структуры. На это свойство структуры позже указывал Клод Леви-Стресс. Структура и ее элементы исследуются в рамках данной литературоведческой методологии на определенном уровне, который предполагает «однорядковость элементов, связанных отношением, или однорядковость отношений в структуре элемента. Уровни выделяют на основе *оппозиции* – бинарного положения противопоставляемых элементов или ряда отношений в структуре объекта. Оппозиция является отражением положения – размещения элементов или рядов отношений в его структуре» [8, 140].

Структурный подход к анализу в литературоведческой науке по своей сути является методом с четко определенной последовательностью действий, разработанной в ходе развития данного направления. Четкая, алгоритмизация действий при анализе художественного текста структурным методом, а также возможность вскрывать глубинные смыслы в ряде оппозиционных уровней, значительно обогащают арсенал современного литературоведа. Стоит отметить, что структурный метод применим лишь к текстам на языке оригинала, поскольку анализ происходит в рамках языковых уровней – фонетического, морфологического, синтаксического. К указанным выше языковым уровням добавляется дополнительный, характерный именно для данного литературоведческого метода уровень – идейно-образный. Развертывание смыслов текста происходит при наложении двух осей друг на друга – оси выбора и оси сочетания.

ВЫВОДЫ

Таким образом, прослеживается четкая взаимосвязь между рассмотренными в настоящей статье литературоведческими методами – формальным и структурным. Данную взаимосвязь можно определить сразу по нескольким параметрам: философской, научной и методологической основам. Также не стоит забывать об исторической и междисциплинарной преемственности, которая, как мы видим, существует между формальным и структурным методами. Кроме того, появившиеся в конце XX века, начале XXI веков новые критические подходы к анализу текста художественных произведений были во многом обусловлены описанными в настоящей статье методами. Именно инструментарий, разработанный школой структурализма, послужил современным критическим методам доказательной базой.

Как уже упоминалось, структурный подход в XX веке был характерен не только для гуманитарной науки, но и для других научных отраслей, и оказал влияние на развитие науки в целом. Подобно, формализму структурализм оставляет без внимания общественно-идеологическую и историческую составляющие литературного произведения, но в отличие от первого концентрируется не на производимом впечатлении, а на внутренней структуре художественного произведения. Данный факт свидетельствует о том, что этот подход к анализу текста художественного произведения позволяет четко проследить порядок внутренних логических связей изучаемого явления, дает о нем представление как о сложной, разноуровневой структуре, обладающей целостностью. На наш взгляд, освоение и использование описанных в настоящей статье литературоведческих методов значительно обогащает арсенал современного литературоведа, поскольку позволяет подойти к художественному тексту как к целостной структуре и выявить глубинные или скрытые смыслы.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Звегинцев В.А. Язык и лингвистическая теория. М.: Эдиториал УРСС, 2001 – 248 с.
Zvegintsev V.A. Yazyk i lingvisticheskiye teoriya. M.: Editorial URSS, 2001 – 248 s.
- 2 Шкловский, В.Б. О теории прозы. – М.: Советский писатель, 1983. – 385 с.
Shklovsky V.B. O teorii prozy. – M.: Sovetskiy pisatel, 1983. – 385 s.
- 3 Шкловский В.Б. Искусство как прием / О теории прозы. – М.: Советский писатель, 1983. – 385 с.
Skovskiy V.B. Iskustvo kak priem / O teorii prozy. – M.: Sovetskiy pisatel, 1983. – 385 s.

4 Энгельгардт Б.М. Формальный метод в истории литературы. – Л.: Academia, 1927. – Вып. 2. – 120 с.

Engelgard B.M. Formalniy metod v istorii literatury. L.: Academia, 1927. – Vypusk 2 – 120 s.

5 Шкловский, В.Б. Повести о прозе. – М.: Художественная литература, 1966. *Shklovskiy V.B. Povesti o proze. – Khudozhestvennaya literatura, 1966.*

6 Тынянов Ю.Н. Поэтика. История литературы. Кино. – М.: 1977. – 282 с.

Tynyanov Y.N. Poetika. Istoriya literatury. Kino. – M.: 1977. – 282 s.

7 Николаев П.А., Баландин А.И., Гришунин А.Л. и др. Академические школы в русском литературоведении. – М.: Наука, 1975 – 515 с.

Nilolyaev P.A., Balandin A.I., Grishunin A.L. Akademicheskiye shkoly v russkom krititsizme. – M.: Nauka, 1975 – 515 s.

8 Зинченко В.Г., Зусман В.Г., Кирнозе З.И. Литература и методы ее изучения. Системно-синергетический подход. – М.: Флинта: Наука, 2011 – 280 с.

Zintchenko V.G., Zusman V.G., Kirnoze Z.I. Literatura i metody ee izutcheniya. Sistemno-sinergeticheskiya podkhod. – M.: Flinta: Nauka, 2011 – 280 s.

9 Levi-Strausse C. Antropologie structurale. – Plon, 1958. – 306 p.

Материал поступил в редакцию журнала 04.03.2020

REFERENCES

1 Zvegintsev V.A. Language and linguistic Theory. M.: Editorial URSS, 2001 – 248 p.

2 Shklovsky V.B. Theory of Prose. – M.: Soviet writer, 1983. – 385 p.

3 Shklovsky V.B. Art is a technique / Theory of Prose. – M.: Soviet writer, 1983. – 385 p.

4 Engelgard B.D. Formal methods in history of literature. – L.: Academia, 1927. – Edition 2. – 120 p.

5 Shklovskiy V.B. Tales of prose. – M.: Fiction, 1966.

6 Tynyanov Y.N. Poetika. History of literature. Cinema. – M.: 1977. – 282 p.

7 Nilolyaev P.A., Balandin A.I., Grishunin A.L. Academic schools in Russian literary criticism. – M.: Science, 1975 – 515 p.

8 Zintchenko V.G., Zusman V.G., Kirnoze Z.I. Literature and methods of its study. Systemic synergistic approach. – M.: Flinta: Science, 2011 – 280 p.

9 Levi-Strausse C. Antropologie structurale. – Plon, 1958. – 306 p.

Көркем мәтіннің тұтастығы туралы

В.В. Фирсов

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ., 100028, Қазақстан Республикасы

Қазіргі филология ғылымы өзінің интегративті және пәнаралық екенін дәлелдейді, олар әдіснамалық сабақтастықта өз көрінісін табады. Бұл тұрғыда әдебиеттану өте репрезентативті, өйткені көркем шығарманың мәтінін талдау әдістерін ұсынатын мектептер мен бағыттар арасындағы нақты байланысты байқауға мүмкіндік береді. Көркем шығарманы әдебиеттанулық талдаудың негізгі мектептерін түсіну маңызды, өйткені қазіргі сыни тәсілдерді терең түсінуге мүмкіндік береді. Мақалада әдебиеттану теориясындағы екі әдіснамалық бағыт – формализм және структурализм қарастырылады. Авторлар осы әдіснамалық мектептер арасындағы өзара байланыс пен сабақтастықты, сондай-ақ олардың көркем шығарманың мәтінін талдау принциптері мен тәсілдеріне әсер еткен филология ғылымының басқа салаларымен байланысын бақылауға әрекет жасайды. Көркем шығарманың мәтінін талдау алгоритмін анықтау мақсатында осы әдебиеттану бағыттарында пайдаланылатын "қабылдау", "шеттету", "құрылым", "элемент", "функция", "оппозиция", "деңгей" сияқты негізгі ұғымдарға анықтамалар беріледі. Авторлар

осы әдебиеттегі бағыттарда көркем шығарманың мәтінін тұтас құрылым ретінде қабылдау алғаш рет пайда болатынын айқындайды.

Материал 04.03.2020 баспаға түсті

On the issue of the integrity of a literary text

V.V. Firsov

E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda, 100028, Republic of Kazakhstan

Contemporary philological science proves its integrativity and interdisciplinarity, which are reflected in the methodological continuity. In this regard, literary studies are very representative, since it allows us to trace a clear connection between schools and areas that offer methods for analyzing the text of a literary work. Therefore, understanding of the main schools of literary analysis of a literary work is important because it provides a deep understanding of modern critical approaches. The article considers two methodological directions in the theory of literary criticism - formalism and structuralism. The authors attempt to trace the relationship and continuity between these methodological schools, as well as their relationship with other branches of philological science, which have influenced their approaches and principles of analysis of the text of a work of art. Definitions are given of the basic concepts, such as: "reception", "exclusion", "structure", "element", "function", "opposition", "level", which are used within the framework of these literary areas in order to identify an algorithm for analyzing the text of literary work. The authors reveal that it is in these literary areas that the perception of the text of a literary work as an integral structure first appears.

Received 04.02.2020

УДК 82:801.6; 82-1/-9

Чи Шаубиң¹, С. Ысқақұлы², А. Шапауов³, Е. Гладкова⁴

¹ф.ғ.д, профессор, Илийский педагогический университет, г. Кульджа, 835000, Китайская Народная Республика

²ф.ғ.к, доцент, Илийский педагогический университет, г. Кульджа, 835000, Китайская Народная Республика

³профессор, Кокшетауский государственный университет им. Ш.Улиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан, <http://orcid.org/0000-0002-3709-4309>

⁴магистр филологии, Кокшетауский государственный университет им. Ш.Улиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-3413-4811>

ТАҢЖАРЫҚ – ПОЭТ-ХУДОЖНИК

Удивительное мастерство классика казахской литературы Китая Танжарыка Жолдыұлы, отражается в прекрасной пейзажной лирике акына. Данное направление занимает особое место в творчестве поэта и навеяно традициями Абая и Ильяса Жансугурова. Учась у них, исследуемый автор находит собственные метафоры, эпитеты, и по-своему изображает пейзаж.

В казахской литературе Китая Танжарык описал степной пейзаж в стиле Абая. Танжарык – художник-поэт, оказывающий сильное воздействие на душу, с особой элегантностью, естественностью и образностью. Танжарык Жолдыұлы нес идею свободы и образования народа.

В статье приведен подробный анализ авторского творчества, ставшего шедевром классической казахской литературы.

Ключевые слова: Танжарык, лирика, пейзаж, картина, народ.

ВВЕДЕНИЕ

Танжарык Жолдыулы – поэт, просветитель, композитор, автор тридцати тысяч различных стихотворных произведений. Известный основоположник письменной литературы среди казахов Китая.

Т.Жолдыулы – активный гражданин, вступавший в борьбу за равноправие и независимость народа. Данная статья посвящена его трудам. Наследие акына стало духовным продолжением традиций Абая, Шакарима, Магжана. Тем не менее, его творчество остается малоизученным.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Танжарык был глубоко эмоциональным человеком, питавшим глубокую страсть к красоте природы, исполненным прекрасными мыслями и мечтами о счастливой жизни, обладавшим боевым духом. Восхищает его удивительное лирическое видение красоты мира, которое мы можем наблюдать в его стихотворениях.

В произведениях Танжарыка часто присутствует описание явлений природы. Они занимают особое место в лирике поэта. Ученые З. Сейтжанов [1, 73], О. Егеубаев [2, 173-182] в своих трудах обратили особое внимание на впечатляющий художественный образ отечественной природы, нарисованный акыном.

В самом начале творческого пути акын брал пример с основателей казахской письменной классической литературы. При описании пейзажа в поэзии видится очевидное влияние произведений Абая Кунанбаева. Создавая «Басню о весне», «Басню о лете», акын был вдохновлен тем временным отрезком, в котором жил Абай. Также прослеживаются сходства со знаменитыми хвалебными песнями Ильяса Жансугурова «У видов Иле» и «Картины Жетысу». Находясь под впечатлением творчеством Абая и Ильяса, акын не копировал их работы. Учась описанию, в своем видении природы он использует собственные художественные средства.

Казахский народ един с природой, она ему очень близка. С древних времен люди находились в погоне за прохладным и свежим миражом пустыни, интересуясь этим уникальным явлением в природе. Возможность заглянуть во внутренний глубокий мир природы раскрывает потенциал для художественного повествования. Во времена Мухтара Ауэзова: «...Веселясь на широких просторах и открытом воздухе, смешав прекрасными красками землю, зелень, воду, дерево, гору и камень, с чудесным воображением и свободной головой растет баловнем один соединившийся с природой мальчик» [3, 140], – написано о видах степей в казахской литературе в Китае. Стоит отметить то, что это прекрасное описание природы Танжарыком было основано по примеру творчества Абая.

Мастерство акына особенно заметно в его описаниях времен года. Например, в стихотворении «Басня о весне»:

Прошла зима, потеплело,
На земле растаял снег и иней.
Насытившись, земля обновилась,
Хороший период для человека и скота...
Не будет снега по щиколотку,
Земля раскрыла свой облик...

Эти строки созвучны с содержанием стихотворения Абая «Начало лета», в котором великий казахский поэт рисует обычаи народа.

Исследуемый акын – друг природы. Он описывает времена года в характерной ему манере. В стихотворениях Танжарыка можно увидеть, как переплетаются картины времен года с реалиями жизни. Потому что он – «акын-художник, который сначала мысленно порождает образ стихотворения и значимые для него элементы использует совместно с описанием действий людей, затем его мысли появляются на бумаге» [4, 40]. Подтверждаются слова при чтении стихотворения под названием «Басня о лете»:

На шумных людских улицах рассветало,
 Оживились спящие ночью люди.
 Шел разгоряченный юноша,
 Раздеваясь и резво двигаясь.
 В шумном дворе баран, снаружи корова,
 На аркане жеребец, сбоку кобыла.
 Широкая улица равномерно наполнялась,
 Люди толкались, мешая друг другу.
 Побили собаку, плакал ребенок, бык брыкался,
 Наступив на упавший груз, убежала корова.
 Аксакалы заметили стойбище,
 «Пусть будет тут, – говорили они,
 – удобное пастбище!», поверив в знаменования...

В рамках продолжающейся саги этот отрывок освещает характер казахского общества и отражает кочевую жизнь типичных летних пастбищ. Таким образом, он является настоящей и знакомой картиной описания природы. В этом стихотворении есть сходства с произведением Абая «Лето», но все-таки содержание их различно. Если Абай в своем стихотворении описывает только один конкретный момент лета, например, как в июле аулчане переносят юрты ближе к озеру. В повествованиях Танжарыка показаны реальные заботы населения в мельчайших подробностях. Например, как они вспахивают грядки на удобно расположенном хребте, держат кобылу для дойки кумыса, ставят самовар на огонь, кочуют с места на место, косят траву и многое другое. Прочитав стихотворение, невольно погружаешься в этот замечательный быт. Появляется желание сесть на лошадь и поскакать на это зеленое пастбище. Поэтому, будь то природа, описанная поэтом, или же жизнь общинных пастухов, воспринимая стихотворение, читатель будто иллюстрирует все эти психологические образы своими глазами. Известный ученый З.Сейтжанов пришел к следующему заключению: «Непорочная сельская природа гармонично сочетается с трудовым ремеслом. Насыщенность национальных красок в стихотворениях Танжарыка знакомит нас еще с одной особенностью описания. Акын, основополагаясь на истинную правду, с особым мастерством описывает деяния людей, сидящих на лоне природы, описав точь-в-точь их душевное состояние» [1, 74].

Танжарык, описывая отечественную природу, находит различные орнаменты в виде полумесяца... Возрождая пейзажи, он воодушевляется. Ему пишут песни, посвящают слова, танцуют. Читая его, сердце начинает биться быстрее. Природная искренность и лиризм волнуют внутренний мир. Поневоле отправляешься в объятия природы. К ней порываются увлеченность и избыток любви» [2, 178].

Прочитаем стихотворение акына под названием «Один день лета»:

...Солнце, смеясь, освещает весь мир,
 И уклоняющийся от лучей лес.
 Кругом радостно сияя,
 Словно привела домой жениха в первый раз,
 Умывшись утренней росой, земля расцвела,
 Ожидая солнце, словно невесту.
 Благоухал аромат цветов,
 Желтая коса срезала их...

В этих строках акын описывает летние серебряные дни, так как солнце, только встающее на востоке, похоже на того жениха, который пришел в дом невесты, чтобы жениться, а земля готовится к встрече с ним. Если сравнить связь земли и солнца с жизнью человека при помощи олицетворения этой красоты, то внимание фокусируется на чувствах человеческой души. Однозначно, что природа и человек неделимы.

В стихотворении «Летнее утро»:

...От первых признаков утра,
Сбегают звезды и луна.
Настигнув видневшиеся белые дома,
Во дворе которых были коровы, –

вот так поэт описывает утро аула, удивительный свет природы, образы явлений, происходящих с утра до ночи, и делится с читателями своими чувствами. Сияние звезд заменили солнечные лучи, озаряя своим светом всю бескрайнюю степь, и автор в своей открытой манере передает нам всю эту красоту.

Улыбаясь, поднялось из-за ущелья солнце,
Красиво сбега отсюда.
Радую весь мир своим смехом,
Окружало изумленных животных.

В этот период помимо этой восходящей красоты автор еще описывает, как юноша скачет на лошади, чтобы догнать красивую девушку. Читая это стихотворение, вместе мы с его ритмом оказываемся под этими летними серебряными лучами солнца и чувствуем, как все вокруг проясняется. Помимо этого, мы от чистого сердца начинаем верить в эту прекрасную и горячую любовь к человечеству.

Прочитав стихотворение Танжарыка об аульной жизни, мы будто мысленно переносимся в эту местность. Например, обратим внимание на строки о летних днях в ауле, где пасется скот:

...Вышел толстый ягненок с перевязанной головой,
Проверив лошадей, вернулся табунщик.
Под ним пегий бык, рядом бурдюк,
Чабан идет с баранами.
Привязав разноцветный фартук,
На холме женщины собирают кизяк,
Радуюсь этому дару.
Коровы, жуя, тянут копыта.
В колыбели плачет ребенок,
Успокаивает мать, накормив его...

Таким образом, перед глазами встает летнее обыденное утро одного дня. Повседневные дела в казахском ауле: утром табунщик с привязанным бурдюком скачет на быке к отаре овец или табуну лошадей и баранов, проверяет их количество и состояние, женщины собирают на холме плоды, доят коров и т.д. Все эти действия словно совершаются на наших глазах. Дыхание лета в казахском ауле в форме стихотворения отражает жизнь людей в более динамичном виде. Мы можем увидеть насколько высоко мастерство акына в его красочном описании жизни аула.

Во время чтения лирики о природе и аульной жизни в стихотворениях акына мы видим долину Иле, покрытую цветами. Это как прикоснуться к прекрасному природному краю и соединиться с ним. Мы осознаем, на какой чудесной земле живет казахский народ. Одним словом, произведения Танжарыка являются картиной жизни казахского народа того периода и зеркалом природы Иле. «В истории литературы не было такого акына, как Танжарык, который бы, как и он, с такой же честностью и правдивостью передал период переселения казахов в Китае, их повседневную жизнь, природу пустыни, культуру и этнографию...» [5, 135].

В содержании стихотворений Танжарыка наблюдается описание красивой и живописной природы Иле. Поэт со свойственным настроением, радостью и надеждой погружает в водоворот природы и призывает с глубокой любовью относиться к родной земле.

Анализируя лирику природы Ильяс Жансугурова, академик Р.Нургали отмечал, что содержание пейзажной лирики у Ильяса не схоже с европейскими примерами, калорийность национального окраса показана через исключительно насыщенный казахский язык [6, 481-482]. Можно сказать, что лучшим лирическим стихотворением с образами живописной природы является «Вид на Иле».

Несмотря на тот факт, что поэты проживали в двух разных, граничащих между собой государствах, и Ильяс, описавший Жетысу, и Танжарык, восхвалявший долину Иле, писали об одном крае. Описанная в стихотворении Танжарыка долина Иле является частью, относящейся к Жетысу. Разумно будет полагать, что акынов объединяет один рельеф земли. Поэтому существует множество ярких примеров созвучности их пейзажной лирики. Стихотворения, в которых описывается один край и местная природа, дополняют друг друга. Сколько бы ни было сходств в применении тех или иных средств, у Танжарыка присутствует его собственное стилистическое отличие в ритме, изображении и использовании художественных приемов. В его стихотворениях описание живописной природы украшено точными и соответствующими красками. Проведя там свое детство, юношество и отрочество, будучи свидетелями страданий, печали, горести и радости народа, акыны были тронуты до глубины души красотой природы родного края.

Ильяс Жансугуров в «Картине Жетысу»:

Горячее озеро блестит, как зеркало земли,
Вокруг Балхаша колышется камыш.
Текут шесть рек Жетысу,
Всхлипывая, плачут по Балхашу, –
Каркара тверда, как казахская кольчуга,
Как теща пылкого албанца.
Сбоку от сосны полевая арча,
На радость пасущемуся скоту.
Серый козел, упрямый как тик,
Корчил из себя барина местности.
Тысяча лошадей измяли пшеницу,
Оказавшись для нее судьями.
Толстые и неторопливые,
Облизывались на чашу молока.
Журавль был к лицу зеленому жайляу.
Дома лепешки и курт лежали на полке.

Танжарык с характерной ему правильной точностью описывал географическое местоположение региона Жетысу, пастбища, реки, озера, горные хребты и вершины в произведении «Вид на Иле»:

Среди них покачивалась рябина,
Подросток богачей как господин.
Вполголоса сплетничают листья,
Словно делятся с друг другом тайнами.

Или

С хмурым холодного цвета каменистой скалы,
В чапане с рваной заплаткой лежала арча...
Молча сгибался шиповник,
Закрыв глаза от жизненной печали.

В описании леса, деревьев, каменистых гор и растений акын, оживляя их, использует художественный прием олицетворения. И Ильяс, и Танжарык с особым чувством воспевают

свое место рождения, его горные просторы, озера, реки, леса, дороги, мир диких и домашних животных.

Читатель, знакомясь со строчками особенного описания природы в стихотворении «Виды Иле», удивится, придет в восторг от этой живописной природы, наполненной цветными красками, и не останется разочарованным, если все-таки посетит долину Иле. Одним словом, поэтическим языком этого стихотворения будто создана географическая карта Иле.

Красноречивый акын не упустил возможности написать о подобном прекрасном природном ансамбле и гармонии. О дремучем лесе на холме, где деревья распустили свои листья, о камнях у подножия горных потоков и о рыбах, плавающих в горных реках. В этой зеленой местности, наполненной растениями и цветами, находились не только люди, а также множество видов животных и птиц. В одном отрывке акын изображает мир птиц:

У подножья разжиревшие лебедь и гусь,
Неприятно ворча приближаются.
Двигаясь неуклюже, утка и гусь,
Укоризненно бурчали, словно старики.
Каравайка, расчесывая крылья,
Вздыхая, кряхтел, как больной старик.
Затихали, словно армия, игравшая марш,
На озере, журча, серая цапля и журавль...

Акын воспеваает природу с особой гордостью. Только перо Танжарыка способно с помощью поэтического языка нарисовать такие душевные и пламенные картины.

ВЫВОДЫ

Танжарык – поэт-художник, который влияет на душевный мир человека и с исключительной разборчивостью изображает каждый образ природы. Он использует прием психологического олицетворения для оживления неодушевленной природы.

В нашей богатой устной литературе есть множество стихотворений, посвященных земле, воде и картинам природы в целом, но Танжарык тоже был вдохновлен этой темой, и у него в написании были свои характерные особенности.

СПИСОК ИПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Сейітжанов З. Шыңжаң қазақ әдебиеті.– Алматы: Қазақ университеті, 1999.– 185 б.
Seitjanov Z. Shynjan qazaq ádebiyeti. – Almaty: Qazaq úniversiteti, 1999.– 185 b.
- 2 Егеубаев О. Таңжарықтану. – Күйтің: Іле халық баспасы, 2002.– 2-том.– 249 б.
Egeýbaev O. Tañjaryqtaný. – Kúitiń: İle halyq baspasy, 2002. – 2-tom .– 249 b.
- 3 Әуезов М. Абай тағылымы // Абай. – 1995. – № 1-2. – 140 б.
Áýezov M. Abai taǵylymy // Abai. – 1995. – № 1-2. – 140 b.
- 4 Токтаубайұлы М. Акын Таңжарық өлеңдеріндегі суреткерлік өнер // Іле педагогикалық институты ғылыми журналы. – Құлжа, 1991. – № 2. – 40 б.
Toktaýbaýly M. Aqyn Tañjaryq óleńderindegi sýretkerlik óner // İle pedagogikalyq institúty ǵylymy jurnalý. – Qulja, 1991. – № 2– 40 b.
- 5 Ахметов О. Сөнбес алау // Сөнбес алау. – Күйтің: Іле халық баспасы, 1994. – 322 б.
Ахметов О. Unquenchable flame // Unquenchable flame. – Kuitin: Ili People's Publishing House, 1994. – 322 p.
Ahmetov O. Sónbes alaý // Sónbes alaý. – Kúitiń: İle halyq baspasy, 1994. – 322 b.
- 6 Нурғали Р. Арқау.– Алматы: Жазушы, 1991. 2-том. – 576 б
Nýrgalı R. Arqauý. – Almaty: Jazýshy, 1991. 2-tom. – 576 b.

Материал поступил в редакцию журнала 12.06.2020

REFERENCES

- 1 Seitzhanov Z. Xinjiang Kazakh literature. – Almaty: Kazakh University, 1999. – 185 p.
- 2 Егеубаев О. Таңжарықтану. – Күйтің: Іле халық баспасы, 2002.– 2-том.– 249 б.
- 3 Egeubaev O. Tanzharykology. – Kuitin: Ili People's Publishing House, 2002. – Volume 2.– 249 p.
- 3 Auezov M. Readings of Abai // Abai. – 1995.– № 1-2. – 140 p.
- 4 Токтаубайұлы М. Ақын Таңжарық өлеңдеріндегі суреткерлік өнер // Іле педагогикалық институты ғылыми журналы. – Құлжа, 1991. – № 2. – 40 б.
- 4 Toktaubayuly M. Painting in the poems of the poet Tanzharyk // Scientific journal of the Ili Pedagogical Institute. – Kulzha, 1991. – № 2. – 40 p.
- 5 Ahmetov O. Sónbes alay // Sónbes alay. – Kúitiń: İle halyq baspasy, 1994. – 322 p/
- 6 Nurgali R. Arkau. – Almaty: Writer, 1991. Volume 2. – 576 p.

Таңжарық – суреткер ақын

Чи Шаубин¹, С. Ысқақұлы¹, Ә. Шапауов², Е. Гладкова²

¹Іле педагогикалық университетінің, Құлжа қ., 835000, Қытай Халық Республикасы

²Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

Қытайдағы қазақ әдебиетінің классигі Таңжарық Жолдыұлының гажайып суреткерлігі адамды тамсандыратын, еліктіріп, елжірететін, тамылжыған тамаша табиғат лирикаларынан да көрініс табады. Ақын суреткерлігін танытуда табиғат лирикасы ерекше орын алады. Таңжарық ақынның табиғат көрінісін сипаттауында Абай өлеңдерінің әсері мен Ілияс Жансүгіров ықпалы айқын байқалады. Абай әсерін, Ілияс ықпалын айтқанда, Таңжарықты жадағай көшіруші, жай еліктеуші деп түсінуге болмайды. Олардан суреткерлікті үйрене отырып, өзіндік теңеу, эпитет, метафора тауып қолдану арқылы табиғат көрінісін өзінше бейнелейді. Қытайдағы қазақ әдебиетінде дала келбетін, тамаша табиғат көрінісін Абай үлгісінде суреткерлікпен сызған Таңжарық деуге болады. Таңжарық – нені суреттесе де, жеріне жеткізіп, жан дүниеңе күшті ықпал етерліктей, айрықша талғампаздықпен, табиғи әрі образды етіп бейнелейтін суреткер ақын.

Материал 12.06.2020 баспаға түсті

Tanzharyk – art poet

Chi Shaubin¹, S.Iskakuly¹, A.K. Shapauov², Ye.Gladkova²

¹Ili Pedagogical University, Kulja, 835000, People's Republic of China

²Sh. Ualikhanov Kokshetau State University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The masterpiece of the classic of Kazakh literature in China Tanzharyk Zholdyuly is reflected in the beautiful lyricism of nature, which fascinates, seduces, moves and drips. The lyrics of nature have a special place in the expression of the poet's art. The influence of Abai's poems and Ilyas Zhansugurov's influence on the poet's description of nature is obvious. The influence of Abai, the influence of Elijah, can not be understood as a copy of Tanjaryk, a simple imitator.

Learning from them, he finds his own metaphors, epithets, metaphors and depicts the landscape in his own way. In Kazakh literature in China, it can be said that Tanzharyk painted the steppe landscape, a beautiful landscape in the style of Abai. Tanzharyk is an artist-poet, who, no matter what he paints, conveys it to the place and has a strong impact on the soul, with a special elegance, naturalness and imagery.

Received 12.06.2020

ТІЛДІҢ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

ЭОК 81-139

Е.Б. Асанбаева

гуманитарлық ғылымдар магистрі, докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-2201-795X>

ҚАЗАҚ ТІЛІН КИНОФИЛЬМДЕР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Бұл мақалада білім алушылардың сөйлеу дағдыларын, әсіресе тыңдалым әрекетін дамытудың ерекшеліктері сөз етіледі. Сабақта тыңдалым дағдысын іске асырудың түрлері және негізгі артықшылықтары сараланып, аталмыш үдерісте кинфильмдерді қолданудың жоғары әлеуеті талданады. Жаңа материалды бейнефильмдер арқылы қабылдау білім алушылардың зейінін шоғырландырып, оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға негіз болады. Ал тілдік пәндерді оқытуда кинофильмдерді сабақ мақсатына сай қолдану тілді дискурс аясында яғни шынайы өмірдегі қолданыста меңгеруге негіз болатындығы сөз етіледі. Қазақ тілін оқытуда кинофильмдерді қолданудың ерекшеліктері мен басты артықшылықтары талданып, сабақтың әр түрлі кезеңдерінде жұмыс жасаудың әдістемелік жолдарына шолу жасалады. Бейнефильмді көрсеткенге дейін, көрсету барысында және көрсетілімнен кейін орындауға болатын жаттығулардың мысалдары келтіріледі. Мысал ретінде ұсынылған тапсырмалардың білім алушылардың тілдік тұлғасын дамытуға тигізетін әсері талданады.

Тірек сөздер: кинодискурс, тыңдалым, кинофильмдер, қазақ тілін оқыту, кинофильм дискурсы

КІРІСПЕ

Тіл – адамзаттың басты қарым-қатынас құралы. Қазіргі уақытта ақпаратты қабылдап, түсініп, ол бойынша қарым-қатынасқа түсу, өз ойын еркін білдіру және қағаз бетіне түсіре алу қабілеті жеке тұлғаның қоғамның толыққанды мүшесі ретінде тіршілік етуі үшін әрі оның қалған мүшелерімен өзара әрекеттесуі үшін аса маңызды. Осыған байланысты еліміздің білім беру жүйесін жаңартылған мазмұнға көшіруде тілдік пәндерді оқыту барысында оқушылардың бұрынғыдай грамматикалық ережелерді игеруі мен теориялық материалды жете меңгеруінен гөрі сөйлеу дағдыларын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дамытып, алған білімін шынайы өмірде қолдана алуына ерекше ден қойылады [1]. Бұл ретте тыңдалым дағдысын жетілдіру әдістемесі кенжелеп, біршама артта қалып келе жатқандығын атап өткеніміз жөн. Бұл, ең алдымен, осыған дейін тыңдалымның оңай қалыптасатын дағды деп қабылдануымен байланысты болды. Сабақ барысында оқытушы білім алушылардың айтылым әрекетіне көп мән берсе, тыңдалым дағдысы да өздігінен дамып отырады деген көзқарас ұзақ уақыт бойы үстемдік етті. Тыңдалым және айтылым әрекеттері бір-бірімен өзара тығыз байланысты болса да, олардың әрқайсысы өзіне жеке назар аударуды қажет етеді. Бұл мәселе, әсіресе, бір тілді екінші не шетел тілі ретінде оқытуда бірден көзге түседі. Себебі тілді біршама жетік меңгерген адамдардың өзі сол тілді тасымалдаушылардың табиғи ортадағы сөйлесімін тыңдау кезінде қиындықтарға ұшырап жатады. Психологиялық зерттеулердің өзі сөйлесімді қабылдау және түсіну аса күрделі психологиялық әрекет екендігін көрсетеді [2, 16].

Осылайша, тыңдалым аса маңызды әрі күрделі сөйлеу әрекеті ретінде анықталады, ал аталмыш бағыттағы ғылыми зерттеулер мен әдістемелік еңбектердің аздығы тақырыптың өзектілігін айқындай түседі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тыңдалым – сөйлесімді есту арқылы түсіну. Ол – қарым-қатынастың бастау негізі, себебі ауызша сөйлесімді игеру тыңдалымнан басталады. Тыңдалым реципиенттің естіген дыбыстарды саралап, оларды мағыналық жағынан топтастырып, тыңдау барысында жадында сақтап, болжам жасай алу және қарым-қатынас жағдайына байланысты қабылдаған дыбыстар тізбесін түсіну сияқты күрделі әрекеттер кешенінен тұрады [2, 23]. Тыңдалымның мақсаты – ауызша сөйлесім барысында біреудің айтқан сөзін, оның мағынасы мен жеткізгісі келген ойын түсіну. Ол тек сол жерде, белгілі бір жағдаят аясында айтылған сөзді (лебізді) ғана емес, жазбаша мәтінді есту негізінде қабылдауға да қатысты.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, сөйлеу әрекетінің өзге түрлеріне қарағанда тыңдалым – аса күрделі әрі жан-жақты қарастыруды қажет ететін дағды. Оқыту, қоршаған ортаны тану, бала тәрбиесінде тыңдалым әрекетінің әлеуеті жоғары. Оны Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогикасында» былайша түсіндіреді: «Есту сезімі адамның көру сезіміне де көп көмек көрсетеді. Көз нәрсенің сыртын көреді. Құлақ бізге бір заттың ішін, жанын шешіп береді. Грек данышпаны алдында тұрған кісіге: «Қане, сөйлеші. Мен сені көрейін», – дейді екен. Мылқауға қарағанда тума соқырдың ақылды, құлықты болуы хәм оның жанының, жүрегіннің жұмсақ, нәзік болуы осыдан. Адамның әділеттілікті сүю сезімін тереңдететін де – осы есту сезімі» [3, 75]. Бұл тұжырым біздің өскелең ұрпақ бойында аталған есту сезімін, тыңдалым дағдысын барынша жетілдіріп дамытуға көңіл бөлу керектігімізді тағы бір мәрте дәлелдейді.

Тыңдалым дағдысы әсіресе тілді екінші не шетел тілі ретінде оқытатын пәндерде айрықша ден қоюды талап етеді.

Е.Н.Соловова тыңдалымның екі түрін бөліп көрсетеді:

1) **Оқу тыңдалымы** білім беру үдерісінде оқу құралы ретінде қолданылып, тілдік материалды меңгерту әрі тілдік бірліктердің нақты дыбыстық бейнелерін құру үшін ауызша сөйлеу дағдыларын игеруге негіз болатын тәсіл ретінде жұмсалады.

Бұл тыңдалым түрі оқу үдерісінде жүргізілетіндіктен, өздік жұмыс кезінде материалды бірнеше рет, мұғалімнің жетекшілігімен өтетін аудиториялық сабақ кезінде екі рет тыңдауға жол береді. Аудиоматериалды қайталап тыңдау оны жете түсініп, ондағы тілдік бірліктер мен мазмұнды жақсы есте сақтауға мүмкіндік береді.

2) **Қатысымдық (коммуникациялық) тыңдалым** – ауызша сөйлесімді бір рет тыңдау негізінде оны қабылдап, түсінуге бағытталған сөйлеу әрекетінің түрі. Алдын ала қойылған коммуникативті мақсатқа сәйкес мұндай тыңдалым мазмұнды түсіну деңгейіне қарай бірнеше түрге бөлінеді:

- Негізгі мазмұнды түсіну негізіндегі тыңдалым;
- Мазмұнды толық түсіну негізіндегі тыңдалым;
- Ақпаратты саралап қабылдау негізіндегі тыңдалым;
- Сыни талдау негізіндегі тыңдалым [4, 37].

Тыңдалымның бірінші түрін кейде танысымдық тыңдалым деп те атайды. Бұл кезде реципиент мәтінді тыңдаған соң оның негізгі мазмұнын біршама түсініп, ескі ақпаратты жаңа ақпараттан ажырата алады. Мұндай тыңдалым кезінде тыңдаушылар мәтіндегі кілтті сөздерді, негізгі оқиға ретін анықтап, жоспар құрастыра алады.

Тыңдалымның екінші түрі реципиенттің дыбысталған мәтін мазмұнын мейлінше толық түсініп, алынған ақпараттың негізінде күрделі жоспар құрастыру, мәтіндегі оқиға желісін жалғастыру, қосымша деректер ұсыну сияқты жаттығуларды орындауын қамтиды. Мұндай тыңдалым тыңдаушылардың аудиоматериалға үлкен зейінмен назар шоғырландырып, жадының қарқынды жұмыс істеуін талап етеді.

Ақпаратты саралап қабылдау кезінде реципиент аудиоматериалдан тек өзіне қажетті ақпаратты алып, қажет емесіне көңіл бөлмейді. Қажетті ақпаратқа қандай да бір статистикалық мәліметтер, жер-су аттары, адам есімдері, тарихи даталар т.б. жатуы мүмкін. Тыңдалымның бұл түрі де ұзақ жаттығуды және зейінділікті қажет етеді.

Тыңдалым дағдысы жетік дамыған адам төртінші деңгейге сәйкес қабылдаған аудиоматериалдың мазмұнын толық түсініп қана қоймай, ол бойынша өзінің ой тұжырымын жасап, сыни тұрғыда бағамдай алуы керек. Мұнда реципиент нақты деректерді субъективті пікірден ажыратып, автордың көзқарасына баға береді, мәтінді өзінше түсіндіріп, өзіндік қорытындыға келеді.

Өзге тілдегі сөйлесімді тыңдау барысында реципиент көптеген қиындықтарға душар болуы мүмкін, атап айтар болсақ: сөйлеуші қолданатын тілдік бірліктердің таңдалуы, оның сөйлеу қарқыны, дыбыстарды «жеп» қоюы, ұғынықсыз сөйлеу, дауыстың жоғарылығы және т.б.

Тыңдаушы өзі естіген сөйлесімді толық не жете түсінбеуінің мынадай себептері көп таралған:

- Тыңдаушының күрделі ойлау әрекеттерінің нәтижесінде тез шаршап қалуы;
 - Сөйлеушінің өзіне тән сөйлеу ерекшеліктері: дыбыстарды айтуы, интонация, дауыс ырғағы, сөйлеудегі кемшіліктер, аса жылдам не аса баяу сөйлеу және т.б.;
 - Сөйлесім барысында тыңдаушыға ұғынықсыз, таныс емес сөздердің болуы.
- Тыңдалым үдерісінің табысты болуына мына жайттар оң әсер етеді:
- Тыңдаушының сөздік қорының байлығы;
 - Дыбысталатын мәтінмен бірге жүретін көркемдегіш құралдар: сызбалар, суреттер, жоспар, кілтті сөздер тізімі т.б.;
 - Сөйлеушіге ықыласпен ден қою: оның дауысы, ым-ишаралары, қозғалысы, интонациясы, жүріс-тұрысына назар аудару;
 - Үздіксіз тыңдалым: сөйлесімді/мәтінді бөлмей, сынамай, тұтас қабылдау [5, 96].

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар аса қарқынды дамыған заманда білім алушылардың тыңдалым дағдыларын жетілдіру үшін бейнефильмдерді қолданудың оң тұстары көп. Сабақ барысында кинофильмдерді қолдану оқушылардың қызығушылығын оятып қана қоймай, олардың тыңдалым дағдыларын дамытуға көп септігін тигізеді. Себебі өзге тілдегі сөйлесім экрандағы әдемі көрініспен қатар келгенде реципиенттің ақпаратты қабылдауы жеңілдеп, оны түсіну деңгейі артады.

Оқу үдерісінде бейнефильмдерді қолданудың онтайлы тұстары көп, айтар болсақ:

- Сабақ барысында кинофильмдерді қолдану оны қызықты әрі тиімді етеді;
 - Бейнематериалдар оқушылардың сөйлеу әрекетіндегі белсенділігін арттырып, материалды оңай меңгеруге септігін тигізеді;
 - Оқу үдерісіне жаңашылдық енгізіп, білім алушылардың тілді қызыға меңгерулеріне уәж тудырады;
 - Бейнефильмдер ақпараттық тұрғыда «салмақты»: олар көрермендерге шағын сюжет арқылы көлемді ақпарат жеткізе алады;
 - Кинофильмдер көрермендерге эстетикалық, адамгершілік, ұлттық, патриоттық т.б. тәрбие беруде маңызды қызмет атқарады;
 - Тілдік бірліктер көп шоғырланған: мұнда тіл үйренушілердің назарына шынайы дискурс аясындағы сан алуан сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер т.б. ұсынылады;
 - Білім алушыларға эмоционалды-экспрессивті тұрғыда әсер етеді.
- Сабақ барысында бейнефильмдермен жұмыс жасаудың үш кезеңі бар:
1. Көрсетілімге дейінгі;
 2. Көрсетілім кезеңі;
 3. Көрсетілімнен кейінгі кезең.

Әр кезеңнің өзіне тән ерекшеліктері бар және оның әрқайсысы оқытушының алдын ала дайындығын, білім алушыларға арнайы жаттығуларды әзірлеуді қажет етеді.

Сабақта кинофильмнің көрсетілімін жүргізбес бұрын оқытушылар тыңдалым материалын таңдау және даярлау мәселесіне үлкен жауапкершілікпен қарау керек. Таңдалған бейнематериал сабақ тақырыбына сәйкес болып, оқушылардың қызығушылығын оята алуы ғана жеткіліксіз. Ол бірқатар талаптарға жауап беру керек. Ғалым Н.Н.Рожкова оқу үдерісінде қолданылатын бейнематериалдарға қойылатын мынадай талаптарды бөліп көрсетеді:

- Кинофильм тілінің (сөздік қоры, грамматикалық құрылымы, мазмұны) білім алушылардың тілдік дайындық деңгейлеріне сәйкес болуы;
- Дыбыстық және көркемдік тұрғыда түсірілім сапасының сәйкестігі;
- Бейнематериалдардың жанрлық ерекшеліктерінің оқудың мақсат-міндеттеріне, білім алушылардың қызығушылығына жауап беруі;
- Ақпараттық және көркемдік құндылық;
- Бейнематериал тақырыбының өзектілігі;
- Түрлі қатысым салалары мен коммуникативті жағдаяттарды қамтитын әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік лингвистикалық ақпараттың кеңдігі;
- Жанрлық-композициялық әралуандылық;
- Білім алушылардың оқу уәждемесін арттырып, тілдік тұлғасын қалыптастыруға негіз болатын проблемалық, жағдаяттық оқиғалардың болуы [6, 169].

Осындай талаптарға сәйкес таңдалған бейнематериал сабақ мақсатына жетуге әрі білім алушылардың тілді үлкен қызығушылықпен тиімді меңгерулеріне негіз болатыны сөзсіз.

Кинофильмдердің ағылшын тілін оқыту кезіндегі артықшылықтарын зерттеген ғалым Дж.Кинг: «Фильмдер көптеген себептер бойынша оқытудың баға жетпес көзі саналады: олар жасанды жағдайларда емес, нақты контексттегі ағылшын тілін көрсетеді және студенттерді тілдегі түрлі сленглер, сөйлеу қарқыны, екіпін және диалектілердің кең қатарымен таныстырады», - дей келе, аталған материалдарды сабақта ұтымды қолдану мәселесіне ден қою керектігін айрықша көрсетеді [7].

Мұндай бейнематериалдар тілді «мәнмәтін (контекст) мен дискурс аясында ұсынып» [8, 138], паралингвистикалық қырынан ашып көрсетеді [9]. Яғни кинофильмдер тілдің шынайы тұрмыстағы, нағыз өмірлік жағдаяттағы қолданысын көрсетіп, сонымен қатар сол тілдегі вербалды сөйлесімнен басқа ым-ишара, дауыстың жоғарылығы мен эмоционалды реңкі т.с.с. қосымша аспектілерді қамтиды. Тілдің мұндай қырлары дәстүрлі оқу құралдары арқылы жүргізілетін білім беру үдерісінде кенжелеп қалып қояды, алайда бұл аспектілер тілді толық меңгеруде өте маңызды.

Өзге тілді аудиторияға қазақ тілін оқытуда кинофильмдердің жоғарыда аталған артықшылықтарын пайдалану оң нәтижелерге жол ашады. Сабақ барысында кинофильмдермен жұмыс жасаудың үш кезеңінің әрқайсысында түрлі жаттығуларды жасау арқылы тіл үйренушілердің тілдік тұлғаларын дамытып, оқу үдерісін мейлінше тиімді етіп өткізуге болады.

Кинофильммен жұмыс жасаудың бірінші – *көрсетілімге дейінгі кезеңінде* оқытушы ақпаратты қабылдаудағы қиыншылықтарды жоюы керек. Мұнда білім алушылардың алдына үлеспе материалдар таратылады, лингвоелтанымдық түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, алдын ала жұмыс бағдары анықталады. Үлеспе материалдарда, әдетте, тыңдаушылар үшін түсініксіз, жаңа сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер т.б. беріледі. Олармен ертерек танысқан білім алушылар бейнефильмнің мазмұнын қабылдаудағы біраз қиындықтардың алдын алады.

Мысал ретінде «Алдаркөсенің көңілді оқиғалары» анимациялық фильмдер топтамасының «Алдаркөсе ханды солай емдепті» атты бөлімімен жұмысты қарастырып көрейік. Бейнефильмді көрсетпес бұрын аудиторияға «жауынгер», «ауруға шалдығу», «төсек тарту», «құйғыта шабу», «дерт», «айықтыру», «көңілі қалағанша», «оңбаған», «басын шабу»,

«хан ием», «болмашы нәрсе», «жым-жырт», «болысу», «әл», «зәресі ұшу», «сорлы», «сүмелек неме», «сөзінде тұру» сияқты сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы түсіндірілетін сөздік таратылғаны жөн. Одан кейін сабақ мақсатына сай арнайы бағыттағы сұрақтар не тапсырмалар берілуі мүмкін:

- Білім алушылардың назарын нақты жайттарға аударатын бағдарлаушы сұрақтар (мысалы: «Хан төсек тартып жатып, нені армандайды?», «Ханды емдемекші болған емшілер қандай әдістерді қолданады?», «Алдаркөсе сарайдан нені алып кетті?»);

- Арнайы қағаздарда берілген тапсырмалар: дұрыс жауапты белгілеу, сәйкестендіру, мазмұнға сай келетін жауапты табу т.б. (мысалы: Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз: 1) Хан өз _____ ұзақ жылдар бойы басқарады. 2) Ханды емдемекші болып, сарай _____ жинала бастайды. 3) Мені емдеген адамға бар _____ аямай-ақ беретін едім. 4) Мына оңбағанның басын дереу _____. 5) Ханды дертінен айықтыратын адам менмін, бірақ менің екі міндетті _____ бар.);

- Бейнероликтен келтірілген суреттерді (кадрларды) фильмдегі оқиға реті бойынша орналастыру;

- Нақты тілдік бірліктерді анықтап табуға арналған тапсырмалар (мысалы: «Бейнефильмнен сын есімдерді теріп жаз», «Бейнефильмде кездесетін фрезоологизмдерді ата» т.б.);

- Білім алушының өзіндік ізденісін талап ететін жеке тапсырмалар («Ханды дертінен сауықтыру үшін келген емшілердің емдеу шараларының ұсқастықтары мен айырмашылықтарын ата»).

Білім алушылар осы іспеттес жұмыс тапсырмаларымен ертерек танысса, бейнематериалды қабылдау үдерісі жеңілдеп, кейінгі жұмыс бағыты анықталады да, олар неге көңіл аудару керектігін бірден білетін болады.

Көрсетілім кезеңінде аудитория назарына бейнефильмнің өзі ұсынылады. Бұл ретте кинофильмдермен жұмыс істеудің тағы бір артықшылығын атап өткеніміз жөн: сабақ барысында бейнематериалды қажет тұсында тоқтата тұрып, көрермендердің оны түсіну деңгейін, қабылдаудағы қиындықтарды анықтап алуға болады. Оқытушы кинофильмді тоқтатып, білім алушыларға сұрақтар қою арқылы олардың материалды қаншалық дұрыс қабылдап отырғандарына көз жеткізе алады. Бейнематериалды екінші рет көрсеткеннен кейін оқытушы аудиторияның оның мазмұнын мейлінше толық түсініп, келесі кезеңге қиындықсыз өтуіне айрықша ден қояды.

Көрсетілімнен кейінгі кезең реципиенттердің тыңдалым материалын қаншалық жақсы түсінгендерін анық көрсетеді. Бұл ретте ұсынуға болатын сұрақтар мен тапсырмалардың әр алуандығын атап өтуімізге болады. Оларды таңдау сабақ тақырыбы мен мақсатына сай жүргізілуі тиіс.

Қарапайым тапсырмалардың бірі – кинофильм сюжеті бойынша берілген деректердің ішінен дұрысын не бұрысын табу. Мысалы:

«Төмендегі тұжырымдардың қайсысы дұрыс?

- A. Хан тұмауратып, төсек тартып қалады.
- B. Ханды дертінен айықтырған адамға ең жүйрік тұлпар берілетін болды.
- C. Алдаркөсе ханды емдеу үшін көп алтын сұрайды.
- D. Сарайда Алдаркөсе мен ханнан басқа ешкім қалмайды.
- E. Алдаркөсе ханнан қашып құтылады.

Мұндай тапсырмалар орындауда жеңіл және уақыт үнемдеуде тиімді болғанымен, тіл үйренушілердің айтылым дағдыларын дамытуға еш септігін тигізбейді. Бұл ретте білім алушыларға берілетін сыни және проблемалық сұрақтар олардың сөйлеу дағдыларын дамытып қана қоймай, күрделі ойлау әрекеттерін жүргізуге негіз болады. Мысалы:

- «Сіз Алдаркөсенің орнында болсаңыз, ханды қалай емдейтін едіңіз?
- Алдаркөсенің емі тиімді болды ма? Неге?
- Алдаркөсенің жасаған әрекеті негізінде оған қандай мінездеме беруге болады?

➤ Ханның ашулануының себебі не болды деп ойлайсыз?»

Проблемалық сұрақтар білім алушылардың кинофильм мазмұнын жан-жақты талдауларына негіз болып қана қоймай, сондай-ақ аудитория ішінде пікірталас жүргізуге де түрткі бола алады.

Оқытушының көрсетілімнен кейін бейнефильм сюжеті бойынша түрлі суреттерді көрсетіп, сол сәттегі оқиғаның өрбуін сұрауы да білім алушылардың есте сақтау қабілеттерін тексеріп, сөйлеу дағдыларын дамытады.

Бейнефильм мазмұны бойынша жоспар құрастырып, оқиғаны өзінше жалғастырып көру, сондай-ақ ханды емдеудің өзіндік амалын ұсыну білім алушылардың шығармашылық ойлауына жағдай жасайды. Осындай үлгідегі тапсырмалардың негізінде тіл үйренушілердің жазылым дағдыларын дамыту мәселесіне де көңіл болуге болады.

Тілді меңгерудің жоғары деңгейлерінде аудиторияға бейнефильм мазмұнын кейіпкерлердің бірінің атынан баяндау не кинофильмді сахналандыру сияқты тапсырмаларды беруге болады. Мұндай жаттығулар тілді үйренушілердің қызығушылығын оятып, көңілдерінен шығатыны сөзсіз. Ал әдістемелік тұрғыда қарайтын болсақ, аталмыш әрекеттер білім алушылардың материалды меңгеру деңгейін анықтап қана қоймай, олардың тілдік тұлғаларының қаншалық дамығандығын, түрлі жағдаяттарда сөйлеу дағдыларын қаншалық іске асыра алатындығын тексеруге мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Көріп отырғанымыздай, қазақ тілін өзге тілді аудиторияға оқыту кезінде кинофильммен жұмыс жасаудың қай кезеңінде болмасын, сабақ мақсаты, тіл үйренушілердің қызығушылықтары мен тілді меңгеру деңгейі т.б. жайттарға сәйкес әр алуан тапсырмаларды түрлендіріп қолдану мүмкіндіктері шексіз. Осылайша, сабақ барысында бейнефильмдердің лингводидактикалық әлеуетін қолдану білім алушылардың тілді меңгеру үдерісінде жаңа ақпаратты қабылдауын жеңілдетіп, тілді шынайы дискурс аясында танып білуге әрі тыңдалым дағдыларын жетілдіруге үлкен негіз болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

Legislative measures of the state as directive regulators of national language policy

U.Mussabekova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, 050040, Republic of Kazakhstan

This article discusses the issues of legislative support of the state language policy in the regulation of Kazakh geographical names and their derivatives in the Russian language. Language ideology and language policy determine the strategic course of development and functioning of languages in the country. The state's legislative measures are implemented in the work of various political, educational, and linguistic organizations and commissions that act as policy regulators of government bodies. In General, the state's legislative measures are designed to provide a legal basis for the functioning of languages. The article emphasizes the need for greater participation of linguists in creating a policy framework for resolving issues related to the development and functioning of languages, in particular, the elimination of variability in the writing of onyms. The introduction of the results of linguistic research into the normalizing activities of the state in the field of development and functioning of languages will allow us to develop more effective models for the correct regulation of language problems.

Received 29.02.2020

УДК 372.881.1

З.К. Сабитова¹, О.Б. Алтынбекова²

¹ д.ф.н., профессор, Отделение русского языка и литературы Анатолийского университета, г. Эскишехир, 26470, Турция, <https://orcid.org/0000-0002-9430-0615>

² д.ф.н., профессор, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, 050040, Республика Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-3843-0888>

**ТИПОВАЯ ПРОГРАММА ПО ПРЕДМЕТУ «РУССКИЙ ЯЗЫК»
И ОРГАНИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОСТРАНСТВА В УЧЕБНИКЕ**

В статье рассматриваются содержание, цели и задачи новой Типовой программы по учебному предмету «Русский язык» для 10 класса естественно-математического направления уровня общего среднего образования по обновленному содержанию (с русским языком обучения). В программе декларируется, что учебный предмет «Русский язык» в образовательном процессе выполняет две функции. Во-первых, это собственно предмет изучения (а именно: современный русский литературный язык в его реальном функционировании в современных условиях полиэтнического и многоязычного Казахстана). Во-вторых, это средство изучения других общеобразовательных предметов. Целью обучения является развитие творчески активной языковой личности посредством совершенствования функциональной грамотности школьников по всем видам речевой деятельности. Этим целям служит учебник русского языка для 10 класса естественно-математического направления, который содержит задания, направленные на формирование критического мышления учащихся. Для развития критического мышления, функциональной грамотности учащихся в учебнике даны различные стратегии обучения, предполагающие творческий поиск путей решения проблемной ситуации.

Ключевые слова: типовая программа, учебник, русский язык, направление, обучение.

ВВЕДЕНИЕ

Как известно, Министерство образования и науки приняло Постановление МОН РК о введении в казахстанских школах обучения по интегрированным образовательным программам, предполагающим интеграцию изучаемых предметов, единство обучения и воспитания, ориентацию на умение учащихся применять знания в решении практических проблем разного характера.

При интегрированном подходе к изучению русского языка основными становятся принципы, способствующие овладению учащимися различными видами речевой деятельности (слушание, чтение, понимание, говорение, письмо), что позволит направить процесс обучения на формирование функциональной грамотности, стимулирующей реализацию способностей учащихся, их успешную **адаптацию и социализацию**. Методика продуктивной деятельности приходит на смену методике готовых знаний и определяет как само содержание программ, так и методы презентации данного содержания в учебниках русского языка.

В Типовой учебной программе по учебному предмету «Русский язык» для 10-11 классов естественно-математического направления уровня общего среднего образования по обновленному содержанию (с русским языком обучения), разработанной в соответствии с Государственным общеобязательным стандартом среднего образования (начального, основного среднего, общего среднего образования) и утвержденной Постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года №1080 [1], декларируется, что учебный предмет «Русский язык» в образовательном процессе выполняет две функции: во-первых, это собственно *предмет* изучения (а именно: современный русский литературный язык в его реальном функционировании в современных условиях полиэтнического и многоязычного Казахстана), во-вторых, это *средство* изучения других общеобразовательных предметов.

Целью обучения является развитие творчески активной языковой личности посредством совершенствования функциональной грамотности школьников по всем видам речевой деятельности на основе сформированных знаний о языке, с учетом норм употребления средств разных уровней и активизации их в продуктивной речевой деятельности в разных сферах общения.

Задачами обучения учебному предмету Типовой программой определены следующие:

- использование знаний о русском языке, соблюдение норм литературного языка (орфоэпических, орфографических, лексических и грамматических) и правил речевого

этикета в устной и письменной речи в различных сферах и ситуациях общения;

- совершенствование навыков информационного поиска, извлечения и преобразования информации;
- обогащение словарного запаса и расширение круга используемых грамматических средств академического языка;
- совершенствование навыков критического мышления: анализа, синтеза, оценки, интерпретации полученной информации;
- использование различных видов чтения в зависимости от коммуникативных задач;
- совершенствование навыков слушания и говорения;
- совершенствование умений создавать монологическое высказывание в различных жанрах публичных выступлений, критически оценивать и выбирать языковые средства с точки зрения нормативности, в соответствии с ситуацией общения;
- совершенствование умений успешного диалогического общения, ведения дискуссии в разных сферах и коммуникативных ситуациях, поиска путей решения проблемы;
- совершенствование стилистической грамотности при создании текстов разных жанров; формирование индивидуального авторского стиля; умение корректировать и редактировать текст; формирование индивидуального авторского стиля;
- расширение представлений о национально-культурной специфике русского языка, о культуре русского, казахского и других народов;
- воспитание сознательного отношения к языку как средству общения, источнику знаний, духовно-нравственной ценности, как к языковому капиталу, способствующему успешной социализации в обществе.

В Типовой программе подчеркивается, что грамматический материал в обязательном порядке изучается в контексте речевых тем, и обучение языку осуществляется через интеграцию с другими предметами посредством изучения сквозных тем, использования текстов различных предметных областей, развития академического языка.

Содержание учебной программы по учебному предмету «Русский язык» организовано по разделам обучения, которые, в свою очередь, состоят из подразделов, содержащих в себе цели обучения в виде ожидаемых результатов. Все это позволяет учителю системно планировать работу по развитию четырех видов речевой деятельности (слушание, говорение, чтение, письмо), а также оценивать достижения обучающихся, информировать их о следующих этапах обучения.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Одной из главных задач преподавания русского языка, как и других школьных предметов, является формирование критического мышления, которое позволит успешно справляться с требованиями информационно насыщенного XXI века. Критическое мышление предполагает критическое отношение к информации, логичность рассуждений и поступков, учет собственной и других точек зрения и на основании этого – выдвижение собственных оригинальных идей и поиск возможностей для решения проблемы.

В связи с этим в учебнике для 10 класса естественно-математического направления [2], созданном по рассматриваемой Типовой программе, предлагаются задания и упражнения, направленные на развитие критического мышления учащихся. При подборе заданий учитывалась их обязательная нацеленность на формирование у школьников умения объективно оценивать факты, чужие мнения, развивать любознательность, гибкость мышления, осознанное отношение к своим поступкам и суждениям. Предлагаемые методы обучения должны стимулировать у учащихся желание критически относиться к получаемой информации: определять суть проблемы, предпринимать тщательный поиск нужной информации, осуществлять разумный выбор критериев отбора фактов, мнений, проявлять постоянство в достижении результатов деятельности, стремиться к максимальной точности,

адекватности выводов и результатов, нести ответственность за свой выбор и при этом оставаться открытыми для нового знания.

Согласно Типовой программе (следует подчеркнуть, что именно программа, а не авторский коллектив, определяет в деталях содержание учебников), овладение разными видами речевой деятельности на уроках русского языка в 10 классе естественно-математического направления осуществляется на основе следующих лексических тем: «Толерантность и диалог национальных культур», «Физика в современном мире: возможное и невозможное в природе», «Настоящее и будущее цифровых технологий», «Биотехнологии для жизни», «Глобальные проблемы энергетики». Каждая тема делится на подтемы; так, раздел «Толерантность и диалог национальных культур» включает в себя подтемы: «Диалог культур в Казахстане», «Что такое толерантность», «Толерантность в межкультурном диалоге», «Толерантная личность». Лексические темы учебника в обязательном порядке содержат грамматический материал: напр., при изучении темы «Настоящее и будущее цифровых технологий» предполагается повторение лексики и морфологии, совершенствование знания синтаксиса и пунктуации.

Необходимо отметить, однако, что логика изучения тем, определяемых Типовой программой по русскому языку для 10 классов естественно-математического направления, не всегда соответствует логике самого предмета «Русский язык». Так, для изучения предлагается материал по сложноподчиненным предложениям с придаточной изъяснительной и определительной, а с придаточными других типов, более распространенных в научном стиле (напр., такими обстоятельственными придаточными, как условия, цели, причины и др.), учебный материал вообще не предусмотрен, отсутствует тема «Бессоюзные сложные предложения». Не все темы, указанные в разделе Программы «Лексико-грамматический материал», соотносятся с целями обучения. Так, по темам «Физика в современном мире: возможное и невозможное в природе», «Настоящее и будущее цифровых технологий» приведена цель – понимать применение *перифразы, аллюзии, эвфемизмов* и других выразительных средств, которая никак не связана с текстами по физике и цифровым технологиям. Эти изобразительно-выразительные языковые средства являются, как всем известно, характерной особенностью художественного стиля. Вызывает недоумение и то, что во всех главах Программы для 10 класса присутствует только задача, направленная на обучение соблюдению норм использования в текстах глаголов абстрактной семантики и глаголов несовершенного вида настоящего времени, хотя, помимо этого, существует много других важных языковых особенностей текстов научного стиля, необходимых для изучения.

Возвращаясь к анализу учебника [2], следует заметить, что каждый раздел в нем, в соответствии с технологией развития критического мышления, подается по определенному плану (вызов – осмысление – рефлексия). Реализация содержания темы учебника начинается с целеполагания, которое представлено в виде эпиграфа и вопросов. На этапе вызова учащимся предлагается осмыслить эпиграф, определить, как он связан с темой урока, почему именно эти слова являются ключевыми на уроке, тем самым формируется положительная мотивация, заинтересованность школьников темой, восприятие ее важности для личностного роста каждого. Учащиеся осознанно приступают к изучению новой темы, ориентируясь на уже известные знания, расширяя и углубляя их. При этом знания школьников систематизируются: новую информацию учащийся помещает в имеющуюся у него систему знаний о языке, находя для нового факта свое место, обусловленное системными отношениями этой языковой единицы с другими.

В учебнике особое внимание уделяется разнообразным креативным формам проведения коллективной работы с обсуждением проблемных вопросов, с принятием совместных и индивидуальных решений задач, в нем содержатся развивающие упражнения, направленные на самостоятельную творческую деятельность учащихся. Кроме того, в учебник введены задания по обнаружению языковых (лексических, морфологических,

синтаксических) недочетов, ошибок в оформлении текста с целью освоения приемов редактирования, стилистического анализа текста.

Для развития критического мышления, формирования функциональной грамотности учащихся в учебнике даны различные стратегии обучения, предполагающие творческий поиск путей решения проблемной ситуации, обсуждение в группе, презентацию результатов исследования, создание различных видов творческих работ, проектов, игровую деятельность, а также обязательный систематический мониторинг знаний учащихся.

С этой целью в учебнике используются такие приемы технологии развития критического мышления, как «Дуб предсказаний» (= «Дерево предсказаний»), проект, ромб ассоциаций, ассоциативное поле, туристический проспект, опорный конспект, кейс-стади, «Зигзаг», «ИНСЕРТ», «РАФТ», «Коллективная запись», «Суммирование в парах», «2, 4 и вместе», «Дорожная карта», «Займи позицию», «Измени позицию», «Создай досье», «Фишбоун», «Диаграмма Венна», «Ромашка Блума», «ИДЕАЛ», «Гипертекст», мозговой штурм, «Корзина идей», «Банк вопросов», «Стена коллективного разума» [3], дискуссия, дебаты, диспут и др.

Помимо учебника, учебно-методический комплекс по русскому языку также включает в себя *Методическое пособие для учителей* [4], работающих по новым программам. В пособии предлагаются методические указания к темам, даны планы проведения каждого урока. Изучение всех разделов Типовой учебной программы по русскому языку строится по следующему плану: методические указания к теме, включающие цели изучения темы, цели урока, языковые цели (в формате «знать, уметь, использовать»). При составлении планов уроков учитываются все этапы технологии развития критического мышления: стадия вызова (актуализация, мотивация), стадия осмысления (восприятие нового), стадия рефлексии (усвоение нового материала по теме). В пособии дано подробное описание всех инновационных методов обучения, используемых в учебнике; приведем пример двух из наиболее эффективных творческих методических приемов:

Кейс-стади (англ. *casestudy*) – прием обучения, который базируется на анализе, решении и обсуждении смоделированных или реальных ситуаций. Этот прием рассматривается как один из основных в методике ситуативного обучения, основанной на реальных ситуациях и реальных проблемах, требующей от учащегося целесообразного решения в предложенной ситуации. Прием включает в себя описание конкретной практической ситуации с постановкой проблемы, справочную и дополнительную информацию о ситуации, методические материалы и указания, развивает умение определять проблему, рассматривать ее со всех точек зрения, осуществлять поиск недостающей информации, аргументировать свою точку зрения [5].

Среди преимуществ приема кейс-стади по сравнению с традиционными методами обучения выделяют: 1) практическую направленность: прием позволяет применить теоретические знания к решению практических задач; 2) интерактивность: метод обеспечивает эффективное усвоение материала за счет эмоциональной вовлеченности и активного участия обучающихся: школьники должны поставить себя на место главного героя и решить проблему от его лица. При этом акцент делается не на овладении готовым знанием, а на его «добывании».

Кубик Блума – прием, который был предложен американским психологом и педагогом Б. Блумом, автором теории таксономии образовательных целей, предполагающей разделение целей обучения на три блока: когнитивную («знаю»); психомоторную («творю»); аффективную («умею») [6].

При помощи приема «Кубик Блума» можно формулировать вопросы в соответствии с поставленной задачей. Для проведения задания по этому методу потребуется несколько кубиков, на гранях которых написаны слова, являющиеся отправной точкой для ответа обучающегося: *Назовите, Почему, Объясните, Предложите, Придумайте, Поделитесь*. В методическом пособии авторами предлагаются несколько иные слова, не меняющие сути самого приема, но более понятные: *Опишите, Сравните, Обоснуйте, Расскажите*,

Проанализируйте, Подведите итоги. Например, задание «Опишите физику» предполагает воспроизведение знаний через формулирование простых вопросов. Следует назвать предмет, явление, термин и т. д.: *что это? – наука о природе.*

Сравните. Задаются вопросы уточняющие, которые помогают увидеть понятие, предмет в разных аспектах и сфокусировать внимание на всех сторонах понятия, предмета в сравнении с другими предметами, понятиями: *на что похож(-а, -е)? – на другие естественно-математические науки, изучающие природные явления и процессы (биологию, химию и др.).*

Представьте. Эта часть описания содержат элемент предположения, вымысла: *кого / что напоминает?* – ответ зависит от индивидуальных представлений учащегося, его эрудиции, знаний, фантазии.

Расскажите. Ученик должен дать всестороннюю характеристику понятия, предмета; предложить свое видение проблемы, свои идеи; объяснить, как использовать знание для решения конкретных ситуаций на практике: *что обозначает слово «физика», что изучает физика, каковы ее научный и технический потенциалы.*

Проанализируйте. Эта часть позволяет сформулировать причинно-следственные связи: описать причины и результаты процессов, происходящих с данным предметом, явлением: *почему появилась физика, ее место среди других наук, почему ее называют «королевой наук».*

Подведите итоги. Эта «сторона» кубика предназначена для активизации мыслительной деятельности учащихся, учит анализировать факты, оценивать значимость полученных сведений, акцентировать внимание на их оценке: *роль физики в жизни человека.* В этой части важно также добавить в характеристику понятия или предмета эмоциональную окраску, сконцентрировать внимание на ощущениях и чувствах, связанных с изучаемой темой.

При помощи подобных методических приемов решаются такие задачи, как воспроизведение знаний, выделение причинно-следственных связей, выяснение различных аспектов проблемы, предложение своего пути применения изученного на практике, активизация мыслительной деятельности, анализ и оценка полученных знаний.

ВЫВОДЫ

Таким образом, Типовая программа по учебному предмету «Русский язык» для 10 класса естественно-математического направления уровня общего среднего образования по обновленному содержанию (с русским языком обучения) предполагает новые подходы к обучению русскому языку учащихся казахстанских школ в системе интегрированного образования, декларирует цели и задачи, направленные на развитие творчески активной языковой личности, расширение представлений о национально-культурной специфике русского языка, воспитание сознательного отношения к языку как средству общения, как к языковому капиталу, способствующему успешной социализации учащихся.

В связи с этим учебники, создающиеся по обновленной программе, в первую очередь должны быть ориентированы на осуществление интеграции с другими предметами, развитие функциональной грамотности, критического мышления, совершенствование навыков информационного поиска, извлечения и преобразования информации и, тем самым, адаптацию учащихся в мировом информационном пространстве, их социализацию в современном обществе.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 Типовая учебная программа по учебному предмету «Русский язык» для 10–11 классов естественно-математического направления уровня общего среднего образования по обновленному содержанию (с русским языком обучения) // <http://kzrefs.org/dokumenti-1-starshaya-shkola-10-11-kl-rusemn-rus100-rus-lit-ru/file41/index.html>

Tipovaya uchebnaya programma po uchebnomu predmetu «Russkiy yazyk» dlya 10–11 klassov yestestvenno-matematicheskogo napravleniya urovnya obshchego srednego obrazovaniya po obnovennomu sodержaniyu (s russkim yazykom obucheniya) // <http://kzrefs.org/dokumenti-1-starshaya-shkola-10-11-kl-rusemn-rus100-rus-lit-ru/file41/index.html>.

2 Сабитова З.К., Алтынбекова О.Б. Русский язык. Учебник для 10 классов естественно-математического направления общеобразовательных школ. – Алматы: Мектеп, 2019. – 192 с.
Sabitova Z.K., Altynbekova O.B. Russkiy yazyk. Uchebnik dlya 10 klassov yestestvenno-matematicheskogo napravleniya obshcheobrazovatel'nykh shkol. – Almaty: Mektep, 2019. – 192 s.

3 Приемы технологии критического мышления // <https://nsportal.ru/shkola/obshchepedagogicheskie-tehnologii/library/2013/01/07/priyomy-tehnologii-kriticheskogo-mishleniya>

Priyemy tekhnologii kriticheskogo myshleniya // <https://nsportal.ru/shkola/obshchepedagogicheskie-tehnologii/library/2013/01/07/priyomy-tehnologii-kriticheskogo-mishleniya>

4 Русский язык: Методическое руководство. Пособие для учителей 10 классов естественно-математического направления общеобразовательных школ / З.К. Сабитова, О.Б. Алтынбекова, Д.С. Дюсенова, Р.К. Дюсетаева, К.С. Скляренко. – Алматы: Мектеп, 2019. – 248 с.

Russkiy yazyk: Metodicheskoye rukovodstvo. Posobiye dlya uchiteley 10 klassov yestestvenno-matematicheskogo napravleniya obshcheobrazovatel'nykh shkol / Z.K. Sabitova, O.B. Altynbekova, D.S. Dyusenova, R.K. Dyusetayeva, K.S. Sklyarenko. – Almaty: Mektep, 2019. – 248 s.

5 Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам) / Э. Г. Азимов, А. Н. Шчукин. – М.: Изд-во ИКАР, 2009. – 448 с.

Novyy slovar' metodicheskikh terminov i ponyatiy (teoriya i praktika obucheniya yazykam) / E.G. Azimov, A. N. Shchukin. – M.: Izd-vo IKAR, 2009. – 448 s.

6 Bloom B. Taxonomy of educational objectives: The classification of educational goals: Handbook I, cognitive domain. – New York: Longman, 1956. – 352 p.

Материал поступил в редакцию журнала 29.04.2020

REFERENCES

1 Standard curriculum in the academic subject "Russian language" for 10-11 grades of the natural and mathematical direction of the level of general secondary education according to the updated content (with Russian as the language of instruction) // <http://kzrefs.org/dokumenti-1-starshaya-shkola-10-11-kl-rusemn-rus100-rus-lit-ru/file41/index.html>

2 Sabitova Z.K., Altynbekova O.B. Russian language. A textbook for 10 grades of the natural and mathematical direction of secondary schools. – Almaty: Mektep, 2019. – 192 p.

Sabitova Z.K., Altynbekova O.B. Russkiy yazyk. Uchebnik dlya 10 klassov yestestvenno-matematicheskogo napravleniya obshcheobrazovatel'nykh shkol. – Almaty: Mektep, 2019. – 192 s.

3 Critical thinking techniques <https://nsportal.ru/shkola/obshchepedagogicheskie-tehnologii/library/2013/01/07/priyomy-tehnologii-kriticheskogo-mishleniya>

Priyemy tekhnologii kriticheskogo myshleniya // <https://nsportal.ru/shkola/obshchepedagogicheskie-tehnologii/library/2013/01/07/priyomy-tehnologii-kriticheskogo-mishleniya>

4 Russian language: Methodical guide. A guide for teachers of grade 10 of the natural and mathematical direction of secondary schools / Z.K. Sabitova, O.B. Altynbekova, D.S. Dyusenova, R.K. Dusetaeva, K.S. Sklyarenko. – Almaty: Mektep, 2019. – 248 p.

5 New dictionary of methodological terms and concepts (theory and practice of teaching languages) / E. G. Azimov, A. N. Shchukin. – M.: Publishing house IKAR, 2009. – 448 p.

Novyy slovar' metodicheskikh terminov i ponyatiy (teoriya i praktika obucheniya yazykam) / E. G. Azimov, A. N. Shchukin. – M.: Izd-vo IKAR, 2009. – 448 s.

6 Bloom B. Taxonomy of educational objectives: The classification of educational goals: Handbook I, cognitive domain. – New York: Longman, 1956. – 352 p.

«Орыс тілі» пәнінен үлгілік бағдарлама және оқулықта білім кеңістігінің ұйымдастырылуы

З.К. Сабитова¹, О.Б. Алтынбекова²

¹Анадолу университеті, Эскишехир қ., Түркия

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 050040, Алматы, Қазақстан Республикасы

Мақалада Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10 сыныпқа (орыс тілінде оқыталатын) арналған «Орыс тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы жаңа үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны, мақсаттары мен міндеттері қарастырылады. Бағдарламадағы «Орыс тілі» оқу пәні білім беру үдерісінде екі қызметті атқарады. Біріншіден, бұл зерттеу пәні (атап айтқанда: қазіргі орыс әдеби тілі полиэтникалық және көптілді Қазақстанның қазіргі жағдайында оның шын мәніндегі қолданыс шағында). Екіншіден, бұл басқа жалпы білім беретін пәндерді оқыту құралы. Оқытудың мақсаты оқушылардың сөйлеу әрекетінің барлық түрлері бойынша функционалдық сауаттылығын жетілдіру арқылы тілдік тұрғыда шығармашылық белсенді тұлғаны дамыту болып табылады. Бұл мақсатта оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды қамтитын жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10 сыныпқа арналған орыс тілі оқулығы қызмет етеді. Оқулықта оқушылардың сыни ойлауын, функционалдық сауаттылығын дамыту үшін проблемалық жағдайды шешу жолдарын шығармашылық іздестіруді көздейтін оқытудың әртүрлі стратегиялары берілген.

Материал 29.04.2020 баспаға түсті

Z. Sabitova¹, O. Altynbekova²

Standard curriculum for the academic subject of “The Russian language” and organization of the educational space of the textbook

¹Anadolu University, Eskishehir, 26470, Turkey

²Al Farabi Kazakh National University, Almaty, 050040, Republic of Kazakhstan

The article discusses the content, goals and objectives of the new standard curriculum for the academic subject of “The Russian language” for the 10th grade of the natural sciences-mathematical direction of the secondary education in the updated format (with the Russian language of instruction). The program declares that the subject “The Russian language” performs two functions in the educational process. Firstly, it is itself the subject of study (namely, the modern Russian literary language in its operational functioning in the modern conditions of multi-ethnic and multilingual Kazakhstan). Secondly, it is a means for studying other general subjects. The objective while achieving the language mastery is to develop a creatively active linguistic personality by improving the functional literacy of schoolchildren in all types of language activity. With that objective in mind, the Russian language textbook for the 10th grade of the natural sciences-mathematical direction was developed and it contains tasks aimed at shaping the critical reasoning of students. For the development of the critical thinking and the functional literacy of students various learning strategies are given in the textbook, assisting the students in finding creative ways to solve a problem.

Received 29.04.2020

ӘОЖ 82-93=894.342

С.Ө.Сабыр¹, Г.К.Кажобаева²¹магистрант, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0003-0664-001>²ф.ғ.к., доцент, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0002-1177-5421>

ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНҰЛЫ – ТЕКСТОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ ҒАЛЫМ

Мақалада көрнекті ғалым Қайым Мұхамедханұлының текстология саласындағы зерттеу жұмыстары қарастырылады. Қайым Мұхамедханұлының әдеби мұралардың жазылу, басылу тарихын, шығармалардың текстологиясын зерттеу ісіндегі жаңа ізденістері баяндалады. Абай мұрасының тереңіне бойлап, шығармалары жайында тың деректер көрсетіледі. Сонымен қатар, Абай мектебі, Абайдың ізін басқан шәкірттері жайлы сөз қозғалады. Абай шәкірттерінің бұрын жарыққа шықпаған не болмаса өзгеріске ұшыраған шығармалары аталады. Ғалым Қайым Мұхамедханұлының Абай шығармаларына жасалған текстологиялық талдаулары қарастырылады. Талдауларында қателіктер кеткен немесе сөзі бұрмаланған өлеңдерден үзінділер келтіріледі. Текстологиялық ғалымның Абай шығармашылығы мен Шәкәрім шығармашылығы тәңірегіндегі ғылыми еңбектеріне шолу жасалынады. Сонымен қатар, бұл мақалада қазақ әдебиетінде кенжелеп қалған текстология ғылымының қалыптасу, даму тарихы, теориялық-әдістемелік негіздері сөз болады.

Тірек сөздер: текстология, абайтану, автор, қолжазба, түпнұсқа, мәтін.

КІРІСПЕ

Жазба әдеби туындылардың дүниеге келуімен қоса, олардың мәтінін қағаз бетіне дұрыс көшіріп жазу, қатесіз түсіндіру, олардың көшірмелерін жасау, көбейту, салыстыру негізінде текстология ғылымы пайда болғаны анық. Текстология ғылымы авторлардың әдеби шығармаларын, күнделіктерін, хаттарын, ауыздан-ауызға таралып, кейіннен хатқа түскен қолжазбаларын зерттейді. Текстология ғылымының көрнекті өкілдеріне орыс филологиясында Д.С.Лихачев, Б.В. Томашевский, Б.М.Эйхенбаум т.б. жатқызсақ болады. Сондай-ақ текстология түркі халықтарында, атап айтсақ, өзбек, әзірбайжан, түркімен филологиясында да айтарлықтай жақсы дамыған.

«Научно-критический текст поэмы Низами «Хосрови шырын» (1960) «Поэма «Хафт и Монзар» Хатыфы и ее научно-критический текст» (1974), «Текстологические исследования Китабы-деде-Коркут» (1985) және т.б. еңбектер ежелгі дәуір әдебиеті мәтіндерін салыстыру ісі қазақ әдебиеттану ғылымында ертерек қолға алынғандығын көрсетеді. Ал қазақ әдебиеті тарихында текстологиялық жұмыстар Абай шығармаларын жарыққа шығарып, халыққа тарату кезеңінен басталды десек қателеспейміз. 1965 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған Р. Сыздықтың мақаласында: «Ұлы ақын Абай шығармаларының ең соңғы 1957 жылғы басылуы шын мәнінде едәуір толық ғылыми текстологиялық жұмыстың жүргізілгенін және ол жұмыстың дұрыс бағыт алғанын көрсететін үлгі деп айта аламыз», [1] – деді. Бұл іске көп үлес қосқан ғалымдардың бірі – Қайым Мұхамедханұлы.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ текстология мәселелерін Қ. Мұхамедханұлы еңбектерінсіз елестету мүмкін емес. Көрнекті ғалым қазақ әдебиеттану ғылымының текстология саласының қалыптасуына

ерекше еңбек сіңірді. Оның Махамбет, Шәкәрім поэзиялары текстологиясына арналған ғылыми мақалалары, Бұқар жырау, Абай шығармаларының текстологиясына қатысты мақалалары, монографиялары жарық көрді. Ғалым 1940 жылдардан бастап және өмірінің соңына дейін Абай шығармаларының текстологиясымен айналысты. 1959 жылы “Абай шығармаларының текстологиясы”, “Мағауия Абайұлы Құнанбаев” монографиялық зерттеу еңбектері жеке кітап болып басылып шықты. “Абайдың ақын шәкірттері” атты 4 кітаптан тұратын жинақ 1993-1997 ж. жарық көріп, оған Абай шәкірттері Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай, Көкбай, Уәйіс, Әріп, Әсет, Мұқа, Әубәкір, Иманбазар шығармалары мен олар туралы зерттеулер енді.

Абай сөздері көптеген жылдар бойы бұрмаланып жарияланғаны белгілі. Бұның бірнеше себептері бар: нақтылы шығарманың я көне қазақ сөздерінің контекстін білмеу, шығыс тілдерінен алынған сөздер, діни терминдерден үрку, кейде редакторларға түсініксіз сөздерді халық ұғынатын сөздерге еш ойланбастан ауыстыру. Абайдың 1909 жылы басылып шыққан алғашқы өлеңдер жинағынан бастап, 1921 жылы, 1922 жылы, 1933 жылы, 1948-1954 жылдардағы жарияланған өлеңдер жинағындағы туындыларында берілген түсініктерде қайшылық, қателіктер көп кездеседі. Осыны түзеп бірізге салуда ғалым көп еңбек сіңірді. Қ. Мұхамедханұлы үшін Абай шығармаларын жинау, оларды бастырудағы мәтін өзгешеліктерін зерттеу мен анықтаудың мәні үлкен болды. Ақын шығармаларының жазылу тарихы, қате басылып жүрген жеке сөздерді түпнұсқасына келтіру жұмысы көрнекті ғалым үшін аса жауапты болып, осы мәселені шұқшия зерделеуі ұзақ жылдарға созылды. Ғалым тарапынан 1909 жылы жарық көрген Абай жинағынан бастау алған Абай өлеңдерінің 1086 сөзіне түзету енгізілді. Ол осы игі іске ұзақ шығармашылық ғұмырын сарп етіп, 1954 және 1909 жылдары жарық көрген жинақты О. Уақбаев, М. Бікеұлы, Р. Жандыбаевтардың қолжазбаларымен салыстыра отырып, Абай өлеңдеріндегі бұрмаланған сөздерді салыстыра тексеру, текстологиялық зерттеу негізінде дәлелдей білді.

Қ. Мұхамедханұлы Абайдың барлық өлеңдері мен поэмаларына түсініктеме жазды, сонымен ойшыл-ақынның ерекше сөздерінің тазалығын сақтады. Сонымен бірге ол Абайдың 31 өлеңін нақтылап, ақынға тиесілігін анықтады, өйткені олар бұрын жоғалған я бұрыс аударылған деп саналып келген. Абайдың 3 поэмасының бірі «Әзім әңгімесі» туралы өз ойын білдіреді. Ғалым аталмыш туындының Абай қаламынан шықпағаны жайлы пікір айтты. Бұған бірнеше дәлелді пікірлер келтіріп, поэма Ырсайдың Ысқағы деген Абай айнала-сындағы ақындікі дейді [2, 77]. Бірақ, әлі күнге дейін бұл мәселеге үңіле назар аударып, зерттеген ғалымдар жоқ. Мұның өзі абайтануда алынбай жатқан белестердің мол екені мен Қ. Мұхамедханұлының ғылыми ой-тұжырымдарының терең де мағыналылығын білдіреді.

Ғалым Абайдың «Қансонарда», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Сегіз аяқ», «Сап-сап көңілім» т.б. көптеген өлеңдерінің текстологиясымен қатар кімге арналғаны, қайда шыққанының тарихын да нақтылы, тың тұжырымдар арқылы дәлелдей білді. Мысалы, Абайдың 1882 жылғы жазған «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деген өлеңінде:

*Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп,
Қанды көз қайқаң қағып шықса аспанға.
Көре тұра қалады қашқан түлкі,
Құтылмасын білген соң құр қашқанға – дейді.*

Осы жолдағы «көре» деген сөз өлеңнің мағынасын бұзып тұр. Бұл өлеңге берілген түсініктемеде «1909 ж. басылым бойынша алынды» деп түсініктеме берілген. Арабша жетік меңгерген ғалым араб әрібімен «Көре тұра қалады» – деп басылғанын дәлелдейді. Яғни дұрыс басылған сөзді зерттеушілер өздері бұрмалап жіберген. Қ. Мұхамедханұлы: «Ақын бұл арада аспанға шығып алып, шүйілген қыраннан құр қаша бүргенмен құтыла алмайтынын білген түлкінің жанын қорғау үшін қайрат қылмақ болып «көре», яғни керіліп тұра қалған жайын ақын дәл суреттеп отыр. Түлкі аңшыны көргенде тұра қалмайды қашады. Үстінен

төніп келген бүркіттен қашып құтыла алмайтын болған соң «кере» тұра қалады» [2, 12] деп дәлелдейді.

Қ. Мұхамедханұлы М. Әуезовтың қолдауымен 1939 жылдан бастап бүкіл ғұмырын Абай мұрасын, Абай мектебін, Абай шығармаларының текстологиясын зерттеуге арнаған ғалым. Оны келесі еңбектерден көруге болады: «Қазақ әдебиеті тарихындағы абайтану ғылымының келесі мәселесі», «Абайдың әдеби мектебі», Абайдың ұлы Ақылбайдың «Дағыстан», «Зұлыс», Мағауияның «Медғат-Қасым», «Еңлік – Кебек», Әубәкір мен Әріптің шығармашылық өміріне арналған шығармалары, Абай ақын шығармаларының текстологиясы, Абай шығармаларына ғылыми түсініктер, Абайдың жаңадан табылған өлеңдері, Абайдың ақын шәкірттерінің қатарына әдебиетші тұңғыш рет Ақылбай Абайұлы Құнанбаев, Мағауия Абайұлы Құнанбаев, Әсет Найманбаев, Әріп Тәңірбергенов, Көкбай Жанатаевтарды, ал диссертацияға қосымша ретінде Халиолла Өскенбаев, Кәкітай Ысқақұлы, Мұқамеджан Майбасаров, Бейсембай Жәнібеков, Баймағамбет Мырзаханов, Мұқа Әділхановтарды енгізді. Қайым Мұхамедханов Абайдың бұрын белгісіз болып келген 6 өлеңін тауып, 1945 жылғы жинаққа енгізді [3].

Текстолог ғалым алаш зиялыларының мұрасын тереңнен зерттеді, олардың еңбектерін латын, араб харпінен қазіргі қазақ тілі харпіне көшірді, ғылыми түсініктемелер жазды, еңбектері мен өмірбаяндарын баспаға әзірледі. Алаш зиялылары туралы алғашқы жарияланымдар, ғалым әзірлеген өмірбаяны мен еңбектері баспасөзде жарық көре бастады, соның бірі «Семей таңы» газеті.

Сонымен қатар әр кезде өз тарапынан «Абайға байланысты кейбір деректер» турасында мерзімді баспасөз беттерінде (Қазақ әдебиеті – 1955 жыл, 7 қараша, «Абай шығармаларының текстологиялық жайында» Жұлдыз – 1957 жыл, №10, «Абайдың кітабын тұңғыш басқан кім?» Қазақ әдебиеті – 1971 жыл, 2 маусым, «Түзетілгені қане?» «Түсініктері қайсы?» Қазақ әдебиеті – 1986 жыл, 10 қаңтар - «Абайдың бір өлеңі» Қазақ әдебиеті – 1986 жыл, 17 қаңтар, «Абайдың жарияланбаған өлеңдері» Қазақ әдебиеті – 1991 жыл, 10 желтоқсан, «Жаңадан табылған сегіз өлең жайында» Семей таңы – 1991 жыл, 3 желтоқсан. «Абай мұрасына абай болғанымыз жөн» Қазақ әдебиеті – 1991 жыл, 9 тамыз) сынды бірнеше мақалаларын жазды [4].

Қ. Мұхамедханұлы Шәкәрімнің текстологы болды. Шәкәрімнің ұлы Ахатпен бірге ақынның есімін ақтауда бар күш-жігерін аямады. 1958 жылы Мәскеуден Шәкәрімнің ақталғаны туралы анықтама келгеннен кейін, 30 жыл бойы Шәкәрім шығармашылығын ақтап алу үшін күресті. Сондай-ақ, ғалым Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларының текстологиялық жағынан дұрыс басылуына, өлеңдерінің хронологиялық дұрыс орналасуына арнап бірнеше мақала жазды. Сол мақалаларының өзі бүгінгі шәкәрімтану ғылымының жаңа белесінің тың парақтары болып ашылды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, Қайым Мұхамедханұлы өмір бойы Абай текстінің дәлдігін қадағалап, қолынан келгенше бір әріптің бұрмалануына жол бермеуге тырысты. Қазақ текстологиясының негізін қалаушы ғалым қазақ ақындарының құнды сөздерінің тазалығын сақтап қалу үшін күресті. Энциклопедиялық білім және текстологиялық талдау әдісін ерекше меңгеру, Абай, Шәкәрім, Бұхар жырау, Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Махамбет, алаш зиялыларының сөздерінің тазалығын сақтауға ықпалын тигізді. Қайым Мұхамедханұлының ақындар шығармаларының канондық негізін анықтау жолындағы еңбегі өлшеусіз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Сыздықова Р.Ф. Текстология мәселелері//Қазақ әдебиеті. – 1964. – 27 март.

Sızdıqova P.Ğ. Tekctologiya мәceleleri//Qazaq әdebieti. – 1964. – 27 mart.

2 Мұқамедханов Қ. «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» Қаз.Мем.КӘБ, 1959.

Muqamedxanov Q. «Abay şığarmalarınıñ tekctologiyacı jayında» Qaz.Mem.KĀB, 1959.

3 Джаркынбаева М.Б. Қайым Мұхаметханов – абайтанушы ғалым.–

<https://infourok.ru/ayim-mhamethanov-abaytanushi-alim-1073331.html>

Djarkynbaeva M.B. Qayym Muhamethanov - abaitanushy ǵalym. – <https://infourok.ru/ayim-mhamethanov-abaytanushi-alim-1073331.html>

4 Смағұлов А.Т. Қайым Мұхаметхановтың шығармашылық өмірбаяны: филол.ғ.д. ... диссер. авторефераты. – Алматы, 2007.

Smaǵulov A.T. Qayym Muxametxanovtiñ şıǵarmaşılıq ömirbayanı: filol.ǵ.d. ... diccer. avtoreferatı. – Almatı, 2007.

Материал 30.04.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 P. Syzdykova. Textology of questions // Kazakh literature. – 1974. – March 27.

2 K. Mukamedkhanov "On the tectology of Abai's works" Kaz.literary portal, 1959.

3 Jarkynbaeva M. B. Qayyum Muhamethanov-scientist-Abay.– <https://infourok.ru/ayim-mhamethanov-abaytanushi-alim-1073331.html>

4 Smagulov A.T. Creative biography of Kayum Mukhamedkhanov: Philol. n. d. ... disser. author's abstract-Moscow: Higher school, 2007.

Кайюм Мухамедханов – основатель науки текстологии

С.О. Сабыр¹, Г.К. Кажыбаева¹

¹Кокшетауский государственный университет им. Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

В статье рассматриваются исследования текстологии Абая видного ученого-абаевода Кайюм Мухамедханова. Описываются новые поиски в исследовании текстологии произведения великого поэта, истории издвания, написания наследия Абая, сборника песен Абая изданного Кайюм Мухамедхановым. Анализируются научные выводы и суждения абаеведения Кайюм Мухамедханова о взглядах видных казахских ученых.

В анализах приводятся отрывки из стихотворений, в которых были допущены ошибки. Текстолог делает обзор научных трудов Шакарима и Абая. Подробно описываются наставническое направление при основании абаеведения как науки и научное рассудительность К.Мухамедханова. Также в указанной статье затрагиваются формирование, история развития, теоретико-методические основы отстающей текстологии казахской литературы как науки.

Материал поступил в редакцию журнала 30.04.2020

Kayum Mukhamedkhanov – founder of textual science

S.O. Sabyr¹, G.K. Kazhibayeva¹

¹Sh. Ualikhanov Kokshetau State University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The article examines the studies of the textual criticism of Abai by the prominent scholar-Abaeologist Kayum Mukhamedkhanov. New searches in the study of the textual analysis of the works of the great poet, the history of publication, the writing of Abai's legacy, the collection of Abai's songs published by Kayum Mukhamedkhanov are described. Analyzed are the scientific conclusions and judgments of Abay studies Kayyum Mukhamedkhanov about the views of prominent Kazakh scientists.

The analyzes contain excerpts from poems in which mistakes were made. The textual critic reviews the scientific works of Shakarim and Abai. The mentoring direction at the foundation of Abay studies as a science and the scientific prudence of K. Mukhamedkhanov are described in

detail. Also, this article touches upon the formation, history of development, theoretical and methodological foundations of the lagging textual criticism of Kazakh literature as a science.

Материал поступил в редакцию журнала 30.04.2020

ӘӨЖ 801.3

Г. Сағидолда¹, Қ.Қ.Таймуллина²

¹ф.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0002-1797-8457>

²PhD докторант, Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0001-5582-9447>

ЕКІТІЛДІ АУДАРМА СӨЗДІКТЕРДІҢ МАКРОҚҰРЫЛЫМЫ

Сөздіктің негізгі құрылымы макроқұрылым мен микроқұрылымнан тұрады. Сөздіктің құрылымын бұлайша жіктеп, оларға қатысты мәселелерді толығырақ талдап көрсету сөздік жасау ісін жеңілдетіп, сапасын жақсартуға септігін тигізеді.

Мақалада екітілді аударма сөздіктердің макроқұрылымына талдау жасалады. Сөздіктің макроқұрылымының негізгі қызметі жайлы сөз етіледі. Макроқұрылым – сөздіктің мұқабасынан соңғы бетіне дейінгі аралықтағы әрбір элементтің жиынтығы. Сондай-ақ, корпусы ұйымдастыруға қатысты алфавиттік және семантикалық тәсілдер қарастырылады. Сөздіктердің макроқұрылымы мен лексикографиялық міндеттерін ұйымдастыру тәсілдерінің арасындағы тікелей байланыс туралы айтылады. Сонымен қатар, құрастырушылардың көбісі корпусы таңдауда бастапқы-алфавиттік тәсілді пайдаланатыны, ал семантикалық тәсілді таңдаған кезде сөздікті алфавиттік нұсқағышпен (индекспен) толықтыратыны туралы тұжырым жасалады.

Түйін сөздер: сөздіктің макроқұрылымы, екітілді сөздіктер, сөздік мақала, сөздік ұя, лемма, алфавиттік тәсіл, семантикалық тәсіл.

КІРІСПЕ

Сөздіктің макроқұрылымы – сөздіктің жалпы құрылымы мен түрлі лексикалық бірліктердің берілу сипаты. Макроқұрылымға сөздіктің оны құрайтын ішкі байланыстарынан тұратын өзіндік жүйе ретіндегі жалпы мәселелері жатады. Макроқұрылымдық ерекшеліктер құрамына оның адресаты, нысаны, көлемі, материалдың берілу тәсілі, материалды жинау ерекшеліктері, материалды сұрыптап алу ұстанымдары, лексикографиялық параметрлер құрамы, т.б. ақпарат кіреді.

Сөздіктің макроқұрылымының негізгі қызметі, басты белгісі – сөздікте сөздік мақалалардың орналасу реті, сөздік мақалалардың орналасу ретінің сөздіктегі ұйымдастыру реті болып табылады. Яғни, сөздік мақаланың ішкі құрылымын ішкі құрылым деп есептесек, ал сол дайын сөздік мақалалардың тұтас сөздікті құрау үшін үйлесімді орналасуы тікелей оның макроқұрылымына байланысты.

Әлемдік лексикография мен терминографияға қатысты еңбектерде сөздіктердің жалпы құрылымын макроқұрылым деп атаса, микроқұрылымды ішкі құрылым деп атайды. Қазақ лексикографиясын зерттеуші ғалым М.Малбақов та өз еңбегінде микроқұрылымды «ішкі құрылымдық атаулар» деп қолданады [1, 42].

Лексикограф-теоретиктердің пікірі бойынша макроқұрылымның ажырамас бөлігін материалдар жинау, дәлірек айтқанда, материалдарды іріктеу принциптері құрайды. Материалды жинау міндеті – таңдалған зерттеу әдістерін қатаң түрде орындау және сөздікке

қажетті ақпаратты шектеу. Дегенмен, сөздікке енгізуге арналған сөздерді іріктеудің объективті, универсалды критерийлері жоқ екені белгілі. В.В.Дубчинскийдің пікірі бойынша, осы контексте лексикограф үшін негізгі ереже, ең алдымен, осы тілдік ұжымдағы лексеманың функционалдық рөлін басшылыққа алу [2, 62].

Құрылымдық лингвистикада тіл – иерархиялық жүйе, бұл сөздікте тек қана сөздерді емес, сонымен қатар жеке графемаларды, морфемаларды, сөз тіркестерін және сөйлемдерді пайдалануға құқық береді. Бұл өз кезегінде сөздіктің макроқұрылымында лексикалық бірліктерді ұйымдастырудың үш тәсілін білдіреді: алфавиттік, тақырыптық (семантикалық) және морфемдік.

Морфемдік тәсіл лингвистер үшін ғана ерекше қызығушылық тудырады және екітілді сөздіктерде кездеспейді. Сондықтан біз мақаламызда алфавиттік және тақырыптық тәсілдерге тоқталамыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Алфавит реті бойынша сөздік мақалаларды орналастыру сөздіктерді қолданушылардың қолданыс ыңғайына, қажетті сөздерді алфавит бойынша тез табуға бейімделген. Бұл негізінен лексикографиялық аударма сөздіктерге тән ерекшелік болып табылады. Себебі, бұл орналастыру тәсілінің өзі алғашқы рет лексикографияда қолданылған, қалыптасқан.

Бүгінгі таңдағы лексикографиядағы аударма сөздіктерді түзуде сөздік мақалалар мен сөзтізбелерді орналастыратын бірден-бір тәсіл – осы алфавиттік рет бойынша беру болып табылады.

Екі тілді лексикография үшін алфавиттік тәртіптің екі түрі тән: бастапқы - алфавиттік, немесе тура, яғни алфавит реті бойынша беру және алфавиттік, немесе кері алфавит реті бойынша орналастыру. Соңғы әріптерін негізге ала отырып, соңғы әріптерін алфавит бойынша орналастыру тәсілін – кері алфавит реті бойынша орналастыру тәсілі деп атауға болады. Бұл жөнінде С.В.Гривнев: «Алфавит тәртібі бойынша орналастыру тәсілінің түрліше қолданылуына лексемалардың кері алфавиттік орналасу тәртібін жатқызуға болады. Бұл тәсіл бойынша лексемалар соңғы әріптеріне қарай алфавит бойынша орналастырылады. Бұл жалпы, лексикографияда қолданылады» деп көрсетеді [3, 34].

Алфавит көмегімен екітілді аударма сөздіктің макроқұрылымын жасаудың екі тәсілі бар: әріптік және сөзбе-сөз. Аталмыш тәсілдер арасындағы айырмашылықты күрделі сөздік бірліктерімен жағдайда көрнекі түрде байқауға болады. Әріптік тәсіл кезінде сөздік құрастырушысы күрделі сөздің бөліктерін ажырататын аралықты ескермей, сөздік мақалаларын тек сөздердің жігіндегі соңғы және бірінші әріптерін есепке ала отырып қана құрастырады, ал сөзбе-сөз тәсілінде аралық үнемі әріптің алдында тұрады, сөйтіп, бөлек жазылатын күрделі сөздік бірліктері сөздік мақаласында бірге жазылатын сөздік бірліктерінің алдында орналасады. Әріптік тәсіл сөздік корпусында леммаларды және сөздік мақаласының мәтінде лексикалық бірліктерді орналастыру бойынша лексикографтардың міндеттерін оңайлатады және адресатқа қажетті лемманы жедел табуға мүмкіндік береді.

Лемма – әлемдік лексикография тәжірибесінде қолданыста бар терминдердің бірі. Белгілі лексикограф Л.Згуста: «Лемма дегеніміз – сөздік мақалада сипатталатын сөздік бірліктің тұлғасы, тілдік жүйедегі орны мен қызметі нұсқалатын бөлік» деп атайды [4, 82]. Сонымен бірге, бұл тәсіл байланысты леммаларды біршама еркін тәртіпте орналастыруға мәжбүрлейді. Бұл ретте сөздік пайдаланушысы қарастырылатын пәндік сала туралы біртұтас ұғым қалыптастыру мүмкіндігінен айырылады, ал бұл мәтінді және аударманы түсінуге кері ықпал етуі мүмкін. Сөзбе-сөз тәсілде байланысты леммалардың реттілігі аталмыш реттілікпен морфологиялық және семантикалық жағынан байланысы жоқ бір немесе бірнеше леммамен түзілуі мүмкін емес. Осының арқасында сөздік пайдаланушысы негізгі түсінік пен оның туындылары арасындағы құрылымдық және мағыналық қатынастары туралы біртұтас ұғым қалыптастыра алады. Бұл шет тілін үйренушілер үшін екітілді сөздіктің анықтамалық

құрал ретінде мәнін арттыра түседі. Сөздік макроқұрылымының сөзбе-сөз ұйымдастырылуы, әріптік тәсілге қарағанда, елеулі артықшылықтарға ие, әсіресе екітілді аударма сөздіктер үшін, өйткені ол лексикалық ассоциациялар құру процесін жеңілдетеді. Екітілді аударма сөздік макроқұрылымында сөзбе-сөз тәсілді таңдай отырып, лексикограф сөзтізбеде вокабулаларды орналастыру үшін ұялау әдісін пайдалануы мүмкін. Ұялау әдісінен бас тартқан жағдайда, әр лексикалық бірлік өз алдына бөлек лемма болып табылады, ал сөздік ұя сөздіктің корпусында бір параграфты құрайды.

